



Дәмелі
ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

Із

След



Құсайынқызы

Құсайынқызы

Құсайынқызы

Құсайынқызы

Әтін адам дарынды болмай,

әлсіз де дарынға кедәй болмас,
тәжірибесің әлсінге деген көзқар
ағарған,

әлімі болып алады әлсін,
қос қолыңа қарап деген дейді

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.

Әлемдегі ең тәжірибелі адамдар
- Бұл кісілердің бірі.



Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

Тегін адам дарынды болмайды

Қай-қай халық да дарынға кедей болмас.
Сөйте тұра қазақтардың өлеңге деген көзқарасы мүлдем өзгеше.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең! – дейді Абай.

Данышпанымыздың бұл сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Бүкіл қазақ осылай ойлайды. Ойлап қана қоймайды, сенеді де соған. Басқа мәселелерде бір жерден шықпаса да, бүкіл қазақтың өлең туралы ойы бір, пікірі ортақ. Мұны өзіміз ғана, біздермен көршілес, іргелес тұратын етене жақын халық өкілдері ғана емес, келіп-кеткен қонақтардың өзі тап осылай деп қабылдайды.

Сүйсіне айтып жүреді. Қазақ жерінде біраз жыл айдауда болған поляк азаматы Адольф Янушкевич еліне оралғаннан кейін далалықтардың өнеріне, сөз өнеріне деген ыстық ықыласына, махабатына әбден тәнті болып, «Дневник и письма из путешествия по казахским степям» деген кітабында соншалықты сүйсініспен ақтарыла жазады.

Аяқ-асты суырып салып, өлеңмен айтысқан қазақ ақындарының бір емес, бірнеше мәрте куәсі болған айдауда жүрген поляк азаматы өзіне-өзі сенбейді. Қолына қалам ұстап, өзімен өзі оңаша қалғанда қинала-қинала әрең жазатын.

Еуропа ақындарымен салыстырып, жабайылау жапан дала өкілдері жайында «Эти спетные Демосфены, эти степные Цицироны» деп әбден таңқалады. Рас, Янушкевичтің бұл сөздері айтқанына екі ғасырға жуық уақыт өтті. Аз уақыт емес! Оның бер жағында қазақтар көрместі көріп, бір емес, бірнеше қоғамдық формацияны бастан кешірді. Бірақ өлеңге, өнерге деген ықылас әлі сол күйінде деуге болады. Бұрынғы Кеңес дәуірінің ақындарына арнайы қаламақы төлеп, мол-мол тиражбен басып шығаратынды.

Енді заман басқа, заң басқа демекші, не жазсаң, соны жариялауға мүмкіндік туды. Былғары етікті қолпылдатып киіп, қонышынан басады. Этсе де, қаржы өзімдікі деп не болса соны үлгілі елге ұсына беруге бола ма? Одан өлеңнің қадірі қала ма? Ондай жыр кітаптарына мен емес, Махамбет пен Абай алғысөз жазса да елдің бетін бері қарата алмайды ғой деп ойлаймын. Ал Дәмелінің жөні бөлектеу. Ол өнер үшін туған адам. Рас кейде сегіз қырлы, бір сырлы қабілетті кісілердің өзі қаптаған көп өнердің арасында да адасып жүреді. Айналаға алаңдамай, тура жыр жолына түскенше, шаң жұтпай жүйріктер тобына еркін кірер ме еді, қайтер еді. Әйтсе де, игіліктің ерте-кеші жоқ. Қазір де абыройсыз бола қоймас деп ойлаймын!



Қадыр МЫРЗА ӘЛІ.

АВТОРДАН

Қымбатты оқырман, бұрынғы шығарған «Әке» деген кітабым өзімде қалмаған екен. Сол кітаптағы әкеме арнап шығарған өлеңдерімді мына кітапқа енгізуге мәжбүрмін. Әкеге деген перзенттік махаббатым мені ылғи да алға жылжуыма, өзімді қайрап отыруыма, белгілі бір мақсатқа ұмтылуыма себепші болғандықтан, осы өнердің қыр соңынан қалмай, өзімді жұбатып, ширатып, сол өнерді ақыр соңында республикаға дейін жеткізіп, дәлелдемекші болғаным өзіме де, өзім жүрген ортаға да аян. Сондықтан, менімен тілектес, өнерді қолдаған, сол қолөнердің, сөзөнерінің жарыққа шығуына қол ұшын берген, ертелі кеш барлығына куә болып жүрген жандардың менің мақалаларыма, хаттарыма есімдері іліккен адамдардың да, өнерге жанкүйер болғандарының арқасында ғана осы деңгейге жеттім деп ойлаймын. Бұл кітапқа, бұрынғы кітаптарыма ілікпей қалған мақалаларымды оқып отырсам, кезінде менімен бірге сол өнерге қол ұшын беріп, куә болған біраз адамдар бар екен. Ертең олардың да қартаяры сөзсіз. Егер осы кітабым қолдарына тие қалған күнде өздерінің де кезінде не тындырғандарын, олардың өздері болмаса ұрпақтары оқыр деген оймен кіргізіп отырмын. Менің 70 жасқа толуымды Ақсай, Орал, Сырым аудандарынан келген өнер жанкүйерлері болып әдемі тойлады. Қонақ қонақ әрқайсысы әр жерде жүрсе де, өздерінің жүрекжардылығыстарымен келіп, бірталай еңбектері сіңді. Жақын-жаран құда-ақша шүкір, баршылық қой. Бірақ, оларды қозғамай тек шығармашылық адамдары ғана атап өттік. Сол қонақтардың маған арнаған жүрекжарды тілектерін де осы кітапқа кіргізіп отырмын. Бәрінің айтары өнер жайы болғанымен, сол тілектер арқылы өздерінің де ой-өрістерін, хаттары мен өздерінің де қоғамға сіңірген еңбегінің көрінісі деп түсінгендеріңіз дұрыс. Шынымды айтсам, төртінші кітапты қосқанда, Ақсайға келіп тіккен төрт киіз үйім де менің ішімнен шыққан «ала жыландар», өзіме бәрі де ыстық. Республикадан шыққан газет журналдарға бір рет болса да шығып жарық көргеніне қуаныштымын. Ол газет журналдар: «Аргументы и факты» (2007 ж.), «Қазақ әдебиеті» (2006 ж.), «Егемен Қазақстан» (2005 ж.), «Учитель Казахстана» (1990 ж.), «Қазақстан мұғалімі» (1990 ж.), «Қазақстан әйелдері» (2009 ж.), бірінші-екінші санында. «Қазақстан музейлері» (2004 ж.), «Парасат» (2007 ж.), газет «Азаттық» (2009 ж.) Орынбордан шығатын «Айқап» журналына 2003 жыл. «Девятая территория мира» 2007 жыл, 27 серияда. Сирек те болса, облыстық газеттен, Бәрлі, Сырым аудандарында

тұрақты шығып тұрады. Осының бәрі, жетпістен асқан жасыма қарамай, өжеттікпен өмірге келген жұмыс. Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Ақсай, Сырым елінің мұражайларына тапсырған бейнетаспаларымды мұражай қызметкерлері оригиналын өздеріне көшіріп алып қойып, видеодағы менің қолөнеріме төккен еңбегімді ұрпаққа көрсетіп отырса, біраз үйренері бар еңбектің пайдасы тиер еді. Ұрпақ жаңғырығы мұражайда сақтау ғана емес, халыққа насихаттау, жарнамалау болу керек.

Төрт кітапқа енген өлеңдерімді жинақтап бір кітапқа енгізу мақсатым бар. Тірлік болса, өлеңдер жинағын шығару болашақтың жоспары. Өзім үлгере алмасам ол жағын ұрпақтарға аманаттаймын. Өлеңдерімнің айтары мол. Тақырыбы да сан алуан. Сіздерге айтарым, қымбатты оқырман, бұл еңбектер әдейі институт бітірген дипломды жазушы емес, қарапайым отбасынан ұзамаған он балалы ананың еңбегі, өсиеті деп қабылдаған жөн. Ел билеу-басқару кезкелген адамдардың қолынан келе бермейтін жұмыс. Төбесінен күннің нұры жарқырап тұрған, табанының астында жер-ана деп аталатын киелі жер анасы бар адамзаттың бәрі бақытты, тек соғыс болмасын. Өмірге ұрпақ әкелетін қыздарыма ізденген адам бақытты бола алады дегім келеді. Мен бақытты анамын.

Әкенің рухымен сырласу

Бапа, сезесің бе, мен сені қатты жоқтадым ғой. Өмірде нендей мақсаттарға жете алмасам, сенің аялы алақаныңмен камқорлығыңның жетпегені деп ойлаймын. Мен сені көзіме елестете алмаймын, өйткені сен 1941 жылы соғысқа кеткен болдың. Мен ол кезде бар болғаны төрт жасқа толмаған болып тұрмын. Анам төрт қызбаламен, бесінші қызы іште қалған болып тұр. Әлібек дейтін ата әкесі соғыстан аман оралсын деп іште қалған баланың атын Аманжол қойды деп отырғаны есімде қалыпты.

Анам бесеуімізді өлтіріп алмай, қалай баққанына таңым бар. Мамам демек, әке орнына әке, ана орнына ана болып сіздердің атқаратын істеріңді екі үш есе еңбегімен атқармаса бізді жеткізе алмаған болар еді. Мен мамамның үйде әйел құсап жүргенін көзіме елестете алмаймын. Тіпті, әйелдерше қандай көйлек киіп жүргенін де көзіме елестете алмаймын. Есім кіргеннен бізді "балабақша" дейді, бір әжеге қалдырып кететін де, колхоздың жұмысында жүретін. Әлгі әже әйтеуір ботқа пісіріп беретін. Отырғыш, стол атымен жоқ. Киізде отыратыным есімде. Әлі оқымаған кезім болу керек, менің төрт бұрышты конверт ұстағаным есімде қалған.

Өткен 2004 жылы "Боздақтар" деген кітаптан сенің Орлов облысы, Колпьянск ауданы, Остров ауылында 1943 жылы ақпан айында жерленгенің туралы мәлімет алдық. Соған дейін әр кезде, әсіресе, Жеңіс күні таялғанда шырқырап жоқтап жүрдім. Әрине, көз жасым көкірегіме құйылып жатты. Соғыстан бұрын мамам екеуіңіз Орынбор облысында тұрыпсыңдар. Соғыс басталмас бұрын Жаңғазы, Жуымбай деген аталары-мыз сіздерді елге көшіріп әкеліпті. Осы күні ойлаймын. Осы аталарымыз қандай керемет адамдар болған деп. Осы соғыс кезіндегі ауылда сендердің күректеріңді ұстап қалған аналарымыз жеңісті жақындату үшін ер адамдарша еңбек етпесе бұл дәуренді біздердің көруіміз екі талай еді ғой.

Мамам да ақпан айында 1999 жылы 89 жасында көз жұмды. Мамам бізге босандық көрсеткен жоқ. Қыста ер адамша киініп алып, бел шешпей еңбек етті. Еңбек озаты атанды. Жылда мадақталып, еңбек ақыдан тыс бір мал алып отырды. Сол малды базарға жіберіп, біздің иығымызды бүтіндеп отыратын. Мен онжылдықты 18 жасқа толмай бітірдім. Қыйбат

менен екі жас үлкен еді, ол жиырма жасында 10 класты бітірді. Мен 7 класты толық қысы-жызы оқи алмадым. Тек күзде және көктемде жылы кезде ғана мектепке барып, ұстаздардың алдынан өтетінмін. Қыйбат апам екеуіміз бір класта оқыдық та, тапсырманы содан көшіріп, кластан класқа көшіп отырдым. Әйтеуір, сабаққа жақсы болған болуым керек. мал фермасы орталықтан 6-7 шақырым болатын. Әлде қалай қыста ферманың ұл-қыздарымен таң қараңғысында тұрғызып мамаларымыз жұмысқа, біз мектепке жұқалтаң киіммен бірде жүгіріп отырып, біз мектепке барған мектеп әлі тастай қараңғы, орталықтағы балалар бізден әлдеқайда кеш келетіні есімде қалғаны. Тек Бұлдырты орта мектебіне 8-9-10 класты оқуға барғанда, қысы-жазы оқыған болармын. Үйге баруға көлік жоқ. Ауылда машина жоқ, ауылдың алыстағы 50-60-70 шақырымға дейін барады.

Бір күні түнгі онда шығып ауылға жаяу таң ертең азар жеттік. Екі күн өкшем күлбіреп кеткен, орнымнан қозғала алмадым. Әкесі барлары балаларын алып кетіп жатады. Бізге ол дәурен қайда. Ойлап отырсам мен он жасқа жетпей-ақ үйде от жағып, бидай тартып, нан көміп, тары қуырып, оны ақтап, қаралап, мамам жұмыстан келгенше тамақ әзірлеп отыратынын. Мамам сауыншы болды ғой.

Көп балалы деп бізге аздап болса да колхоз астық беріп тұрады. Оны мен оқсатып отырамын. Қар керемет қалың жауған жылдары үйді төбесімен бірдей етіп басып қалатын. Қашан мамам мал жайғап келгенше тастай қараңғы үйде отыратынбыз. Мамам етпеттеп жатып, терезені қолымен тырналап ашқанда көзіміз жарқ ете түсетін. Ол әр қыста қайталанатын. Осы күні таңғалам. Осынша жоқшылық кезінде ауылда ешкім қайыр сұрамайтын. Бір башқұрт кемпір кей жылдары қайыр сұрап келсе соны қызық көріп барлық балалар үйден бірдеңе жасырып беретінбіз. Өзімізге жетпей отырса да жомарт болған екенбіз. Ал жазда жайлауға көшкен сауыншылар жаз бойы ет көрмейтін, еңбек сұрап орталыққа бармайтын. Тіпті басшыларды құдайдай санап, олардың алдарына баруға ұялатын. Көйлектері жыртылып қалса жамау жапсырады, әлгі жамау тағы жыртылып қалады, Оның үстіне тағы жамау жапсыратын. Сонда да сол аналар мойымайтын. Бастары қосылса соғыстағы жолдастарын, ағаларын әнге қосып, өлең айтатын. Мен де оларға қосылып, бапекелеп өлеңге қосыламын. Сол кездегі аналар осы күні ойлап отырсам тіпті жап-жас екен ғой. Өзінен жасы үлкен әйелдерді мамам шешей дейтін. Қазіргі

күйеуге шықпай қалған қыздардың жасында олар бастарына ақ салғасын шеше атанған екен ғой, байғұстар. Жаз бойы ет көрмейтін дейтінімі, қой-ешкі, артық мал деген болмайтын. Жалғыз сиырдың өзіне салық салып жылына 2 кг майды үкіметке тапсыруды әр ошақ басына міндеттейтін. Жаз бойы сиырдың сүтінен ірімшік қайнатып жеп күн көретін. Осы күні таңғалатыным соның өзінде жоқ, жетпей жатыр деп айтпайтын. Осы айтып отырғаным соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдардағы көріністер еді. Осындай мұқтаждық жылдары көрші отырған әйелдер бір-бірінің тауығын да ұрлап жеп көрген емес, қандай тазалық десеңші. Соғыс кезінде елді жасы асқан аталар мен әйелдер басқарды.

Үйінен қандай да бір ер адам шыққан үйді ең бақытты үй деп, ондық шам жағып, темір кроватьтың үстінде төрт көпшік жинаулы тұрған үйді байдың үйі дейтін.

Жаз жайлауда онға толған біздердің елеусіз еңбегіміз шаш етекпен болатын. Мамам озат сауыншы болды, мені аяма, таң бозара өзі сиыр саууға кеткенде таңғы сиыр идірісуге оятпайды, түсте кешке міндетті түрде сиырды идіріп, екінші, үшінші идірімін мен сауысам, бұзау бағысамыз, машина тартып, жуысамыз. Ең қиыны шыжып тұрған тал түсте сиыр идірісіп мамаларымызға көмектесеміз. Оқуға барысымен қолымызға қол орақ беріп, мектеп оқушыларын астық ораққа егіс басына алып кетеді де, барлығымызды кеуіп тұрған мал қораға, астымызға салам салып жатқызады. Мектепке қи жағатын. Ұстаздар жазда қи ояды, оқушылар оны тасып, қораға кіргізеді. Қайта жаз шыққасын оннан астың ба, сен енді үлкенсің дейді де, колхоздың малына қысқы шөп дайындауға алып кетеді. Косилка шөп шабатын екі дөңгелекті, бір орақты машина төрт өгіз жегіп шөп шабуға шығамыз. Гравля дейді үлкен екі дөңгелекті шөп жинайтын тістері бар, екі өгіз жегіп шапқан шөпті жинаймыз. Бригадир Кенесарин Шөкен атамыз таң бозара оятады, өйткені, күн ысып кетпей өндіріп шөп шабу керек. Сондағы бізді қинайтын таңғы ұйқы болатын.

Колхозда қанша еңбек етсең де, қолыңа көк тиын ұстатпайды. Қанша еңбек күн жасадың, соны есептеп жыл аяғында тек күніңді көретін ғана астық-сулық береді, қалғаны соғыс кезінде қан майданға, соғыстан кейін қираған қалаларды қалпына келтіру үшін үкіметтің қамбасына жөнелтеді. Тіпті сиырдың сүтін, майын, қаймағын айырғасын, абрат дейді ғой, соны қазан-қазан пісіріп, айран қылып ұйытып, әдейі даладағы

шөпті шауып, пішен үйіп жатқандарға айраншы шығарып, далаға жұмыс басына жеткіздіреді.

7-8,10 шақты шақырымға жеткенше ол айран ашып, жылып, сапасын түсірсе де сол айранды далада ішкенде маңдайымыздан тер бұрқ ете түсетін. (Өйткені, таңертең жұмысқа аш шығамыз ғой. Түсте сорпа, бірінші, екінші дегендер жоқ, бір кесе тары, не талқан береді. Соны қара шайға салып ішіп, жұмысқа қайта шығып, қас қарая оралатынбыз. Міне, біздің балалық шақта көрген күніміз. Ол кездегі басқармалар салт атпен, тарантаспен жүретін. Машина атымен жоқ. Менің есімде қалғаны 1956 жылы болатын. Елеуғалиев Мәулет деген басқарма ағай «Запорожец» дейді қазір, соғыс ардагерлеріне беріліп жатыр ғой, сол машинаға алғаш отырған басқарама болатын.


Ауданнан уәкіл келіп, мамаларымызды бидайықтай қуыратын. Сиырды сүт шығару үшін түнде жайғызатын. Осы күні ойлап отырсам, осы көрген қиындықтардың барлығы жеңісті жақындатқан екен ғой. Әбден соғыс біткесін, біраздан кейін Жалит атамды, Тоғызбай атамды, Көзеев Баймұқанды алдарынан жаяулап шығып, жылап-еңіреп қарсылап алдық. Көзеев Баймұқан кеудесі сары ала орден, медальдарға толы. Офицер дейді. Сол ағалар мен аталар елге келгесін де тынымсыз еңбек етті. Соғыстан сендер қайтпадыңдар. Өткен жылға дейін алаңдап, күтіп жүрдім, мүмкін шет елге тиетіп жіберді ме, бір жерден шығып қалар деп. Үмітім әбден үзілгенде, сүйегің Ресейде жатқанын мен ғана білдім ғой, бапа. Мамам да, Қыйбат та, Аманжол да, болымсыз зейнетақымен о дүниелік болды. Мария апам ертерек бақи болған. Кәмелетке толмаған Мария апам өгіз шанаға отырып, қыста шөп тасыды. Таң қараңғысында кетіп, қас қарая шөпті оншақты шақырым жерден таситын. Суық өтіп кеткен болатын. Мария апам да тым бауырмал еді. Сені шырқырап көп іздеді. Сенің туған апаң Сәлима апамды іздеп тапқан болатын. Біздердің өлмей қалған себебіміз қарнымыз ашқанда қымыздық, жуа жейтінбіз, айранға турап, қала берді шөптің түбіндегі жұмсағын, мия со-рып, мектепке бара жатқанда, келе жатқанда жүрек жалғай-тынбыз. Бапа, саған айтып, ішімді ортайтып, сенің рухыңмен сырласқым келіп кетті.

Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын. Жеңістің 65 жылдығы да келіп жетті. Сол тойды тойлауға жеткізгей.



Бұла өнердің өрісті жолы

Ғасырлар бойы аттың жалында, атанның қомында көшпелі тұрмыс кешкен халқымыз жасаған дала өркениетінің бірегей ғажайып үлгісі – киелі қолөнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі замандарға жетіп отыр. Ағаштан түйін түйген шеберлер, асыл тастардан маржан тізіп, темірді төске салған зергерлер мен ұсталар, өрімші-тоқымашылар талай жұртты тамсандырған хас



өнеріміздің қайталанбас өнегелі өкілдері болатын. Сондай өнерлі жандардың бірі, ескіден қалған көз, алтынның сынығы деп айтсақ жарасатын, бір өзі сан өнерді тал бойына жинаған белгілі ісмер, ақын, айтыскер, домбырашы-сазгер Дәмелі апа Құсайынқызы туралы тарқата айтар әңгіме көп. Ана бір жылдары сол асыл өнеріміз ешкімге керексіздей көрініп, естен шыға бастап, жұрттың дүкендегі дайын дүниеге зейіні ауып, әйел атаулы жіп иіріп, ине сабақтауды ұмытқан шақта, бір өзі шалғайдағы ауыл мектебінде іскерлік мектепті жаңғыртқан еді.

Бүгінде 70-тен асып, мәуелі бәйтеректің отанасына, данагөй әжесіне айналған Дәмелі Құсайынқызы саналы ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған жан, он бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

Дәмелі Құсайынқызы 1938 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы (қазіргі Сырым ауданы), Жосалы ауылында дүниеге келген. Аяулы әкесі Құсайын Есенбаев 1941 жылы майданға аттанғанда ол төрт жасар бала екен. Майдангер сол кеткеннен хабар-ошарсыз кеткен, артында жары Бәтіш бес қызбен шырылдап қала берген. Соғысқа кеткен жарының бір хабарын күте-күте көзі талған кейуана колхоз жұмысында таңның атысы, күннің батысы бел шешпей еңбек етіп, тірнектей жүріп, қыздарын құтты ұясына қондырған, сөйтіп, 89 жасында көз жұмыпты. Соғыстың сұрапыл жылдары мен одан кейінгі мойынға түскен ауыртпалықтың салмағын қайыспай арқалаған Дәмелі 1956 жылы Бұлдырты орта мектебін тәмамдап, одан әрі оқуын жалғастыруға тұрмыстың жағдайы келмей, еңбекке араласып, отыз екі жыл мектепте қол

еңбегінен сабақ беріп, 1988 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Жарты ғасырдан астам жарасымды тұрмыс кешкен отағасы Шапай Қажығалиұлы да ұлағатты ұстаз атанған, ауыл-елге сыйлы, зиялы адам еді, 2007 жылы өмірден озып, бақилық болды.

«Ана көрген тон пішер...» дегендей, қолы ұсынықты әжесі мен анасынан жастайынан үйренген киелі қолөнері Дәмелінің бүкіл өміріне азық болды, халыққа танытты, талай бәйгеде атағын шығарды. Мектепте оқушыларын жинап алып, ою ойып, киіз-текемет басты, сырмақ жасап, киіз үйдің бүкіл ішкі-тысқы ою-өрнектерін тікті. Оның қолынан шыққан жасанған киіз үй Мәскеуде Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде зиялы орыс жұртын тамсандырды. Сырым Датұлы бабамыздың 250 жылдығына арналған Алматыдағы мерейтойға да киіз үйін жасаулап тікті. 1990 жылғы Наурыз мейрамында Жымпитыда тігілген Дәмелі апаның ұлттық нақышпен безендірілген киіз үйі мереке сәнін келтірді. 1998 жылы Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервис» мекемесі қолқалап алған киіз үй кәсіпорынның шеттен келген қонақтарға әспеттеп көрсетер дүниесі болды. 2003 жылы Елбасына арнап сегіз қанат киіз үйді тікті. Бүгінде ұлттық нақышпен әдіптеліп, көздің жауын алған бұл киіз үй Астанадағы Президенттік мәдениет орталығының құнды жәдігеріне айналды. Апайдың ұстаздық еткен жылдары мектеп оқушыларымен бірігіп жасаған үй бұйымдары, ұлттық киімдері, өрнекті белбеулері де өз алдына бір төбе.

Шебердің 40 жылғы шығармашылық қызметі туралы 2009 жылы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында көлемді мақала жарияланды және «Қазақтың киіз үй жиһаздары», «Киіз үйдің құрылысы», «Өнер өрге апарады» деген танымдық материалдары басылды. Ғафу Қайырбеков атындағы киностудия түсірген Қазақстанға арналған «Әлемнің тоғызыншы аймағы» атты көп сериялы деректі фильмнің 27-сериясында да шебердің осынау елеулі еңбегі лайықты көрініс тапты.

*«...Он балалы болғасын батыр дейді,
Өлең жазып жүргесін ақын дейді,
Жас кезімнен оюмен айналысам,
Халқым мені өнерге жақын дейді,
Кейде менің кеудемді ән кернейді,
Шабыт қысса, ырқыма әл келмейді,*

*Өзім жазған өлеңге ән шығарам,
Оны білген ағайын сазгер дейді...», -*

деп, өзі жырлағандай, сан өнерді өміріне серік еткен, адамгершіл асыл қасиеттерді ұлықтаған, көкірегі ояу, жан жүрегімен айналасына шуақ шашқан мейірімді асыл ана Дәмелі ақынның өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарияланумен қатар, Орынбор қаласында «Әке» (2003), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрлетеді» (2007) деген кітаптары жарыққа шықты. Алғашқы кітабына кезінде алғысөз жазып лебізімізді білдірген едік. Сонда айтқанымыздай, оның әр кітабындағы жырларынан дүниеге ғашық көзбен, іңкәрлікпен қарайтын ана жүрегінің лүпілін аңғаруға болады. Өз өлеңдеріне саз шығарып, домбыра үніне қосып, ән салатын, ақындар айтыстарына, «Ақ жаулықты әжелер» байқауларына қатысып бағын сынаған ақын апамыз аналық үлкен жүрекпен сыршыл сезімін жырға бөлейді. Дәмелі шығармашылығының ерекшелігі – тәлімдік өнегелілігі, негізгі арқауы – туған жер, Отан, ұлт тағдыры, адамгершіл асыл дәстүрлер. Ақын қоғамымыздың жаңа үрдістеріне үн қоса отырып, жақсылығына қуанады, ұлтымыздың белгілі тұлғаларының азаматтық келбетін жырға қосады, кірбің түсіретін көлеңкелі көріністерге жүрегі ауырады.

Өткен жылы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының мұрындық болуымен Бөрлі ауданындағы Ақсай қаласында Дәмелі Құсайынқызының 70 жасқа толуы мерейтойы қошеметпен өнер мерекесі ретінде кеңінен аталып өтті. Сондықтан да Дәмелі Құсайынқызының ұсынып отырған жаңа кітабы соңғы жылдардың белесіндегі шығармашылық еңбегінің қорытындысы іспетті. Оның үстіне, биыл еліміз және бұрынғы кеңістік елдері, Ұлы Жеңістің 65 жылдығын атап өткелі отыр. 2004 жылы шыққан майдан даласынан оралмаған ерлерге арналған «Боздақтар» атты жинақта әкесі Құсайын Есенбаевтың 1943 жылы ақпан айында Орел облысы Колпьянск ауданы, Остров селосында жерленгені туралы көптен күткен хабар алған Дәмелі апа майдангер әкесіне дастан шығарып, перзенттік ескерткіш орнатып отыр. Ақынның осы жаңа шығармасы да жаңа кітаптан орын алған.

Бұдан басқа, кітапта өнерпаздың қолөнері шығармаларынан хабар беретін мақалалар, ақын жөнінде лебіз білдірген өнер иелерінің жырлары мен мақалалары, шығармашылық басқосулардан түскен фотосуреттер де қамтылған.

Жаңа кітапқа жол болсын айта отырып, ана жүрегінен әуелеп ұшқан ақанат жырлар шарықтай берсін, Дәмелі апаға киелі қолөнерін өрістету жолындағы қажырлы еңбегі жемісті болсын, бала-шағаларының ортасында шығармашылық қызметінің жемісін көріп, ұзақ ғұмыр кешуге Алла нәсіп етсін деген игі тілегімді айтамын.

Сайлау АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «ҚазАқпарат» ұлттық
компаниясының аға редакторы, республикалық «Ел» газетінің
жауапты шығарушысы.

Астана қаласы, 2010 жылғы қаңтар.



«Сөз өнері дертпен тең»

Өлеңнің дерті – үлкен жауапкершілік. Осынау үлкен жауапкершілікті нәзік иығына артып, ұлттық өнеріміздің туын желбіретіп жүрген аяулы аналарымыздың бірі – Дәмелі Құсайынқызы.

Жүректегі сәулені сыртқа шығара білу, жыр етіп жүрекке жеткізе білу – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақ. «Ақындықты сен таңдай алмайсың, керісінше ақындық сені таңдайды. Кімге келіп қонатынын өзі біледі» дегендей, қазаққа тәңірі берген қасиетті өнер Дәмелі апамызға ауып қонбай, тауып қонған деп ойлаймын. Әдемі де қарапайым әйел бола жүріп, өзі айтқандай, «он қазыққа байланып жүрсе де», күнделікті өмірдің күйбең тірлігінің арасында ұлттық қол-өнерімізді дамытып, бесік тербетіп, қала берді ақ қағаз бен қаламын серік етіп, қаншама түндерді ұйқысыз өткізді десеңізші?!

Апайдың жарқын мінезі, қарапайым жаратылысы, қонақжайлылығы адам сүйсінерлік. «Жақсының жақсылығын айт» демей ме халық даналығы? Ұлтым, елім, қазағым, тілім деп соққан жүрек лүпілі, адалдығы, жан дүниесінің байлығы Дәмелі Құсайынқызын өзгелерден ерекшелеп тұрады.

Қолы шебер, ақын ана аудан көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға, мәдени шараларға белсене қатысып, жас ұрпаққа ұлттық дәстүрді, ана тілімізді, мәдениетімізді насихаттап, өмірден білген-түйгенімен бөлісіп жүреді.

Талғат СИДЫҚ,
Берлі ауданы әкімінің орынбасары,
ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты.



Ақжол тілек

Кешегі 80-ші жылдардың аяғында қазақ зиялылары қоғамда бір үлкен сілкініс жасады. Тіпті қазіргі тәуелсіздіктің онжылдықтарындағы іске асып жатқан қазақ тұрмысындағы ілгерілеу сол уақыттың жаңғырығы деп те ойлауға болады. Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Әбіш, Ақселеу Сейдімбек және тағы басқалар қазақтың ұлттық болмысындағы ұмытыла бастаған құндылықтарды еске салып, айта қаларлықтай өзекті мәселелерді көтеріп жатты... Наурыз келді.

Күнделікті шаруа қажетіне пайдаланып жүрген қараша киіз үйлер колхоз, совхоздарда болды. Олар басқа да өндіріс құрал-саймандарымен қатар есепте тұрады. Керегінде жолға алып шығамыз. Бірде Наурыз мейрамына қоймадан шығарып, сілкіп-сыпырып сол қоңырқай киіз үйге ауыл ақсақалдарына дастархан жайдық. Көктемнің алғашқы шуақты күнінде шат көңілді ауылдастарымның ортасында көтерілген қазақы үйіміздің қоңырқай сыртқы көрінісі, тозығы жеткен түрі олардың да көңіл-кошына келе қоймайтындай көрінді. Жергілікті орта мектептің ұстазы Дәмелі Құсайынованың өнерлі адам екеніне қанықпыз. Аудандық жиын-мерекелерде Дәмелі қолынан шыққан дәстүрлі ою-өрнекті, өрме, тоқыма, т.б. тұрмыстық бұйымдары, киім-кешек үлгілерін көпшілік біледі екен. Дәмелі Құсайынқызына шаруашылық меншігіндегі жаңағы киіз үйді сәнін келтіріп жаңғыртуға бола ма деген ұсыныстың сәті осылай келгендей. Үкіметтің «Сельхозтехникасы» арқылы тағы бір осындай қараша үйді алдырғанша қолда бар ескімізді кәдеге жаратсақ деген ой ғой. Басқа ұлыстар үшін (Европа мен орысты айтамын) киіз үй көшпенділердің жылжымалы панасы ғана болғанмен, киіз үй қазақтың жергеі - ата-бабасының өсіп-өнген жылы ұясы. Дүние көзін ашып, киіз тұғырлықты үйінен еркіндіктері қазанатқа аяқ салып, әкесінің табын-табын жылқыларына жайылым іздейді. Бойжеткендер қазан-ошақты ұстап, осы ұяда алғашқы рет ине-жіп сабақтады. Дәмелі Құсайынқызы қолға алған жұмысын бір қыста атқарды-ау деймін. Шербердің қолынан шыққан дүние сыртқы қаптамасы (киіз жабынын) ашық түсті матамен көмкеріп, туырлық, үзік, түндіктері түгелдей жаңарып, түрлі-түсті бау-шуы төгіліп тұрды. Қазақы үйді алдымен жаңадан ашылған Мәдениет үйінің фойесіне

көтердік. Бір өкініш Дәмелінің сол жылғы еңбегіне ауыл жұрты алдында алғысымызды да айтпаппыз. Бұл ағаттық енді ғана есіме түсіп отырғаны. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген осыда. Бүкіл Жымпиты қызықтап Алматы, Мәскеу қалаларына жетті. Облыстық бірнеше мекемелер қазақшылықты көрсетудің бір жөні дегендей осы үйімізді қайта-қайта «қалап» алып кетіп жүрді. «Сүйегі» ортаң қолды қазақи дүниеге сол уақыттағы қызығушылық - ұмытыла бастаған ұлттық жәдігерлерімізге деген сағыныштан-ау. Және аудан (облыс) көлемінде ол заманда (бүгін де солай болар) 8, 12 қанатты ақбоз үйлер бола қоймағандай. Сондықтан болар Аралтөбенің шағын қараша үйі көзге түсіп, оны пайдаланушылардың аз болмағаны. Осы алғашқы «тырнақалдысынан» кейін Дәкең шығармашылық арқауында тағы да қол өнернің көптеген туындылары жария болып, халық игілігіне жарап жатты. Бұлардың ішкі жасауы, безендірілуі, әрине, көрнекілеу шыққан болар. Қазақтың көшпелі мекенжайы дәстүрлі кейпіне келтіріліп - төрі, оң жағы мен сол жағы толығырақ (ішкі жиһаздары түгенделіп) көрсетіліп орындалғандай. Менің көріп-білгенім бұл кісінің сол алғашқы еңбегі. Дәмелі Құсайынқызы бүгінде Жайық өңірінде, Орынбор-Самара қазақтарына да танымал қазақи қол өнерінің шебері, бірнеше өлең кітаптардың авторы - ақын. Елге қадірлі ақылгөй әже, ардақты ана. Жаңа жинағы өнерлі, өнегелі Дәмелі Құсайынқызының шығармашылық көкжиегінде тағы бір ақмаржан шумақтармен өз оқырмандары қолына жетсе деген тілекпен

Ғаділше ӨТЕБӘЛІ.
26.10. 2009 жыл Даринскі ауылы.



Дәмелі апайға

Қазақта «Ел ағасы, ел анасы» деген бар. Оның бірі сол маңдағы халықтың арқасүйер азаматы болса, екіншісі аса қадірлі әйелге арналған. Ол көпке өзінің қадір-қасиетімен аналық мейірімімен танылғандықтан солай аталады.

Мен Дәмелі Құсайынқызын ойласам, немесе көріп, көріскен сайын осы іспетті ұғымдар оралады. Әр еркек өзіне жар таңдағанда, сондай адамды армандайды. Алайда өмірде ондай адамдар өте сирек кездеседі. Соған орай «қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген ұғым қалыптасқан. Менің білуімше, әр нәресте бейкүнә болып жаратылады. Ал өмірлік қасиеті жанұяда қалыптасады. Демек, ол тікелей тәрбиеге байланысты.

Дәмелі майданға кеткен әкесінен жастай айырылған. Сондықтан ол анасы - Бәтіштің ғана тәрбиесін көріп өскен. Зайыбынан жесір қалған ол барлық аналық мейірімін балаларына төгіп, мейілінше жақсы тәрбие бере білген.

Баяғыда тұрмысқа шыққан бір жетім қыз: «енді әкем де байым да осы кісі болады» деген еді. Олар шынында да бақытты өмір сүрді. Көп жылдардан кейін күйеуі қылтамақтан қайтыс болғанда, әлгі әйел жылай-жылай, ақыры ақылынан адасып, диуана болып кетті. Баяғыдағыны еске алып, бас қатырғаным кешірім сұрай отырып, Дәмелі апамыздың Шапай ағамызға деген ардақтау ойларына, ерекше разы боламын. Біз, елуінші жылдардың оқушылары мұғалімдеріміздің ата-тегін ақтара айту түгіл өз атын атауға да именетінбіз де ағай, апайлайтынбыз.

Шапай ағай бізге математикадан сабақ берді. Оқушылар үшін мұғалімнің кәсіптік шеберлігінен гөрі адамгершілік қасиеті мен өзін-өзі ұстауы, мәдениеттілігі үлгі болатыны белгілі. Шапай ағай ешқашанда ешкімге дауыс көтеріп көрген емес. Оның не ойлап, не түсіндіріп тұрғанын жанарынан байқайтынбыз да әрбір қимылы мен қас-қағымын бағатынбыз. Мен математикаға орашолақтау болдым. Әр кезде жеке дара отырып та көрдік. Одан менің басымда бірдеме қалғанын байқаса сол күнгі сабағында ол ерекше қасиеттерімен көрінетін сияқты еді. Оны көре тұра кешелігіме қатты ұялатын едім. Ол кісі оқушысының сол қасиетін де қастерлейтін. Ағамыз қайтыс

болғанда жол қатынасы қашық болса да барып, аруағына бас игенімді абзал аға, қадірлі ұстазыма деген ақ ниетімнің өтеуіндей көрдім. Иманы жолдас болып, шапағаты ардақты жары Дәмелі апамыз бен кейінгі ұрпағына дарығай деп тілеймін. Шапай Қажығалиұлы Дәмелі апамыздың жүрек қалауының ақ сұңқары. Олар бір ұяда 50 жыл бойы риясыз, бақытты тұрмыс кешіп, 10 бала өсіріп, 17 немере-жиендерге ардақты ата, әже болған аяулы жандар.

Жоғарыда орынсыз болса да диуана болып кеткен бейшараны еске алдым. Ол өзінің ой-өрісінің дәрежесіне қарай сондай болып кеткен болар. Ал онымен салыстырғанда жер мен көктей айырмашылығы бар Дәмелі апамыздың сүйген жарына деген аса ыстық сезімінің лебін таныстару ғана емес, күн сайын оның қазыналы көкірегінен күмбірлей шыққан сағыныш эллегияларын, қиыр көкке самғай ұшқан поэзия сандуғашының қанаттарының сусылынан бәленбай кісі біліп отыр. Көптеген ер азаматтар бұл сияқты ерлі-зайыптылар барына қайран қалады, риза болады.

Мен Дәмелі Құсайынқызын Хазірет Пайғамбар Ғалайһис-саламның сүйікті бәйбішесі Хадиша Анамызға балар едім. Пайғамбарға жар болған хазірет артына мәңгілік хадистерін қалдырса, Дәмелі Құсайынқызының Шапай ағамыздың аруағы мен рухына арнаған өлеңдерінің де қанаты қатая түсуде. Олар кемінде Қажығалиевтер әулетінің Әнұраны болып қалатыны анық. Дәмелі енді сол өлеңдерінен жаңа жинақ шығармақ. Ол өте жарасымды жанұя болған ерлі-зайыптыларға мәңгілік ескерткіш, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра болғай деп тілеймін.

Осы тілекті аруақтар демесін Ғайып Ерен, Қырық Шілтен тигізсін, ләйім себесін!

Орынбай ЖӘКІБАЙҰЛЫ,

БҚО ардагер журналистерінің бейүкіметтік ұйымының төрағасы.



Жылы лебіздер

Дәмелі Құсайынқызы төртінші кітапты жазып шығарамын дегенді естігенде, мен де өз пікірімді жазуды ұйғардым.

2002 жылғы «Әке» өлеңдер жинағы, 2005 жылғы «Мұра», 2007 жылғы «Өнер өрге өрлетеді» атты кітаптарының басылып шығуына ат салысып бұл кісінің шығармашылық еңбегіне жоғары баға берем. Жарты ғасыр жұптасқан жұбайы марқұм Шапай Қажығалиұлымен он бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жан. Екеуі де ұстаз болып, еңбек жолын бала тәрбиесіне арнады. Шапай Қажығалиұлы Дәмелі апаның барлық талап-тілегін орындап, әр кезеңде қолдап, ілгері басуына күш беріп отырды. Сыйластық пен сүйіспеншіліктің арқасында Дәмелі Құсайынқызының бар арманы жүзеге асты. «Әке» атты кітабы да Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әкесіне, анасына арналған толғауы. Соғыстан оралмаған азаматтарға, елде қалған таңның атысымен күннің батуына дейін жұмыс істеген азаматшаларға, Отанға, асыл жарына, ұл-қыздарына, жасөспірімдерге арналған өлеңдері жарық көрді. Дәмелі Құсайынқызы әкесінен ерте айырылып:

*«Лағнет деңдер соғысқа, жер шарындағы аналар,
Әкелерінен айырылып, қалмасын жетім балалар.
Азаматтардан айырылып, болмасын жесір арулар,
Болмасын соғыс, болмасын,
Болмасын жүрек жарадар»* - деп жырлады.

«Мұра», «Өнер өрге өрлетеді» - деген кітаптарында, өлең жазумен қатар, қол өнермен айналысқан Дәмелі Құсайынқызының қоғамдық жұмысқа белсене қатысқаны да дәлел. Жастайынан іс тігумен шұғылданған Дәмелі апам ою ойып, көрпе тігіп, текемет басып, бара-бара киіз үй тігуменен айналысты.

Бұл кісінің қолынан төрт киіз үй мен оның ішкі жабдықтары тігілді. Кейінгі ұрпақтарға мұра болып қалсын деп, қолынан шыққан өнерді бейне таспаға түсіріп мұражайларға тапсырды. Әр өнерді дәлелдейтін құжаттары да бар. Дәмелі Құсайын-



қызының еңбектері бағаланып, құрмет грамоталарымен, дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды. Батыр, ақын, сазгер, шебер-ана Дәмелі Құсайынқызы үлкейген жасына қарамастан әлі де ізденуде. Өзінің талапкерлігі мен еңбек-қорлығының арқасында биік шыңға жетіп отырған Дәмелі апама зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілей отырып: «Өнеріңіз өрге өрлетті» - дегім келеді.

Қадиша КЕРЕЙҚЫЗЫ, Орынбор қаласы.



Арандама, алдыңды ойла, ағайын!

Сонау 1996 жылы еттің кг. 150 теңге, 145 теңге болатын. Содан бері еттің құны дамылсыз көтерілуде. Ет сатушы келіншектер де әлі сол келіншектер. Тіпті бәрінің атын білмесем де жүздері таныс. Есіктен кірген бойда бәрі де сәлемдерін беріп жылы ұшырап, әбден танымал, адамдарға айналды. Олардың ішінде жағдайларын жақсартып, Астанадан үй сатып алып, бұл күнде Астана тұрғындарына айналып жатқандары да бар. Оның бәрі жақсылық, еңбек етсең емесің. Бал ұстаған бармағын жалайды. Ерте кетіп кеш қайтып, аяқтарынан тік тұрып жұмыс жасау оңай емес. Бірақ, еттің құны қазір дым шарықтап көтеріліп жатыр. Сиыр еті 650-700 теңге болса, жылқы еті 900 теңге, жаялары 1200 теңге тұрады дейді. Ал жылқының қазылары 2500 теңге дейді. Өйткені алымшылар бар. Біраз жерден, әдейі жол ақысының бару-келуіне 80 теңге төлеп барғасын кім құр қол қайтқысы келеді дейсің. Ал енді осы бағада сатылып жатқан етті көзі көріп, қолы ұстай алмай, кері құр қол қайтатын да адамдар бар шығар. Өйткені, шиландағы ақшасын есептесе, әлі пенсияға бәлен күн бар екенін есептесе, ет алуға шаруасы көтермейді екен. Ал бауыр, жүрек, өкпе, сүйек ала кетейін десе олардың да құны еттің құнына жақындап, көтеріліп кеткен. 400 теңгеге дейін. Шілде

айынан бастап зейнетақыға 99 теңге қосылады екен. Енді ойлап қараңызшы. Сары май 800 теңге, қаймақ 500 теңге.

Көз таныс келіншектерден еттің мұнша көтеріліп жатқанын жайлап сұрастырсаң өздері еттің кг (килограммын) 500-ден алады екен де, келісіне 150 теңге қосады екен. Осыны естігенде іштей осы келіншектер тым тойымсыз болып бара жатқан жоқпа екен деп ойламайтын амалың жоқ. Еттің kilosына 150 теңге емес, 50 теңге қосса да жай алып, жалпақ алып, күн көруге болады ғой. Ертеңгі күні осындай мүмкіндік жалғаса берсе жақсы, бір кезек бізде ойланайық дейтін ішінен біреуі шықпай тұр-ау деп қынжыласың. Айлық орташа табыстары көтерілген үстіне көтерілсін десе еттің құнын әлі де көтере беру сол ет сатушылардың қолында, құнын түсіру де солардың қолында. Дүниенің түбі терең, тым терең оны да ойлана жүрген жөн дер едім. Ал енді, ет сатушылардың орын хақын түсіру аудан әкімшілігінің пәрмені мен базар бастықтарының қолында. Халықты да, құдайды да, алдыңды да ойлаған жөн дер едім. Мен ақша мен байлық пәленшеге жолдас болыпты, молаға бірге кетіпті, ана жақта оларды күнәдан қорғап қалыпты деген әңгімені әзір еш жерден оқып көргенім жоқ. Рухы бай адамдар мұнша құнықпаған болар еді. Осы ет сатушы келіншектердің шаршап барғанда қағаз бетіне қарайтын мұршасы жоқ-ау деп ойлаймын. Бір кезек газет, журнал, кітаптың бетін ашып қарар болса рахмет айтар едім ол қыздарға. Олардың енді өз ұрпағын рухани тұрғыда ойлайтын уақыт жақындаған шығар. Халық не дейді, менің айтарым әзірге осындай.

13.07.2009 ж. зейнеткер. Дәмелі Құсайынқызы

Бұл не абай, қоқай ма?

Мен соғыстан бұрын өмірге келген, әкем соғыстан оралмаған, өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген анамын.

Жетпіс жылдан астам ғұмырдың куәгері болғандықтан мұнша өсіп-өркендеп, гүлденіп, келе жатқан елімізді де көруге жетіп отырмын. Құдай басқа бермесін, соғысқа дейін, соғыстан кейінгі өсіп-өркендеуіміздің қиын жолдары біздің жасымыздағылардың талайының басынан өтті. Біздің қатарымыз да

сиреп барады. Тіпті, бітуге айналып барамыз. Қандай қиындық көрсек те елімізді тұс-тұсынан жамандап жатқан газеттерді көп кездестіре бермейтінбіз. Қазір, еліміз әбден түзелгенде, ел басқарып жүрген үлкенді-кішілі басшыларды жерден алып, жерге салып жамандап жатқан газеттер көбейіп кеткен. Соның бірі «Жүздесу» газеті. Кейде қолымызға түскен газетті шыққыр көзіміздің шұқшия оқып, талай бетімізді шымшыған күндеріміз болды.

Тіпті, адамдардың жыныстық қатынасын еш бүкпесіз, бар ынты-шынтысымен жазып жүрген жазғыштар табиғаттың берген өзіндік құпияларын осылай жарқыратып жазбаса да болатын еді ғой. Ие үлкенді, кішілі қолында билігі барлар шамалары келгенше билікті пайдаланып жүргені шындыққа жанасады. Бірақ, біздің «Қазақстан» деген еліміз кеңдігі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алады екен. Сонда осы кең өлкемізде облысы, ауданы, ауылы да, кең байтақ деген сөз. Үлкенді-кішілі елді мекенді басқару да өте оңай емес, шығар. Оның үстіне біздің еліміз көп ұлтты мемлекет. Бүгінгі айтпағым: «Жүздесу» газетінің №27 санында «Шыдамда да шекара болады» деген мақалаға байланысты. Ұрпаққа кері әсерін тигізетін бетті шымшитын ұятты мақалаларды оқығасын ба және үлкенді-кішілі бұрын лауазым басында болған, қазір халықты соңына ерте алмай, ел басқара алмай отырған өкпесі қара қазандай адамдардың мақаласы, фотолары мен қоса үздіксіз шығып отыратын газеттер көп-ақ, соның бірі - «Жүздесу». Өсекті тыңдап көрейік деп почтадан немесе газет сатушылардан алып оқитыным бар. Осы пікірім де осы жазғыштардың арына тимей ме?

Хатта: Әкім мырза! - деп басталатын өкпеңізге тоқталсақ, елді ыдыратуға әсері мол, есекке үйірлікте тәрбиеге келіңкіремейтін мақалалар көптеп шығатын болғасын, осындай газетке шектеу болғанын әрбір ұрпақ тәрбиелеп отырған ата мен ана қаламайды дейсіз бе? Газетте сын жазылады оған мен қарсы емеспін, бірақ істеліп жатқан жұмыстарды да көрген дұрыс болар. Облыс басшылары осындай газетті жауып тасамаса да ұятсыз мақала үздіксіз шығатындықтан оның жолын ашып қоюға да болмайтын шығар.

Тәуелсіз басылымдар редакторлары қауымдастығы осы жағын неге ойламайды. Оның үстіне «Жүздесу» газеті жамандауды Елбасы мен оның жақын-жарандарынан бастап жазып

жүрген жоқ па? Егер Елбасының елеулі еңбегін, тынымсыз бейнетін ат төбеліндей тарихи тұлғалар болмаса, олардың соңынан ерген халық болмаса, Елбасын түтіп жеуге бар мақалалардың авторлары не істер еді. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» - деген мақалды бұрынғылар тегін айтпаған. Қымбатты газет оқырмандары, тәуелсіз газеттің редакторларына сіздердің де айтатындарың бар шығар.

15.07.2009 ж. Дәмелі Құсайынқызы,
БҚО, Ақсай қаласы

Жүн мен тері - байлықтың көзі

«Орал өңірі» газетінің №75 санында жүн-тері мәселесін орынды көтерген. Мал өнімінің жарты пайдасы ысырап болып жүргені жасырын емес. Сонау қиыншылық басқа түскен соғыс кезінде, жүн-теріні қолмен өңдеп-ақ халық біраз жоқшылықтан өздерін арашалап отырды. Оны көзіміз көрді, қолымыз ұстады, соғыстан кейін жасым әлі онға толмағанына қарамастан, үйге анамыздың малдың жеген шөбінен іріктеліп қалған қараған, тобылғы, жуан шағырды отқа жағуға арқалап әкеліп, сол дәрекі отынды отқа жағып, үй жылтып, тары, бидай қуырып, соның шоғына отқа нан көміп, жуан тобылғыдан ұршыққа сап жасап, қолдан ұршық жасап, жүн иіріп аяғымызға шұлық, қолымызға биялай тоқып киетінбіз. Бір тал жүнді ысырап қылмайтынбыз. Сол кезде сатып алатын кәзіргідей әзір арқан атымен болмайтын. Жүннің ең жаманын бұзауға ноқта есіп, қозы көгендейтін жіптер есіп, қой сауып желіге бұзау байлап сиырды үш мезгіл сауып сүтін, қаймағын алып тамақ етіп аштан өлмей қалдық. Бала да болсам сол соғыс кезіндегі аналарымыздың жанкешті еңбегі әлі күнге көз алдымызда сайрап тұр. Оны қазіргі балаларға айтып еш түсіндіре алмас едік. Жаз болса қойды қырқар алдында әдейі қойларды суға тоғытып, үстерін қыстайғы ластан тазалап алатын. Қой тоғыту үлкен науқан болатын. Қотырларын киолинге түсіретін (әрине суға киолин қосып сол суға қотыр қойды түсіретін). Қойды сауып брынза жасайтын.

Қойдың брынзасы мен айраны астың төресі еді ғой. Содан кейін аналарымыз жіп иіріп, өрмек тоқып, үстеріне шекпен тігіп киетін.

Ал қысқы соғымның сүйегін ол кезде қыс бойы жинап, жаз шыға сол сүйекті қайнатып, майын алып, сақарға қосып сабын жасайтын. Сақар дегеніміз алаботаны өртеп, соның күлінен ащы су алып, оны қайнатқанда секерге ұқсас ақ ұнтақ пайда болады. Сол ақ ұнтаққа жаңағы сүйектен алған майды қосып қара сабын жасап алатын. Сол қара сабын бір жылғы кір жууға, бас жууға жететін. Ал сүйекті үй аралап жүріп үкімет жинап алатын, оған қоса жарамсыз ескі-құсқыларды да қап-қап етіп жинап алатын.

Заготовитель жаңағы жүн-жұрқа, сүйек-саяққа шай, бояу, тарақ сияқты заттар беріп, бір байып қалатынбыз. Ол кезде де жүн өңдейтін орын атымен жоқ еді ғой. Міне қалай, қалай күнкөріс болғанын. Қазіргі техника дәуірлеп тұрған заманда жүнтеріні ысырап қылып пайдаға асырмау-астамшылық. Қаланы былай қойғанда ауыл-аймақтан жұмыссыз қыз-келіншектерге жұмыс ұйымдастырып берсе, әр елді мекеннің өздерінен артылатын жүн-жұрқа жоқ. Өйткені, қазір елімізге мақта әкеліп сатып жатқан ешкім жоқ. Шет елден тасымалдап алып келіп жатқан химиялық көрпелерді алып, пайдалануға халық мәжбүр. Оның денсаулыққа қаншалықты зияны болып жатырғанын зерттеп жатқан ешкім жоқ. Әр жанұяға төсеніш-жамылғы керек екенін ескерсек. Өзіміздің таза жүннен істелген, төсеніш-жамылғыға не жетсін.

Басқа облыстарда қолға алынып жатқан тері илеу-өңдеуді бізде де қолға алуға болады ғой, аздап ізденсе, өзгелерден үйренсе қыруар адамға сол жүн-теріні іске асыру арқылы жұмыс табылар еді және кәзіргі ұрпақтар үйренер еді. Жағдайы жақсарған бір шаруашылық осы жүн-тері мәселесімен айналысса халыққа жақсы болар еді ғой деп ойлаймын. Әңгіме ынтада, тәуекелде және ұйымдастыруда. Жасанды, сасық аяқ киімдер аяқты, денсаулықты бұзып жатқан жоқ па деген ойға қаласың. Жүн-теріні пайдаға асыру үшін ер де, әйел де іске кірісу керек. Сонда жұмыссыздық атымен жойылады. Ең болмағанда әр ауылдың 20 шақты адамы осы жұмыспен айналысса ел де сен де қарық болар едің, ағайын. Әттең жасым асып, бармағымды тістеп отырған жайым бар.

Күндіз не түнде жұмыс тындырып келіп, тамағыңды ішіп рахаттанып ұйықтағанға не жетсін. Ауыр жұмыстың жоқтығынан жастардың денесі толысып, денсаулықтары жасына жетпей сырқатқа айналып жатқан жоқ па, бұл енді шындық. Бұл мәселеге ел басқарып отырған басшылардың көңіл бөлетін уақыты жеткен секілді.

10-15 жастарды тері-жүнді пайдаға асырып жатқан облысқа жолдама беріп, келісім жасап үйретіп алса, жер астынан мұнай-газ суырып жатқаннан ауыр емес шығар.

Көл-көсір байлығымыз жүн-тері осы мал баққан жандардың адал маңдай тері емес пе. Оның үстіне жүннің құнын тым арзанға сатудың өзі еңбекті бағалай білмеу емес пе? Малшының еңбегі таңдайына татып барып іске асатын жұмыс қой. Нан-басаңыз бір күн далаға барып бір отар қойды бағып көріңіз, қозылап жатқанда қозы, алу науқанына қатысып көріңіз. Сонда білер едіңіз кімнің кім екенін.

Қымбатты қыздар, келіншектер, жігіттер, бұл көтеріліп отырған әңгімені көпшілік болып қолдап, аяқсыз қалдырмай жалғастырып алып, кетсеңіз күліп ойнап жүріп жасаған жұмыс жан рахаты емес пе, оның үстіне ұрпақтарыңызға үйретіп кету керек емес пе?

15.07.2009 ж. зейнеткер. Дәмелі Құсайынқызы,
БҚО, Ақсай қаласы.

Жылмен қоштасу

Хош бол 2009 жыл. Бұл жыл мен үшін айтарлықтай есте сақтайтын жылым. 2009 жылдың бірінші айы менің қырық жылғы жұмысымның қортындысы Республикадан шығатын «Қазақстан әйелдері» журналында үш бет болып жарияланған еді. 2009 жылдың екінші айында тағы да осы журналға екі бет етіп менің ойымды жариялады.

2009 жылдың үшінші айында мен Астананың радиосынан 8 минут наурыз жайында білгенімді кідірместен сөйлеп шықтым. 2009 жылы менің жұмысымның бір бөлшегі «Девятая территория мира» деген деректі фильмге шыққанымды білдім. Құдай-ай, бергеніңе мың да бір шүкір. Мен үшін 2003 жылдың бірінші айы менің «Әке» деген кітабымның жарыққа шығу

рәсімін өткізу, 2005 жылы «Мұра» деген кітабымды жарыққа шығару, 2007 жылы «Өнер өрге өрлетеді» атты кітабымның жарыққа шығуы менің творчестволық жұмыстарымның жиынтығы еді. Бұл үш кітабымды Орынбор қаласынан шығартқанмын. 2008 жылы менің 70 жасқа толуымды атап өттік. Мұның бәрі менің талмай ізденістерімнің нәтижесі десем де, осы ұланғайыр жұмыстың жарыққа шығуына Ақсай қаласының әкімдері, журналистері, редакция қызметкерлерінің белсене араласуына тікелей байланысты дер едім. Ақсай қаласының мәдениет қызметкерлерінің осы мәдени шараларға тікелей араласуының арқасында республикаға дейін, Ақсай қаласының жұмысының көрінгеніне ризашылығымды білдіргім келеді. Ақсай қаласының 1996 жылдан менің көз алдымда әкім болған азаматтар Ғұмар Дүйсенбаев, Сағидолла Еркебаев, Қайырғали Имашев, Сағынбек Мұташев, Болат Шәкімов, бұрынғы әкім Қуанышбай Төлебаевтар өнерге мән - мағына беріп, жарыққа шығуына тікелей атсалысқан азаматтар екендігін мойындай отырып, олардың да өнерге қосқан үлесі деп есептеген дұрыс болар, әкімшіліктің орынбасарлары болған Талғат Нығметов, Өзипа Бақтығұлова, Сапарғали Сиражев, мәдениет қызметкерлері Мирас Бақтығұлов, Жаңыл Шүгірова тікелей осы тақырыптың белсенді қолдаушылары еді.

Ал енді облыс орталығындағы телевидение қызметкерлері Асланбек Ғұбашев, марқұм Ботакөз Баймұқанқызы тікелей менің қолымнан шыққан қол өнерді Ақсайға келіп түсіріп, облыстан аудандарға насихаттап отырды. Журналистер Айгүл Ахметова, Жайнагүл Отарғалиева, Гүлназ Биғазиева уақытында осы дүниелерге белсене араласып, жазып, насихаттап тікелей тер төккен адамдар. Мақалаға есімдері түспеген осындай дүниенің жарыққа шығуына тікелей араласқан адамдардан кешірім сұраймын. Өнерді көп қолдағанда ғана өнер болмақ.

Осы өнерді қолдаушылар «Мәдени мұра» тақырыбына үлкен үлес қосты деуге толық дәлел бар. Қазір Астана қаласындағы Ғалия Есқұлова менің Ақсай қаласына көшіп келгесін, Сырым ауданынан аяқтай үй-үйді аралап жүріп бастап, кеткен жұмысының нәтижесі дер едім. «Берлі жаршысы» газетінің редакторлары: Елена Менжанова, Сайлау Аблаев, Қуанышқали Гұсманов әрбір біткен іске дер кезінде жазып, жарнамалап өнердің жарыққа шыққанымен қатар халыққа қызмет

етуіне зор ықпал жасап отырды. Мектептерден №4 мектеп, №3 мектеп, №1 мектеп, №2 мектептер оқушыларымен кездесулер өткізіліп отырды.

Кезінде 1998 жылы «Ақсайгазсервис» мекемесі алған киіз үйді он жыл насихаттады. Анатолы Тегісбаев, Айжамал Әжікова (марқұм) өнерді танып мен тіккен киіз үйді біраз пайдаланды.

Облыстық мәдениет басқармасы мұрындық болып, Сырым ауданының бұрынғы әкімдері тікелей араласып менің 70 жасымды тойлауға ат салысуы, Сырым ауданының бұрынғы-қазіргі әкімдері Марат Оңғарбеков, Серік Сүлейменов, Ерлан Беркінұлы, Жолды Өтегеновтің араласып мені мақтан етіп отырғандарына да ризашылығымды білдіремін. Айрықша тоқталғым келіп айтқалы отырғаным облыс әкімі Бақтығожа Салахаддинұлы менің жұмысыммен кітап, диск арқылы танысып, облысқа әлі де құрылып халыққа таныстырылмаған киіз үйімді «Атаян» стадионына құрғызып көріп, бағалап байғазысын беруі мені қанаттандырып қолымда қалам алуыма ықпал жасағаны. Бес киіз үйді тіккен қолым ине ұстай алмай қалғанда ол кісінің менің ісімді бағалағаны менің шабытымды оятып қолыма қайта қалам алғызғаны. Соның арқасында ара-тұра өлең де жазып жүрмін, орайы келгенде ол кісінің алдына кіргенмін. Қолыма қалам ұстай алмағасын жазған үш кітабым мен дискіні қалдырғанмын. Сол кітаптарды дискіні қарауға уақыт тауып, менің киіз үйімді Оралға апарып құруыма ықпал еткені үшін ол кісіге шексіз алғыс айтуым керек деп ойлаймын. Сол әкімге кіргенімде соғыс ардагері Шәкен аға мен Әсия Мұхитова деген Мұхит Мералыұлының тікелей ұрпағының баспанасыз жүргенін айтқанмын. Менен ол кісілердің телефонын қалдырып кетуімді өтінген. Соңынан Ақсай қаласының әкімі Болат Шәкімовке тікелей шығып, екеуінің де үйлі болғанын біліп отырмын. Бақтығожа ініміз үлкен адамгершілік жасап үлгерді. Басқа жетістіктері менің мақалама сыймас, алыс аудандарға газ өткізіп жатқаны алғыс айтуға тұрарлық іс.

Ал енді жеті сериялы деректі фильмді Орал музейіне тапсырған «Ғафу Қайырбеков» атындағы киностудия осы Бақтығожаның тұсында түсірілген. Батыс Қазақстанның табиғаты қандай әсем. Облыстық мұражай оригиналын көшіріп алып, осы 7 сериялы фильмді аудандарға таратуы тиіс деп ойлай-

мын. Осы фильмнің 27-ші сериясына іліккенімді де 2009 жылдың маған арналған сыйы деп білем.

Ғұлама жазушы Әбіш Кекілбаевқа арнап шығарған «Ірі тұлға» деген өлеңім де 2009 жылдың жемісі. Маңғыстауда Әбіш Кекілбаевтың өз қолына ұстатқанмын. Ол өлең Маңғыстаудың өлкетану мұражайында қалдырғанмын. Жетпістен асқан кемпірге осы жұмыстар онша оңайға түспегені белгілі. Мен 40 жылдық қол өнері жайлы жұмыстарыммен жазған өлеңдерімді кітапқа түсіріп: Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Ақсай қалаларына, Сырым ауданы өлкетану мұражайларына тапсырып отырмын. Бізден ұрпақтарға жалғассын деген ізгі ниетпен

Дәмелі Құсайынқызы, Ақсай қаласы.
25. 12. 2009 жыл.

Президенттің баламасы «Хан» емес пе?

Хан десек, ауымыз қисайып кете ме? Мен жетпістен асқан зейнеткер анамын. Шамам келгенінше, Нұрсұлтанның сөйлеген сөзін, жасаған баяндамасын тыңдап, өте риза болып отырамын. Айтар ойын қазақша да, орысша да жүрегіңе жеткізіп, көп ұлтты елімізді айрандай ұйытып отыр. Ұлы адамның ең басты мақсаты – тыныштық. Демек, соғыссыз өмір сүру. Осы мақсатымен-ақ әлем халқын аузына қаратып отыр. Нұрсұлтан Астана қаласын тоғыз жыл көтеріп, бір жыл толғатып, босанғалы отыр. Астана – Нұрсұлтанның перзенті. Мен 10 бала тапқан ана болғандықтан, бала көтеру мен толғатудың азабын басымнан өткерген жанмын. Жетпіс жылғы ғұмырымда еліміздің дәл осы кездегідей дамығанын көрген емеспін. Соғыстан бұрын да, кейін де ел басқарған басшылардың дұрыс төрт бөлмелі үйде тұра алмай, «Запорожец» те міне алмай, жетілік, ондық шам жағып, темір кереуетте ұйықтап, төрт көпшік жастанып, бір-екі көрпе жамылып, халықтың ішкен қара көжесін ішіп, дәл осындай өмір түсіне де кірмей, өмірден өткенін өз көзіммен көрген адаммын. Біз қанағатпен өмір сүрдік. Керемет жоқшылықта да көршіміздің тауығының жұмыртқасын ұрлап жемей өмір сүрдік.

Құдайға шүкір, дәл қазіргідей өмір кешетініміз түсімізге де кірген емес. Халқымыздың осындай адалдығын Алла тағала ескеріп, елімізді басқарып, аяғынан тік тұрғызып, елдің есін жиғызып, бақытты өмір сүруіне өзін тұтас дайындаған Елбасымыздай адал ұлды берді.

Елбасының өткен жолы, басқан ізі қиындықтарға толы болғанына қарамастан, халқы үшін өзін осы бейнетке салып отыр. Бүкіл әлем қазақ елін танып, келіп көзімен көріп, Елбасын өз бағаларын беріп жатыр. Тек Астана ғана емес, барлық Қазақстанға қарайтын қала, облыс орталықтары да Нұрсұлтанның идеясымен адам танымастай көркейіп, құлпырып, ұрпақтар білімге құлшынып, әлемге еркін шығып, білікті азаматтар болып жатыр.

Нұрсұлтанның ұдайы ізденісі, толғанысы, арманы, қажымас ізденістің арқасында жүзеге асып жатыр.

Нұрсұлтанға атақ таңсық емес, оған байлық та қажет емес. Оның арманы бастаған ісінің, жобасының, арманының жүзеге асуын көзімен көру, аяғына жеткізу. Елбасына, түсінген адамға, Президент деген лауазым да таңсық емес. Осы уақытқа дейін тағылған атақ, лауазым халықтың алақанында. Көресің де білерсің, тірі жүрсе, Нұрсұлтан өзіне тиесілі байлығын да халқына қалдырады. Бірақ мен өз басым Нұрсұлтан 2030 жылға дейінгі көздеген мақсатын, арманын өзі көрмей, арамыздан кетуге тиісті емес. Алладан жалбарынып сұрай-тын тілегім, бұл жеке басымның пікірі.

Айтайын дегенім, Астананың он жылдығына астананың атын Нұрсұлтан, Нұрастана деген ат берсек деген мақалалар шығып жатыр.

Менің өз ойым қазақ халқы өмір сүргелі, қай ғасырда жасамасын елін билеген, өздері сыйлаған адамын Хан атаған, көмекшілерін уәзір, сұлтан атаған. Мен ойлаймын, Елбасының идеясын қолдап отырған үлкен лауазымды адамдардың біреуінің басына осы идея келмей ме, әлде Хан деп атасақ деуге батылы жетпей ме? Хан деген атақты қимай ма? Талай ғасырды бастарынан өткерген хандардың көксеген армандарын жүзеге асырып отырған ұлдарына осы атақ көп пе? Мен осыған таңғалам.

Мен Нұрсұлтанның көлденең көзден, тілден пәле-жаладан аман жүруін тілеп отырған анамын.

Астананың он жылдығына қаланың емес, Елбасы атын лауазымын Хан деп өзгертсе, үлкен сый осы болар.

Зейнеткер, батыр, ақын-ана Дәмелі Құсайынқызы.
Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы.

Ел намысын қорғаған ерді елі де қолдайды

Қазіргі таңда Батыс Қазақстанның намысын қорғайтын, ұялмай топқа қосатын, республикалық айтыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, облысымыздың мақтанышына айналып жүрген ақын ұлымыз Бауыржан Халиолла қоғамдық-танымдық, ақпараттық, жарнамалық, тәуелсіз «Айна» газетін шығаруды қолға алған екен.

Бауыржан бастап, танымал журналистер Қазбек Құттымұратұлы, Сәкен Мұратұлы қостап, жарық көрген «Айна» газетіне «Айтары көп болып, халық сүйіп оқитын газетке айналсын!» деген тілек айтамын. Өте қуаныштымын. Газетте түрлі айдармен шығатын мақалаларды қалдырмай оқыдым. Жалықтырмайды екен. Оның үстіне атақты ақындарымыздың суреттері мен өлеңдерін бере бастағаны да қуанып отыр.

«Кептерхат» деген беттегі «Шертарқатар» деген айдар да - жазба ақындар үшін орынды қозғалған тақырып. Көптеген аты беймәлім ақындарды жарыққа шығаруға себепші болады деген үміттемін. Газет ұжымына ақ жол тілей отырып, қаламдарың қарымды болсын демекпін. Оның үстіне «Айнаның» өнер ұжымы көшпелі өнер ұжымын құрып, халықтың арасына шықпақшы екен. Біздің Ақсай қаласына да көрініп қайтса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені қазақша, орысша жазатын ақындар, журналистер, тілшілер бізде де жетерлік. Әсіресе, жас талант ақындар өлеңдерін жолдап, облыстық газеттен тұсаукесер батасын алар еді. Ересек, жасамыс ақындардың арасында бір кітаптық жинақ өлеңдері барлары да табылады.

Аптасына бір рет 16 (он алты) беттен шығатын газетті тартымды етіп шығару оқырманның көптігіне де байланысты болмақ. Қалың көпшілік «Айна» газетіне жазылып, өз көздерімен оқыса, біраз тақырыпқа қанығар еді. Сондай-ақ

жастармен қатар үлкендердің де тәрбие мәселесін қозғауға газеттен орын беріліп отырса. Ауылдан қалаға лажсыздан көшкен талайлардың да айтары бар шығар. Сондықтан да «Айна» газетіне жазылсаңыз, өкінбейсіз дер едім.

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ, зейнеткер.
Ақсай қаласы. 26.06.2009 ж.

Кітап оқып, пікірімді білдіремін

Соғыстан бұрын өмірге келген ұрпақтар жай оқысақ та, оқуға өте-мөте ынталы болдық. Жай оқысақ та деудің мәнісін былай түсіндіруге болар. Мектепке бірінші класқа барған оқушылардың жасы біркелкі емес еді. Біріміз сегізде болсақ, біріміз он жаста болатынбыз. Қандай қиындықтарға қарамастан, оныншы сынып бітіргендеріміздің жасымыз біріміз 18-де, біріміз 20 жаста едік. Кітаптан бас алмай оқитынбыз. Түсінбесек, жаттап алатынбыз. Сондықтан да болар, біздің тұстастарымыз әдеби кітап оқуға да өте құштар болатынбыз. Құдайға шүкір, қазақтың тіл байлығы, мақал-мәтелі, жұмбақ-жаңылтпаштары бәрі де санамызға жетіп баратын еді ғой. Сондықтан да әдеби кітаптарды, газет-журналдарды өмірімізге арқау етіп, рухани сусындап өстік деп толық айта аламыз. Тіпті мақтанышпен айтуымызға болады. Осы күні де сол бағытымыздан тайған емеспіз. Оқимын деген адамға тақырып та, кітап та жетіп артылады. Бірақ соның бәрі есте қала бермейді ғой. Санаңда сақталып қалатындары да болады. Мысалы, Хамза Есенжановтың «Ақжайық» романы біздің жүрегімізден орын алған кітап дейтін болсақ, онда өз заманының сүйіп оқитын кітабы болғаны ғой.

Қазір егеменді ел болғалы, осы заманға лайықты кітап қандай болады екен деп ойлайтынмын.

Ақсай қаласының кітапханасынан Орынбай Жәкібаевтың «Азаттық» деген кітабының екі томын алып оқып шықтым. Шынымды айтсам, осы кітап мені қатты қызықтырды.

Жазушы кейіпкерді қатыстыра отырып, сені бәріне нандыра жазады екен. Кәдімгідей намысыңды қайрайды. Тек қана ұрпақтарымызға ғана емес, қалың оқырманның да санасын дүр сілкіндіретін кітап екен. Әсіресе, ел басқарып

жүрген үлкенді-кішілі лауазым иелеріне сабақ алатын жерлері көзбен көріп, қолмен ұстатқандай баяндалады.

Осы кітаптағы 113 азамат-азаматшалардың асқан парасаттылығы, ұстамдылығы, қайсарлығы, тапқырлығы ешқандай қару қолданбай-ақ намысымызды аяққа таптатпағаны еріксіз риза қылады. Кейбір жерінде толқып, көзіңе жас алғызады.

Мен 1991 жылғы Оралдағы қыркүйек оқиғасы жөнінде көп біле бермейді екенмін. Осы кітапты оқиғасын нағыз дер кезінде жазылып, кештеу жарыққа шығайын деп тұрған кітап деп ойлап қалдым. «Азаттық» кітабының III томы әлі кітапханаға түскен жоқ. Осы үш кітаптың жарыққа шығып, оқырманның құлағына тиер болса, әр жүректі оятатынына еш күмәнім жоқ. Және осы кітаптағы өз заманының батырларын халық біле жүрер еді. Мен саясаткер журналист Орынбай Жәкібаевтай азаматтың Хамза Есенжановтай жазушы ағасын жаңғыртқан жазушы шыққаны ма деп ойлап қалдым. Кітапты халыққа ұсыналық, жұрт не айтар екен.

Зейнеткер Дәмелі Құсайынқызы.

10.02.2009 жыл.

Елім деген ердің аяғынан шалмайық!

Қымбатты газет оқырмандары, мен «Нұр Отан» партиясының мүшесімін. О бастан көпшілікті қолдайтын жанның бірімін. Бүйректен сирақ шығарып, білгіштікті қардай боратып, «Нұр Отан» партиясын орынсыз жамандаған адамдарға қосылмаймын. Мен газеттен түспейтін жамандағыштардың көбейіп кетуінен қатты қауіптенем. Оларға менің айтпағым да жоқ емес. Бабаларымыздың білектің күшімен, найзаның ұшымен бізге қалдырған жерін басқару - тек біліктіліктің арқасында жүзеге асатын іс. Ел басқарып отырған басшыларға орынды-орынсыз сындар айтылып жатады. Сын айтушыларға: «Ел басқару оңай болса, өзің немесе ұрпағың суырылып шығып, ел басқарса, қайда қалды?» - дер едім.

Байқайсыз ба, қазір ел басқарушылардың жас шамасына қарамай, шаштары ерте ағарып жатыр. Айтайын дегенім, жақында өзіміздің облыстан шығатын «Айна» газетінің және басқа

газеттер де өткір сын, әдемі суреттер, түрлі тақырыптарға көңіл аударған екен. Бетке ұстар ақынымыз Бауыржан Халиоллаға қуанышты екенімді айтып, құттықтап та алдым. Ұзағынан болсын! Мен қазір Ақсай қаласының тұрғынымын. Қазақта «Әркімнің шыққан тауы биік болсын» деген мақал бар ғой. Осыдан екі жыл бұрын Бөрлі ауданына ел басқарып, мол тәжірибе жинақтаған Болат Шәкімов әкім болып келді. Келе, батыл қадамдар жасай бастады. Мұндайға үйренбеген халық алғашында тіксіне қабылдағанмен, соңынан әкімді түсіне бастады.

Айталық, қала базарларында бірнеше жылдар бойы табанынан ызғар өтіп, желдің өтінде тұрған қыз-келіншектеріміз басында базарды көшіруге қарсы болғанмен, кейін жаңа да жылы орындарға жайғасып алған соң, әкімге алғыстарын жаудырды. Бөрлі ауданы оқу-тәрбие, спорт саласы жағынан алда келеді. Бұл жағына да қатты көңіл бөлінуде.

Аудан әкімінің идеология жөніндегі орынбасары Сидихов Талғат Мұстажапұлы ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, мұнай саласының маманы, қазақ тілін жетік біледі, әлеуметтік саладағы барлық жұмыстың басы-қасында ыстық-суығына төзіп жүрген жанашыры. Мұндай білікті басшылар Ақсай қаласына керек-ақ. Өйткені мұнда тіршілік етіп жатқан түрлі ұлт өкілдерінің тілін табуға да біліктілік керек емес пе?

Қазір Ақсай қаласына жаңа демалыс орындары ашылып, аудан төңірегіндегі кітапхана жұмыстары қарқынды жолға қойылуда. Кітапханаға әдейі машина бөлініп, аудан-ауыл кітапханаларының штаттары көбейтіліп, балабақшалар жөнделіп жатыр. Халық бірін біліп, бірін білмей жатқан шығар. Бірақ істелген жұмыс бірден көзге түспей ме?

Ең жаман жерлердің ой-шұңқырын түзеуге қомақты ақша берген шетелдік азаматқа мәслихатпен ақылдаса отырып, көше атауын берейік деп ұйғарған екен. Мүмкін, ол азамат із қалдырарлық көмек беріп жатқан шығар. Жұмыс жүргізейін, көшелерді ретке келтірейін, жолдарды тегістеп алайын деген ниет ақылдастар алқасын осындай ұйғарымға жетелеген шығар. Жергілікті тұрғын, аудандық мәслихаттың хатшысы Ізмағамбетов Ибрагим жастарды теріс іске итермелейді деп ойламаймын. Қазақстанға келіп-кетіп жататын шетелдіктердің есімін қалдыру-қалдырмау жағын ұрпақтың еншісіне қалдырып, жолымызды, көшемізді жөндей алайық деген жақсы

ниеттегі басшылардың аяғынан шалуға әзір тұрғанымыз бола қоймас деп ойлаймын. Тіпті, ол басшылар облыс әкімі Бақтықожа Ізмұханбетовпен ақылдаспай істемес те. Ал облыс әкімі Бақтықожа өзінің ісін қаланы, даланы аяқтай аралап, көрсетіп жүрген жоқ па? Облыстан шалғай жатқан аудандардан іссапарын бастаған, жасап жатқан істеріне қатты риза болып отырған аналардың бірімін. Бөкейорда, Сырым, Қаратөбе секілді ең алыс аудандарға газ құбырын жүргізу өте батыл қадам деп ойлаймын. Халықтың алғысына бөленетін азаматтың бірі Бақтықожа болмақ.

Ақсай қаласының жылдан-жылға көркейіп өсіп келе жатқанына қуанып отырамын. Бірақ ел болған соң, оның ой-шұңқыры болатыны белгілі. Сол ой-шұңқырды тегістеу қазір үлкенді-кішілі басшылардың үлесіне тиіп отыр. Оларды осы ой-шұңқырды тегістеуге міндеттеп отыр. Осыған орай «Айна» газеті бірінші бетін Ақсай қаласының әкімінен бастапты. Ақсай қаласына әкім бір-екі жылдан артық тұрып жатқан жоқ. Мүмкін, тәжірибе жинақтаған әкімдерді басқа жерге ел басқаруға алып жатқан шығар. Шетелдік Р. Фокске көшенің атын беру жөнінде (мақаланың мазмұны) Ақсай қаласының ой-шұңқырын, жолдарын, көшелерін ретке келтіруге көңіл бөлінген екен. Иә, Болат Шәкімов келгелі көше жолдары үздіксіз ретке келтіріліп жатыр. Кәдімгідей көз сүйсінеді. Салынғалы кісі бармай тұрған жаңа базар қазір халыққа лық толы, аузы-мұрнынан шықты. Бұл әкімнің дұрыс шешім қабылдағанының нәтижесі.

«Болашақ» базарының айналасы да тазарып, сәні кіріп қалды. Жөнді-жөнсіз отырғызылған ағаштар да сәнді қырқылып, қаланың ажарын ашуда. Көшеде жұмыс жасап жүрген қыз-жігіттердің көңіл-күйлері көтеріңкі. Бес күн жасап, екі күн демаламыз, 35 мың теңге жалақы аламыз деп ризашылық сезіммен айтады. Иә, шетелдік компания үздіксіз көмектесетінге ұқсайды. Осындай іскер азаматтарды түртпектей берудің халыққа зияны тимесе, пайдасы аз деп ойлаймын. Қайта «Іске сәт, қарақтарым!» дегім келіп отырады менің. Иә, іргедегі қаулап өсіп келе жатқан ауылдарға газ жетпей жатқаны рас. Қай істің де бір күнде бола қоймайтынын ескерсек, біртіндеп іске асуын күтейік, халайық! Ақын - халықтың көзі мен құлағы. Мен халықтың қазіргі Ақсайдың жаңғырып, әдеміленіп келе жатқаны туралы айтқандарын әр жерден естіп жүрмін. Жеңістің 65 жылдығы да әне-міне дегенше келіп жететінін

ескерсек, облыстың, ауданның әкімдерін орындарынан қозғаймай, жұмыстарын жалғастыра беруіне халқымыз болып көмектесейік, халайық. Келесі жылы Елбасы да 70 жасқа толады. Осы тойлар ойдан шықса, жақсы болар еді.

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
зейнеткер, ақын.
Ақсай қаласы. 10.07. 2009 ж.

«Әй» дейтін әже бар ма, осы?

Мен жасым сексенге аяқ басқан, соғыстан бұрын дүниеге келіп, өмір көрген адаммын. Соғыстың зардабын Құдай енді басқа бермесін! Енді «Еліміз тыныш, соғыссыз өмір сүрсе екен» деген тілекпен өмір сүріп отырмын. Құдайға мың шүкір, елдің әл-ауқаты, халықтың тұрмыс жағдайы түзелді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық жоспары біртіндеп жүзеге асып келеді. Елбасымыздың саясаты, оның көрегендігі халыққа қызмет етіп, ел соның игілігін көріп отыр. Құлақ естігенді көз көреді. Алыс-жақын елдермен мидай араласып, көзіміз ашылып, көкірегіміз оянып жатыр. Біздің елімізге әлем саясаткерлері қызыға да қызғана қарауда. Сондай-ақ Елбасымызға да оңды бағасын беріп жатқан әлемдегі ірі мемлекеттердің басшылары да ақылсыз болмас.

Осыған біз неге қуанбаймыз? Неге мемлекет басшысының ұстанған бағытына мақтанып, еліміз болып, қолтығынан демеп, күш беріп, рухтандырып отырмаймыз? Президентіміз екі тілде мүдірмей сөйлеп, халқын ұйытып отырғанын көзіміз көріп, куә болып жүрміз. Нұрсұлтан Әбішұлын Алла Тағаланың өзі жіберіп, қазақ деген халықтың, осы елді мекендеп отырған түрлі ұлыстың бағын ашып отыр деп ойлаймын. Өйткені әлемді алақандағыдай көріп, шетімізден білгіш болып кетуіміз сол кісінің біліктілігінің арқасы емес пе?

Мен ара-тұра «Жүздесу», «Жас алаш» газеттерін кітапханадан немесе сатып алып оқимын. Оқимын да таңғалам. Қазақта «Үй ішінен жау шықса, қашсаң да құтыла алмайсың» деген мақал бар. Әлгі басылымдар жазатын басқа ештеңе таппағандай, алдымен Елбасыға тиіседі. Масқара емес пе?!

Қазір Астана мен Алматыны былай қойғанда, Қазақстанның барлық қалалары адам айтқысыз өсіп, көркейіп жатыр. Қазір ауылдың өзін адам танымастай өзгертіп жатыр. Халық нанға тойды. Қай дүкенге, қай базарға барсаң да, құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Содан басқа не керек? Халықты жаппай жұмысқа, білімге тартып, шама-шарқы келгенше жақсылық жасап жатыр. Елбасын жамандау елді, өзіңді жамандау емес пе? Бізді түсінген шетелдіктер не дейді? Елбасының жақын-жаранын газетке өне бойы арқау етіп отыру елдігімізге сын емес пе? Демократия дегеннің де бір шегі болмай ма? Әлде жазатын материал жоқ па? Осы уақытқа дейін елімізді көркейтуге үлес қосқан талай сабазың зейнеткерлік демалысқа шығып, үйлерінде отыр емес пе? Неге солар туралы жазбасқа?

Қазақтың «Бас жарылса, бөрік ішінде» деген нақыл сөзі бар. Жаңағы жазғыштар өз артын өзі ашып жүрген секілді. Мен осыған өте ұялып отырмын.

Қымбатты ағайындар! Өсектің түбі жақсылыққа апармайды. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер» дегенді ата-бабаларымыз тегін айтпаған шығар. «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қажет» екендігін естен шығармағанымыз абзал. Амандық болса, осы жылы Елбасымыз 70-ке толады. Әже ретінде қазаққа лайықсыз қылықтан арылғанымыз жөн дер едім. Халқымызға қанағат тілеймін.

Мәңгілік мекеніміз Ақсайда

Отағасы екеуіміз 50 жыл, екі ай, он күн отасып, өмірге он ұл-қыз әкеліп, бақытты ғұмыр кешкеніміздің алыстап бара жатқанына да үш жыл толғалы отыр. Бауыр басып қалғаным сонша, ол өткен өмірімізді ұмыту, бақытты жұбайлық шақтарымызбен қоштасумен бара-бар екен. Құдайым-ай, кешіре гөр, күпірлікке санай көрме. Бұндай өмірге жеткен де бар, жетпеген де бар. Балаларымның алдында, тікеңнен жүріп, бір ауыз тілге келмей жүре бердің. Бір жағынан бұл таптырмайтын ажал. Сол күні төрт серия киноны екеуіміз тұтас қарап шықтық емес пе.

Бар болғаны жарты сағатқа жетер жетпес уақыт, сол жағыңа жайлап менің қолымда қисая қойдың, ешқандай қорыл, сырыл да болмады. Сондықтан да болар, сенің кеткеніңе әлі нанғым келмейді. Жедел жәрдемге шанбай, доктор шақырдым. Сонда ғана, сенен шын

шын айрылғанымды білдім. Тағдыр деген сол. Сол түнде Ақтауға, Астанаға телефонмен хабарлап, таңертең ұшақпен балаларың да жетті. Ұл-қыздарың, күйеу-балаларың тегіс келіп қонағыңды жақсылап атқарды, кісі көп болды. Сені жерлегенде қасыңнан өзіме орын қалдырдым. Ақсайға Оралдан кіре берісте, сол жағыңда қазақ пен орыстың мәйіті қатар жатыр екен, қазақ мәйітінің шетін ала салынған мәйіттің қазір ортаға кіріп бара жатқандай. Жаңаөзеннен Нұрлан жаным 12 ақ тасты поезға тиеп жіберген. Әрбір тас ірілігі сонша, тек кранмен ғана көтеріледі. Келген тасты мәйіттің қасына жеткізгенше, әрбір тастың құны 33 мың теңгеге түскен екен. Төрт бұрышты еңселі ақ үй енді екеуміздің мәңгілік үйіміз болмақ.

Осындай үйді салып үйренген Маңғыстаудың төрт жігіті 20 күн дегенде үйді салып бітірді. Шет жақтан үй жалдап, төсек орын апарып, тамағын тасып, ертеңді - кеш жігіттерді мәйіт басына алып барып, алып келіп, моншаға жуындыруды Нұралы көкем мойнына алды. Әдейі демалыс алды. Сегіз мыңдай долларға тұрғызылған үйді оюланған өрнегінен ертең ұрпағың тауып алсын деп әдейі жазып отырмын.

Сені шығарып салуға көп адам келді, Аралтөбеден жұмыстасымыз қырқына келді. Жүз күндігіне үлгеріп, құран оқыттық. Сен кеткесін көп ұзамай маған өлең келді. Ол өлеңге ән шығарып, өзім оңашада сол өлеңмен өзімді жұбатып жүрдім. Ол өлеңді «Әке орны баламен өлшенбейді» деп атадым. Үш кітаптан кейін кітап шығарам деп ойламап едім, саған шығарған өлеңім үшін осы кітапты шығаруыма тура келді. Оның үстіне Жеңістің 65 жылдығы да мені тағы қозғап жүр. Соғыс құрбаны әкем Есенбаев Құсайын мен он баланың әкесі, немере, жиендерімнің атасы сенімен осылай қоштасуды жөн көріп отырмын. Өлеңімнің мазмұны өзіңе арналады. Сонша жыл отассам да бетіңе атыңды атап көрмегесін бе, сөзімді отағасы деп бастауым сондықтан. «Күте тұр» деген өлең де саған арналған. Құдайға шүкір, енді екеумізден өрген ұрпақтың тілегін тілеп, еліміздің тыныштығын тілеп, күн сайын сенің ұстаған ала таяғыңды ұстап, онымен сенімен сөйлескендей сөйлесіп қоямын. Жасымда адам айтқысыз қорқақ болдым ғой. Сенің Нұрлан әперген әдемі ала таяғың қазір мені қарауылдап қатарымнан орын алды. Соны кәдімгі сүйеніш көрем.

Көзіңнің тірісінде өмірімізге ризашылығыңды ашық айтып «Біз қазір жұмақта өмір сүріп отырмыз» дейтін едің.

Екеуміз де балажан едік қой. Бар махаббатымызды балаларымызға төгіппіз. Сол қазір алдымыздан шығып отыр. Барлығы тұстұстан қоңырау шалып, менің хабарымды біліп отырады. Ақтаудағы Нұрланым күніне екі-үш рет қоңырау шалады. Қасымдағы балаларым менен әлде қалай хабар ала алмаса, үйге жетіп келеді. Бәріне өте ризамын. Ата-анаға құрметі Алладан қайтсын.

2006 жыл

Бүгін 31 желтоқсан 2006 жылдың соңғы күні. Бұл жыл мен үшін талай жақсылықтардың басынан өткізген жылым десе дұрыс болады. 2006 жылдың 22 наурызы қазақша жаңа жылы күні мен екі жыл үйде тұрып қалған, Елбасына арнап тіккен киіз үйім Ақсай қаласының Мәдениет үйінің жоғарғы қабатында әдейі бір бөлмеге құрылып, ішінде ауданның «Ақ жаулықты әжелері», оқушылар, мәдениет қызметкерлері отырып сөз сөйлеп, өз пікірлерін айтып, өнерге баға бере отырып, Ақсай қаласының әкімі Қайырғали Имашевқа алғыс сезімдерін білдіріп, Жаңа жылды қарсылағандығымызбен есте қалды. Облыстық тележурналисттің жиырма минуттық түсірілімі, кейін облыстың, республиканың телевизорларынан көрсетілді. Бұл жылы мені «Тәуелсіздіктің 15 жылдығы» мерекесіне шақырып, жыл қортындысына «Алғыс хат» пен бағалы сыйлықпен марапаттады. Бұл жылы мені Бөрлі ауданы бойынша және Сырым ауданы бойынша әзірленген энциклопедияға кіргіздірілдім. Бұл менің тынбай ізденісімнің бағаланғанын білдіреді. 2006 жыл мен үшін осындай жақсылығымен бағаланады. 2006 жылдың аяғы жоғарыдағыдай жақсылығымен есте қалса, жағымсыз жағы мені 1983 жылдан бері көзінен таса қылмай өнерімді халыққа насихаттап жүрген журналист Ботакөз Баймұқанқызын арамыздан мейірімсіз ажал алып кетті. Менің қатты қиналып, жоқтаған, қызымыздай болып кеткен қымбат адамымды жоғалтқан жылым болды. Елу жасқа осы жылы толып, көптеген арманын жүзеге асыра алмай кеткені өкіндірді. Облыстық телевидениенің журналисі Ботакөз Баймұқанқызы екі өмірдің адамы болуға лайықты, артына із қылдырып кетті. Өзі көзі тірісінде көп күткен марапаты әбден көзі жұмылғасын республикадан «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Бірақ ол жақсылық хабарды ол ести алмады. Баласы Дәуренге табыс етілді.



1. С.С. Арыстанов. 2. А. Тасымова. 3. Г.Г. Орынғалиев. 4. Темір Құсайын. 5. Б.А. Шакимов. 6. Күланда Шканова.
7. Дәмелі Құсайынқызы. 8. Қ.Т. Төлебаев. 9. Күланда Өтешева. 10. Қамажай Нұғманова.
11. Гүлсім Қамелқызы. 12. С.Г. Шауенов.



Елбасына арналған үй

Өлең менен өнерді қатар өрген

Дүйім дүниені думанды дүбірге, айналаны нұрға бөлеп келген көктемнің лебі ескен шуақты сәуір айының басында аудан, облыс, республика жұртшылығына ақындығымен, шеберлігімен танылған Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ 70 жасқа толмақ.

Бойына адамгершілік, инабаттылық, парасаттылық, кішіпейілділік сияқты асыл қасиеттерді жинақтаған қолы шебер, көңілі таза, жүрегі жұмсақ жан өзінің мерейлі белесіне зор шығармашылық табыстарымен жетіп отыр.

Жүйткіген жылдардың жалына жармасқан осынау уақыт ішінде Дәмелі апай өзінің жырларында «киіз үй өрнектегем әдемілеп» деп жазғанындай, күндіз-түні тынбай еңбектеніп, көз майын тамызып тіккен төрт бірдей киіз үйдің жабдығын оюлап тігіп, халық қазынасын қастерлейтін қауымға ұсынды.

Наурызда немесе мереке-думандарда құрулы тұрған киіз үйлер әдемілігімен көз тартып, көңілді марқайтады. Алайда оның қалай жасалғанына, қанша тер төгілгеніне кез келген адам мән бере бермейді. «Істің жайын тіккен білер, оттың жайын жаққан білер» дегендей, қазақ халқының асыл мұрасын жас ұрпаққа насихаттап жүрген ісмер ана асқан шыдамдылықты, ой-қиял көкжиегінің кеңдігін талап ететін шұқыма жұмыстың қырсыры туралы шешіле әңгімеледі: «Іс тігіп, оны, мінсіз шығару кез келгеннің қолынан келе бермейді. Оған адамның адамы, әйелдің әйелі ғана шыдайды. Әрбір тігістің, ою-өрнектің өз орны мен атауы, мән-мағынасы бар. Түсіне білген адамға әсем ойылып, әдемі әдіптелген әр өрнектің астарында ерекше ой, терең мағына жатады. Бұл өнер жүреппен істеуді қажет етеді».

Дәмелі апайдың қолынан шыққан екі тұскиізі республикалық қолөнер мұражайында сақтаулы, киіз үйлері жер-жерде өтетін мерекелік шаралардың ажарын ашып жүр. Жымпиты ауданының Аралтөбе орта мектебінде еңбек пәнінен сабақ берген кезінде оқушылармен бірге дайындаған үй бұйымдары, ұлттық киімдер, батырлардың сауыт-саймандары, сарбаздардың сыртқы киімдері, бас киімдер мен өрнекті белбеулері де орнымен қолданылуда. «Шешеннің сөзі ортақ, шебердің қолы ортақ» деген осы емес пе? Апай ұлттық өнерді ұлықтау мақсатында өзінің қатысуымен өткен барлық шараларды, қолөнер бұйымдарын бейнет-аспаға түсіріп, аудандық, облыстық мұражайларға тапсырды.

Кейінгі жылдары қаламды серік еткен ананың жүрегінен жарып шыққан сыршыл сезімдерін жеткізген әсем жырлары жинақталып, «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді» деген үш кітап болып баспадан жарық көрді. Қазіргі таңда ақын ана төртінші кітабын шығаруға дайындық үстінде.

Табиғатынан әсершіл, мейірімді, айналасындағыларға бей-жай қарай алмайтын ақын ауданның қоғамдық өміріне белсенді араласып, маңызды оқиғалары мен дамудың жаңа үрдістеріне өлеңдері арқылы үн қосып, пікірін білдіріп отыруды өзінің адами парызы санайды. Әсіресе, ана жаны әйелдердің отбасы, ошақ қасында қалып қоймай, өмірден өз орнын табуын көксейді.

Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, өнерлі өрендер мен жас таланттардың тәлімгері, ақылшы-ұстазы болған Дәмелі Құсайынқызы жұбайы Шапай Қажығалиев екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Қай кезде де қонақжай, қолы ашық, дастарханы берекелі, отбасының шырайын кіргізетін Дәмелі апай мектептегі қызметі мен қоғамдық жұмыстарды қатар ала жүріп, үйіндегі үш анасын да балаша бағып-қақты, өмірден өткенде ақ жауып, арулап аттандырды. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» демей ме халық даналығы?! Осы аналарының ақ батасы болар, әйтеуір, ұл-қыздары өсіп-жетіліп, бүгінде әртүрлі салада еңбек етіп жүр. Өз алдарына шаңырақ көтеріп, ардақты ата-аналарын алақандарына салып, бағып, оларға немере-жиен сүйгізді.

Тәттісін ұсынған өмірдің ащы сыбағасы да қатар жүреді. Үлкен-кішінің ілтипатына ие болып, құрметке бөленіп, бақыттың шәрбөтін шайқап ішіп жүрген аяулы ананы 2007 жылы дүниеден өткен жұбайының қазасы күйзелтіп-ақ кетті. Сыңарынан айырылған айдын көлдің аққуының күйін кешкен ана жүрегіндегі қайғы қағаз бетінде өлең боп өрілсе, өздерінен өрбіген ұрпағының қуанышы мен жақсылықтары, тәтті қылықтары шерлі көкірекке жұбаныш сыйлайды, ойын алаңдатады.

Қажыр-қайратын бойына жиып, ерік-жігеріне сүйеніп, ауыр қайғыдан басын көтерген ана балашағасының тілеуін тілеп, солардың ортасында жапырағы жайқалған мәуелі бәйтеректей боп отыр. Басына түскен ауыртпалықты қатепті қара нардай көтеріп, қуанышын да, қайғысын да өлеңге сыйдырып, өнерімен өрнектеген Дәмелі апай қазақ әйеліне тән қайсарлықпен алға басуда.

А. АХМЕТОВА.

Хаттар

Құрметті Бақтығожа інім, сізге деген алғысымды ерте ме, кеш пе кітапқа түсіремін деп ойлаймын. Ақсай қаласына алғашқы өзіңізді таныстыра келгеннен бастап, менің өтініштеріме көңіл бөліп, мені қолдадыңыз. Жүйкем тозып, оның үстіне бес киіз үй тіккен қолым іске жарамай қалып, өлең жаза алмай қалған кездерімде, мен іс тіге алмағанмен, қолыма қалам алуға Сіздің қолдауыңыз себеп болды.

Қазір аздап ара-тұра өлең жазып жүрмін. Алла тағала сіздің жаныңызға жамандық бермесін!

Сіздің облысқа қарайтын аудандар мен ауыл аймақты аяқтай аралап жүргеніңізді ара-тұра теледидардан көріп қалып жүрмін. «Орал өңірі» газетінен материалдарыңызды оқып жүрмін. Бірақ, әлі де сіз туралы бәрін біліп жүрмін деп айта алмаймын. Жұмысыңызға табыс тілеп, сізге жақсылық тілеп жүрген бір апамыз бар деп есептеуіңізге болады. Мен 32 жыл жұмыс өтіліме қоса 1988 жылы зейнеткерлікке шыққаннан бері бес киіз үй, үш кітап, көптеген бейне таспаларды жазып, тынымсыз еңбек етіп отырған жанмын. $32 + 20 = 52$ жыл еңбегімнің ұрпаққа қажет жерлері мол деп есептеймін. Талай қынжылған уақыттарым болды. Бірақ біреуді жамандап, жанына тигенім жоқ десем де, ренжіген адамдарымның бетіне, не сыртына айтпай, өзім іштей күйзелген күндерім аз болған жоқ. Мен жүрген аудандағы басшылардың білгенінше қолдап жүргенінің арқасында қолөнері туралы біраз қолтаңба қалдырдым. Қазір бейнетаспаларды немесе дискілерді әзірлеп, мұражайға қалдыру ойымда жүр. Не тележурналист дұрыс шығармайды, не киіз үйдің сүйегі келіспейді, ойымнан шығыңқырамай жүр. Мен киіз үйдің қалай қапталуының іші-сырты қалай әшекейленуінің қазіргі заманғы үлгесін беріп отырғанмен, облыстың мұражай қызметкері менің киіз үйімді киізден жасалмаған деп халыққа көрсетуге құлықты болған жоқ. Ма-таға ою салудың қияметін бастан кешпеген адам, киіз үй жасаудың қияметін қайдан білсін. Сөйтіп, маңдайым талай тасқа тиді. Өнер адамын, өнердің азабын басынан кешкен адам ғана бағалай алса керек.

Мен Ақсайға келгесін тіге бастаған киіз үйімнің бәрін де Елбасына арнап тіктім. Бірақ, бірінде Елбасы түгіл, облыс орталығына бір жарқыратып құра алмадым. Марқұм Ботагөз

Баймұқанқызы барлық киіз үйімді өз көзімен көріп, теледидардан көрсетіп отырды. Бірақ, халықтың бәрі көрді деп айтуға болмайды. Тірі киіз үйді сіздің тапсырмаңызбен Атаян стадионына алғашқы құрдым. Бірақ мен ішкі-сыртқы төбесінің әшекейін, жабындыларын жаба алмай тағы қынжылып тұрғанымда, сіз келіп қарап шығып, жүз мың теңге беріп жіберіпсіз. Бұл менің ең алғашқы қомақты сыйлығым.

Мен сіздің өнер адамын бағалай білетін басшы екеніңізге өте ризамын. 1990 жылы Москвада, 1992 жылы Алматыда бір жұмадан киіз үймен тұрып, бейнет көргенім өз алдына, таңдайыма татыған ащы тер, шөл, жол бейнеті де маған оңай соққан емес. Бірақ, тіпті мақтау қағазды да салтанатпен беру ойларына келмеген басқарушылар болды. Әйтеуір газет, телевизор әр ісімді жазып, мадақтап кезінде жазып жүрді. Ал медаль дегендерді өздері алып жүріпті. Құдайға шүкір, сіздің қолдауыңыз маған шабыт беріп қолыма қалам ұстай бастадым. 2009 жылдың бірінші, екінші айларында менің қолөнерім жайында «Қазақстан әйелдері» журналы бере бастады. Наурыз айында Астана радиосынан Наурыз жайында сегіз минут сөйлеткізді. Әйтеуір, менің киіз үйімнің үлгісі жарыққа шықты деген сөз. Батыстың намысын қорғағаным ризамын, бұл да болса сіздің мені демеп жібергеніңіздің арқасы деп білемін. Менің соғыс ардагері үйсіз отыр деген сөзіме құлақ асып, алты айдың ішінде төрт бөлмелі үйге кіргіздіңіз. Сіздің қыспағыңыздың арқасында асығыстау кіріп алған қарттар (екеуі де 85 жаста) әжетханасы сыртта, суы да сыртта, ваннасы жоқ үйге кіріп, сізге ақ батасын төгіп отыр. Енді ол үйге су кіргізіп, ванна, туалет кіргізіп берсе, керім болар еді. Оған да сіздің қысымыңыз керек болып тұр. Әсия Мұхитоваға да үй беріпті. Он баланы өмірге әкеліп, бәріне білім-тәрбие беріп, аяқтарынан тік тұрғызу ата-анасы біздің (ұстаздар жанұясының) міндетіміз де оңайға соққан жоқ. Әкеміздің (отағасының) қайтыс болғанына үш жыл толды. Қандай басшы да сіздің жағдайыңыз қалай деп сұраған емес.

Мен болсам «бәрі арықтығын білдірмейді» деген намыспен өзімді әбден дәлелдеп алмай жағдайымды айтып немесе курорт сұрап, үй сұрап мазалаған емеспін. 1996 жылы екі қызым, балаларымның алды біреуі үйін босатып беріп, Сырым ауданынан көшіріп әкелді, содан бері Ақсайда тұрып жатырмыз.

Бір қызым 39 жасында Италиядан теңін тауып тұрмысқа шықты. Бірақ, көзір жұмыссыз отыр. Жолдасы да жартылай жұмыссыз. Енді мен отырған үйімді босатуым керек-ау деп ойлаймын. Әрине, маған босатуды ешкім айтқан емес. Бірақ, өзім ұялып отырмын. Бұрын киіз үйдің ақшасына кітап шығарып, киіз үйге материал алып, оларға салмақты көп салған жоқ едім. Әрине, салмақ салып отырмын. Өйткені, кварт. плата, телефон, басқа балаларымды оқыту, ұзату, үйлендіру сол екі қызымның мойнында тұрды. Әлі де бір қызым бар, ауыртпалықты көтеріп отыр. Ол да тұрмысқа шықпаған қыз. Оның да жасы елуден кетіп, қызы бой жетіп қалды. Қызын оқуға түсіремін деп шапқылау алда оны күтіп тұр. Жеті қызымның алтауы тұрмыста, үш ұлымның бірі Ақтауда, бірі Астанада, бірі Ақсайда. Ақсайдағы ұлым келінімнің мүгедек ата-анасының қаржысын түгел мойнына алып отыр.

Ақтаудағы ұлымның төрт баласы бар. Бәріне де сыйлы анамын. Бірақ, бірінің де қолына барғым келмейді. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деген, қойшының да қонағы болады деген бар ғой. Менің кезексіз үй сұрауымның қисыны бар ма, сонымен сізбен ақылдасқым келіп жүр. Астанаға бару ойымда жоқ. Ел табанынан алыстағым келмейді. Италиядағы қызым үйін сату немесе жалдауға тірелсе маған қиындау болатын шығар. Осындай жағдайым, шырағым. Оралдан болса да баспана беріп жатсаңыздар, жақсы болып кетер еді деп ойлаймын.

Қайратқа үй бергеніңіз - біліктілік. Қайрат Жұмағалиев ақын ғана емес ара-тұра прозаға да ауысып жүр және білікті аудармашы. 2009 жылғы «Егемен Қазақстан» газетіндегі 20 наурыз «Хас батыр» деген мақаласын оқуға кеңес берер едім. Бұдан оншақты жыл бұрын Қайрат 60 жасқа толып, соның құрметіне «Ақжайық» санаторийінде демалып жатыр екен. Біз отағасы екеуімізді балалар өз орындарына демалуға жіберген. Қайраттың қасында үнемі бір жас жігіт кіріп-шығып жүретін.

Қайрат шортикпен жүрген кезде біреулерге ерсі көрініп, ол менің намысыма тиген болуы керек, Қайрат оралдық. Және мені білмесе де жасымыз шамалас, үш шумақ өлең жазып Қайраттың қасындағы профессор жігітке бердім. Сол өлеңнің бір шумағы есімде қалыпты.

Шортик кию лайық па,
Пайғамбардың жасында.
Келіп алып Жайыққа,
Қай қылығың асырған, - деп.

Қайратқа кездесу өткіземіз деп Орал телевидениесінен Ботагөз Баймұқанқызы келе қалды. Ұят болар деп тағы бес-алты шумақ өлең жазып, кездесу кешінде оқитын жерім ғой, әрине, орынды мадақтап. Кеш біткесін, мені қолына тиген өлеңі арқылы сұрастырмай ма? Әлгі профессор жігіт, әлгі үш шумақ өлеңді осы кезге дейін беруге батылы жетпеген ғой. Ботаның айтуынша сіздің өлеңізге бір жыл күліп жүрдік дейді. Сондай да қызық болған.

Бірақ, менің ақындығым Ақсай мен Сырым елінен асқан жоқ. Орал өңіріне ара-тұра өлең жіберсем, жауапсыз қалады. Бауыржан Ғубайдуллин Ақсайға оқырмандармен кездесуге келгенде менің шеберлігімді білгенмен, ақындығымды білмейтінін айтқасын 4-5 өлеңімді беріп жібергенмін. Сірә, менің өлеңіме газеттен орын болмаса керек. Газетке оқырман тарту үшін басуға жарайтын өлеңді шығарып отырса, газеттің таралымы өспей ме? Өлеңім шықпаған газетке:

Мен бір түйір ақынмын,
Атағы жоқ, тақырмын.
Айтарым көп кеудемде,
Жарылуға жақынмын.
Өлең жазам, саспаймын.
Мылжың сөзге баспаймын.
Не жазсам да Оралдың
Газетіне баспайды.
Әр жыл сайын әдетте,
Жазыл дейді газетке.
Бір өлеңім шықпаса,
Жазылуым қажет пе? - дегім келеді.

Өткенде сізге қалдырған ою, өлең мен түскен екінші дискі Оралға келіп, бұдан екі жыл бұрын жеті-сегіз сериялы кино түсіріп кеткен «Бақыт Қайырбеков» атындағы киностудияның түсірген дүниесі. Киноның 27 сериясына іліктірген. Маған мен Ақтаудағы ұлымның үйіне самолетке 25 мың теңге төлеп барғаным сол еді. Алматыдан сізді «Аргументы и факты» газетінен оқыдық, сізден сұхбат алуға бола ма дегесін қайтадан самолетке 25 мың теңге төлеп келіп, үйден сұхбат бердім. Ұзақтығы 40 минуттан астам. Ол дискіні менің өтінішім бойынша менің 70 жасқа толуыма жіберді. Киноны Ғафу Қайырбековтің ұлы Бақытжан Қайырбеков түсірткізіп жүр. Биыл телевизордан көріп қалдым Бақытжанды, 30 сериялы кино түсірдік дейді. Батыс Қазақстанды жеті серия етіп түсірген

екен, соның 27 сериясына іліктірген. Қашан, қай каналдан көрсететінін білмеймін. Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстіктің тау-тасы, өзен-суы, (яғни табиғаты) ел ішіндегі өнер адамдарын түсіріп жүрген көрінеді. Бізге келіп түсіріп жүрген жігіт режиссер Әсет Ерназаров. Тел. 87013723263 Алматы «Студия «Бақыт Қайырбеков» «Ғафу» хотять снять фильм об области» деп телефон соғыпты. Осы шығынның қонақасын қосқанда бәрі өзімнен. Мен өз қолымнан шыққан қолөнерім ұрпаққа жетеді деген үмітіме мәзбін. Әйтеуір, «Қазақстан әйелдері» журналына екі киіз үйім ілікті ғой. Осыған да ризамын. Бірақ, 1990 жылдан бері менің киіз үйімді әлі ешкім қайталаған жоқ. Өйткені, оған көп шығын мен төзім, уақыт керек. Бірақ, Батыс Қазақстан облысы Оралдың намысын қорғадым деп отырмын. Жаңа ғана журналға түсіп жатыр ғой, алда, халық аман болса, арасынан біреулер шығар. Бақтықожа қарағым, сіздің менімен санасатыныңызға сенімдімін. Хатты алғаныңыз туралы жауап береді деп күтемін. Тағы бір сіздің есіңізге Оралда тұрып жатқан журналист Орынбай Жәкібаев деген азаматтың үш томдық «Азаттық» деген кітабын оқып шығуыңызды қалар едім. Ол туралы өз пікірімді жазғанмын. Бірақ, оны Орал баса қоймас деп газетке жібергенім жоқ.

Жасым 70-тен асқанда қайдан білмейтін есіктерді қағып жүрейін. Оған денсаулығым да жағдайым да келіңкіремейді. Өйткені, мені тасып жүретін ешкім жоқ, онсызда өз балаларымды аз мазалағаным жоқ.

Мен барлық дискілерімді әр қайсысы мың теңгеден музейлерге әзірлеп жүрмін. Алдында да мына мұражайларға тапсырған едім.

Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Жымпиты, Ақсай. Соңғы кітабымның соңында актілер бар. Ол кітап мектеп үшін өте қажет.

ХАТ

2.10.2008 жыл.

Сәлематсыз ба, Жолды қарағым. 1989 жылы марқұм Ораз Қарекенов екеуіңіз менің шығармашылығымды Жымпиты совхозына ауданның айналасындағы барлық колхоз, совхоздарының ақын, парткомдарын жинап келіп, әнші Жәркемалиевтің әнімен өте әдемі кеш өткізгеніңіз сіздің де өмірде талай жарқын да мәнді жұмыстың тізігінін ұстап, әлі күнге дейін Сырым ауданының жас әкімі Ерланның оң қолы болып жүргеніңізге қатты ризашылығымды білдіремін. Мен сізді Жымпиты ауданының мәдениет басшысы болып жүргеніңізден бастап тани бастағанмын. Менің «Болмасын соғыс» деген өлеңім ішіме сыймай жүргенде марқұм Жаңыл Жұрмағамбетова ақын апамыз мені осы өлеңімді айтуға ойда-жоқта, көрермен ретінде барған жерімнен, айтып беруге мәжбүрлеген болатын. Сонда маған бұрын келмеген дауыс, батылдық келіп осы өлеңді айтуға халықтың алдында батылым жетіп, айтып шықанымда сіз менің қолымнан сүйіп, риза болғаныңыз есімде, менің де халықтың алдына бірінші шығуым болатын. Аудандық газетке өлеңдерім шығып жүргенімен, қол өнерім ауданда жарқырап көрінгенімен телевизорға түсіріп алуға мүмкіндігім ол кезде болған жоқ еді. Зейнеткерлікке шыққасын Ақсай қаласына 1996 жылы балаларым көшіріп алды. Мұнда біздерге жұмақ өмір басталып кетті. Газ, свет, су бәрі үйде. Лифт жасап тұрды. Базар танауымыздың астында. Жұмыс жоқ, тамақ тоқ. Абай атамыз айтқандай «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» демей ме.

Енді қарап отыруға менің хақым да жоқ еді ғой. Ақсай қаласында отырып 1996 жылдан бері 4 (төрт) киіз үйдің іші-сыртын әдемілеп, оюлап тігіп, халықтың пайдалануына ұсынып отырдым. Сол қолөнері жайлы және менің өлең жазатыным бар, өлеңдерімді қоса қолөнері жайында ұрпаққа өз білгендерімді кітапқа түсіріп, Орынбор қаласынан «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді» атты үш кітап жаздым.. Енді 70-ке толғасын денсаулық сыр бере бастады, қорқыныш кіре бастады. 4-ші кітабымды шығармақ ойымда жүр.

Менің қолөнерім Ақсайдың шеңберінде қалып қоятын түрі бар болғасын, Орал қаласына бір құрып, халыққа көр-

сетіп, дұрыс фотосын алып, кітапқа мақала жинағым келіп жүр деп облыс әкімі Бақтықожа Салахадин, ініме жолығудың сәті түсті.

Ол кісі орынбасары Марат деген жігітке табан орнында тапсырма берді де, Қала күніне құрып қайттық. Облыс әкімі Бақтықожаға да, киіз үйді құруға көмектескен Марат балама да, мәдениет басқармасы облыс бойынша Гүлсім Камелқызына да, үйді құруда үлкен көмек берген киіз үйдің иесі Тілек деген жігітке де өте ризамын. Шынымды айтсам, ою-өрнегін түсінбейтін жастар менің бейнетімді де түсінбей кейде дұрыс, бағаламай жататын. Мен іштей тынып өзім ауыратынмын. Жалпы өнер адамы - халықтың адамы. Ол адам мейлі ақын, мейлі жазушы, мейлі шебер, суретші, өте-мөте дертті келеді. Ол менің өз басымнан өтті, сондықтан мен өнер адамдарын сыйлаймын. Айтайын дегенім, Оралға киіз үйді апарғанмен көлемінен жаңылғанмын. Менің қолымнан шыққан үш киіз үйдің бірінің көлемі ойымда қалған, сол киіз үйді Орал құрды, ал менің апарған затым киіз үйдің төбесін жабуға жетпей қалды. Мен сол жерде қатты қиналдым да тағы ойымнан шықпады деп іштей қапаланып тұрғанмын, «Атаянға» құрғанбыз. Облыс әкімі үйді қарап шыққан, Гүлсім Камелқызы екеуміз киіз үйдің қасында тұрғанбыз. Бір кезде бір жігіт облыс әкімінің атынан сыйлық деп 100 мың теңге әкеліп тұр. Мен еңбегімді облыс әкімі Бақтықожа түсінген екен, бағалай біледі екен деп керемет риза болып қайттым.

Өткен жылдан қолыма қалам ұстай алмай, іс машинкасының қасына жақындай алмай, бір жылдан бері бақсыдан-бақсы қоймай, үсті-үстіне система алып жүр едім, міне елдің тойына шақырылып, телефонмен болса да Ақсай қаласының тойға шақырылған әкімнің орынбасарларымен бірге делегат болып, есепке алынып, барып тойды көріп, көңілім өсіп келіп, хатты боратып жазып отырғаным.

Облыстың бетке ұстар қаймақтарын шақырып, тойды республика ақындарының айтысымен көркемдеп, жақсы етіп-ақ тойды жасап жатыр екенсіз, тойдың ертеңгі жалғасының болатынын, қонуға үйлердің даяр екенін айтып, сыйлап, шапаныңызды, шарқатыңызды арнаулы кітаптарыңызды беріп, шығарып салдыңыздар. Дән ризамын. Оның үстіне келіп менің 70 жасымды да тойлап кеттіңіздер ғой. Содан бері тіпті сіздерге рахмет айтуға да қолым қалам ұстай алмай қалды ғой.

Менің және де керемет риза болған жерім әділқазылар алқасында отырған жеріңізден бас төреші, облыстың намысын қорғап жүрген Бауыржан Халиолла, әкім балам Ерлан, Сіз, әкімнің орынбасары Шынар қызым болып, әкімдіктің залына көтеріліп мені марапаттап-ақ жібергеніңізді, өнер адамына көңіл бөлгеніңіз деп қабылдап, шын жүрегімнен аналық алғысымды айтамын. Ақсай қаласы менің 70 жасымды өте әдемі етіп тойлады. Оларға да алғысым шексіз. Облыстық мәдениет басшылары, ассамблея жетекшісі Қуанышбай Төлебаев, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Темір Құсайын, телевидение қатысып, еңбегімді айтарлықтай еледі деуіме болады.

Өткенде Сырым бабамыздың тойына құрмағанда ол киіз үйді қайда құрам деп күндіз-түні қол машинасымен тігемін деп қолым сылқ ете түсті де, іс те тіге алмай, өлең де жаза алмай жүр едім, бұл бүгінгі хатым бірінші деуге болады. Тіпті келесі кітабымның мақалалары әлі кеудемде кілттеулі тұр десе де болады. Бірақ, қайткенде де шығаруым керек. Сол үшін мен сізден өзіңіздің, Марат Оңғарбековтың, Ерланның, Серік Сүлейменовтің, болса облыс әкімі Бақтығожаның түрлі-түсті суретіңізді маған жеткізуіңізді өтінемін. Мына фотолардан қажетін алып қалғанын мұражайға тапсырғаныңызды өтінемін. Ең болмағанда мен киіз үйімді Алаштың 90 жылдығына апарып құруға денсаулығым көтермей қалды ғой. Қан қысымы деген пәле де қосылып, мазалап жүр. Ақындар айтысы менің жан азығым еді ғой. Айтыстың бірінші жұбының айтысын көріп мәз болып оқып отырып, екінші жұпты аяқтай алмай шығып кеттім. Енді көбірек отырсам құлап қалып масқара болармын деп қорықтым. Бұл қылығыма сіздерден көшірім сұраймын. Ертеңгі дала тойына барсам елдің біраз адамын көріп, мәз болып қайтатын едім ғой. Елді сағынып армандап жүретінмін. Жымпитының бұрынғы әкімі болған Бауыржан Тұманов інімді көріп, мәз болып қалдым. Ол азаматтың тұсында Жеңістің 45 жылдығына әкеме арнап шығарған «Әке туралы баллада» деген өлеңімді әкім залында, соғыс ардагерлерінің алдында, жылап отырып, домбырамен айтып, жұрттың бәрін жылатқанмын.

Сол кісінің тұсында сол өлеңмен мазмұндас «Болмасын соғыс» деген өлеңімді Оралда болып жатқан ақындар айтысында домбырамен орындап қайтқанмын. Сол өлеңіммен көрермендерді де жылатыппын. Оны шығып бара жатқанда

көрерменнің аузынан естідім. Иә, бұл менің әкесіз өсіп, армандарымды жүзеге асыра алмай, іштегі дертімді сыртыма шығара алмай, өксіп жүрген кезім еді. Сол кезде ауданымызда екі шумақ өлең шығаратын ақындарды қосқанда 30-дан аса ақын болған екен. Сол кезде осы Бауыржан Тұмановтың қолдауымен Алаштың тобын басқарып жүрген Асқар Маемировтың ақындар айтысына қатысқаны.

Бауыржан Тұмановтың тұсында аудандағы ақындардың облыс орталығына алына бастағаны. Қаратөбеден Шолпан Қыдырниязова бастаған сол елдің өнерпаздары біздің Жымпиты совхозына келіп концерт қойып кеткені. Күлкілі жағдай, мен облысқа сол өлеңімді оқуға барғаным әлі есімнен кетпейді. Су надан болғанмын. Паспортымды да алмай шыққанмын.

Елдің баласы ғой деп Дон-Еділ Қажымовтың үйіне қонып, ол мені артистердің складына кіргізіп киім таңдатып, үйлесті ме, жоқпа бастан аяқ ұлттық киім киіп сол ақындар айтысында «Болмасын соғыс» деген өлеңімді айтып бергенім. Сол тұста менің Москваға, Алматыға баруым. Міне Бауыржанның елеулі еңбектері мәдениет, өнер адамдарының қолдауының арқасында біраз адам жарыққа шығып халқына қызмет етіп жүр.

Қазір Сырым ауданының біраз өнерпаздары атақтары шығып, халқына қызмет етіп жүр. Бір өкініштісі Дон-Еділ Қажымовтің біраз жасқа келгенде елден кеткені түсініксіз. Ол жігіттің елге сіңірген еңбегі елеулі еді. Әлі де елге оралу дұрыс болар еді. Дон-Еділдің орыны бөлек, бұл елімізге жақсылардың табаны тиген жерлерден талай жақсылар шығып жатса, солардың алдыңғы қатарын да ел басқарып жүрген Марат Оңғарбеков, Серік Сүлейменовтерге сыртынан отырып, риза болып отырамын. Осындай аты аталған азаматтарымыз, өздері басқарып жүрген халқының көңілінен шыға берсе екен деген тілекпен отырған апаларыңыз Дәмелі Құсайынқызы деп біліңіз.

Осындай көлемді хатты жаза отырып марқұм облыс ақыны, журналист Ботагөз Баймұқанқызының есімін атамай өтсем құдай кешірмес. Ақсайға келгелі әдейі менің шақыруыммен, телевидениенің директоры Асланбектің қолдауымен, менің киіз үйлерімді Ақсайға келіп түсіріп, өзі жүргізіп облыстан аудандарға көрсетіп отырды. Соның жарнамасымен газеттер де қолөнерді насихаттауда үлкен үлес қосты. Мысалы: «Орал өңірі», «Приуралье», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті»

газеттері, «Қазақстан музейлері», «Парасат» журналдары. Аудан газеттері өз алдына. Көгілдір экраннан үзбей жарнамаланып отырды.

«Аргументы и факты» газеті Алматыдан телефон соғып, менімен танысқысы келген. «Ғафу Қайырбеков атындағы телестудияданбыз. Оралда 8, 9, 10 күні боламыз. Сізден сұхбат алайық деп едік» деді. Мен ол кезде ұшаққа 25 мың теңге төлеп Ақтаудағы ұлымның үйіне барғаным екі күн болған. Ұлттық қолөнерді жарнамалауға мұндай мүмкіндік бола бермес деп үш күннен кейін 25 мың теңге төлеп ұшақпен үйге келсем, жарты сағаттан кейін телестудия келіп тұр. Үй құра алмадым. Оларға асығыс қол өнерімді көрсеттім, 45 минуттік жұмыс болды. Оның дискісін менің 70 жасыма үлгертіп, салып жіберді.

Батыс Қазақстан туралы түсіріп жатқан киноның жиырма жетінші сериясына қосқан. Мені мақтамай-ақ қойсын. Менің қол өнерімді 1-2 минут іліктіргеніне де ризамын, өйткені ол ұрпаққа жетеді. Ұрпаққа «Мұра» дегесін жұмысымның барлығын видеоға түсіріп, мұражайларға тапсырып жатырмын.

Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Орал, Ақсай, Жымпиты мұражайларына бір, екі, үштен кассета тапсырдым, кітапты қоса қортындылап, соңынан тапсырсам деп ойлап жүрмін. Оны енді, уақыт біледі, денсаулық көтерсе «Өнер өрге өрлетеді» деген кітабымның соңғы беттерінде тапсырғаным туралы актілер бар. Тек уақ жазумен жазылған. Мен ешкімнен тапсырма күтпей-ақ үй тігіп, қол өнері туралы азды-көпті білгендерімді кітапқа түсіріп жүрмін. Өйткені ескі адамдардың соңы біздер ғой. Меніңше өнер адамдары ешкімнің тапсырмасын күтпей-ақ, егер жағдайлары көтерсе, өнерлерін уағыздай беру керек. Қыз да, ұл да артына ұрпақ қалдырады. Ұрпақ олардың жалғасы. Сондықтан санасудың, немесе тапсырма күтіп, уақыт өткізіп алудың қажеті жоқ.

Орынсыз өнерді бағаламады деп тоқталып калудың да қажеті жоқ. Ел барда, халық барда ешкім де еленбей қалмайды. Ақсай қаласының барлық әкімдері, журналистері, телевидение қызметкерлері менің бейне таспамды түсіріп, мұражайға тапсырып жатыр, хатқа бәрін тізіп жазғаным жоқ. Қандай жақсылық жасасаң да алдыңнан шығатынына ешкім де күмәнданбауына болады. Өйткені мен оны өзімнің басымнан кешіп отырған жақсылықтарыммен толық дәлелдей аламын.

Сәлеммен Дәмелі апаңыз.

Ана жүрегінің көгершін жырлары

Ақын Дәмелі Құсайынқызы туралы айтатын болсақ, ол он бала тәрбиелеп өсірген ардақты «Батыр ана», ері Шапай Қажығалиев екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерешөбере сүйіп отырған үлкен шаңырақтың иесі, ауыл-елге сыйлы зиялы адамдар Сонымен қатар, олар бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған зейнеткер-ұстаздар.

Дәмелі осындай абыройлы міндеттерді атқара жүріп, өзінің жас кезінен анасынан, әжесінен үйренген қазақтың қайталанбас киелі қол өнерін ұштап, кешегіден бүгінге жалғастырып келе жатқан он саусағынан өнері төгілген ісмер. Ол киіз үйдің бүкіл ішкі-тысқы ою-өрнектері мен әбзелдерін тігіп, осы жасанған киіз үйлерімен Мәскеудегі Халық Шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, әруақытта да өнердің қадірін білетін зиялы орыс жұртын тамсандырды. Сырым Датұлы бабамыздың туғанына 250 жыл толуына арналған Алматы қаласындағы мерейтойға өзінің киіз үйін жасауымен тігіп, оған республикамыздың барлық шалғайынан келген құрметті меймандарға осы киіз үйде дәм татқызып, асыл өнердің құдіретін асқақтатып көрсете білді. Тұрған ауылы — Аралтөбеде ісмерлік өнердің өзіндік мектебін қалыптастырып, ұрпақ сабақтасығының жақсы дәстүрін салып кетті. Дәмелінің қолтума өнері жөнінде арнай деректі телехабар түсіріліп, есімі республикалық және жергілікті баспасөз бетінде мадақталды.

Бір басына біраз өнерді жинақтаған сегіз қырлы бір сырлы Дәмелі Құсайынқызы өлең де жазып, өзі жазған өлеңдеріне саз шығарып, оны домбыра үніне қосып, ән де салады. Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрінің тамаша үлгілерін жақсы меңгеріп, бойына сіңірген ол «Ақ жаулықты әжелер» байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы, облыстық, аудандық ақындар айтыстары мен жыр сайыстарына қатысып, жүлдегер атанған.

Дәмелінің мына тұңғыш өлеңдер жинағына оның әр жылдарда жазған шығармалары топтастырылып отыр. Оның тақырыбы да сан-алуан туған жер, ана, әке, жастар, тілек, ақындарға арнау, жыл мезгілдері, туған еліміз — Қазақстан, тағы басқалар. Оның Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әкесіне

арнаған толғауы, болмаса анасы қайтыс болғанда шығарған «Бақыл бол, анам, жан анам» күй-толғауы шиыршық атқан үлкен толғаныстың ата-анаға деген перзенттік іңкәр сезімнің көрінісі. Топтама ішіндегі ұлтымыздың бірегей тұлғаларына арналған жырлар, кейінгі толқын — жас ұрпаққа ғибрат өлеңдер тартымдылығымен, мазмұн тереңдігімен оқырмандарына жақсы әсер қалдырады.

А. МҰРАТҰЛЫ.
«Қазақ әдебиеті». Алматы.
2004 жыл

ЖОБАЛАР, ОЙЛАР, ТӘЖІРИБЕЛЕР

Өнер өрге апарды

Қазақ ежелден мәдени мұраға кенде болмаған. Әсіресе, халқымыздың қолөнері бай әрі сан салалы. Бірақ ол бүгінде жеткілікті зерделенбей отыр. Себебі маман аз, насихатшы тапшы. Менің әкемнің ағасы Жуымбай атақты шебер, ерші, домбырашы кісі болатын. Осы атамның қолөнер шеберлігі әсер етсе керек, өз әкем де он саусағынан өнері тамған шебертін. Ол ер тоқым жабдықтарын жасайтын, етік тігетін. Бұл кезде өте жас болғанымға қарамастан, ер жасап, етік тігіп жатқан атамның жанынан шықпаушы едім. Сол өнер маған да қонды ма деймін, тұрмыста қолданылатын әсемдік бұйымдарды, жабдықтарды, ұлттық киімдерді өз қолыммен тігемін. Оны шамам келгенше насихаттап жүремін.

Киіз үйді безендіруде түрлі-түсті басқұрлар өзінің қиыннан қиыстырылып келген неше түрлі геометриялық фигураларымен айшықталып мүлтіксіз жасалуы керек. Қызыл басқұр немесе ақ басқұрлар мен неше түрлі баулар, салмалар, тақыр кілем, сырмақтар, түскиіздер - киіз үй ішіндегі ең көрнекті бұйымдар. Үйленетін жас жұбайларға арналған шымылдық, түскиіз, төсек-орын, киім үстіне тұратын жапқыш, сандыққап, түйе жабу, оюы бедерленіп қолдан ойылып, қашалып, тігіп жасалады.

Киіз үйдің жиһаз-жабдықтарын айтатын болсақ, туырлық бау дегеніміз — туырлықты ұстап тұратын, түр салынып 15-25 жіптен терілген, әсемдік үшін жалпақ етіп тоқылған бау. Жел бауды салма деп те атайды. Бұл шаңырақ көтерген кезде, дауылмен желде үйді бекендеп, шаңырақтан төмен бастырып тұру үшін пайдаланатын тегілме шашақты бау.

Түңлік бауды түңліктің төрт бұрышынан байлайды. Үзік бау деп үзіктің екі шетінен, үш жерден алты немесе екі-екіден төрт баумен айқастыра тартылатын, жалпақ етіп тоқылған уықтың үстінен бастырыла байлайтын бауды атайды.

Аспа бауды салма деп те атайды. Ол - уықтың иінінен сәндік үшін шашақтап түсіріп қоятын бау. Уық бауымыз - уықтың аяғын керегінің басына бекітетін бау. Уық шалғышты иық бау деп те атайды. Ал, аяқ бау уықтың иінінен төрт жерден үйдің ішіне сәндік үшін тағылады. Керме - киім-кешек, ондай-мұндай жұмсақ заттарды салатын, киіздің бетіне неше түрлі ою-өрнек жүргізілген, кестелі төгілме шашақты екі жағында күлтеленген бауы бар, бір жағынан сәндік үшін тұтынылатын зат. Ол Маңғыстау облысының, Маңғыстау, Өзен аудандарында тұратын қазақтардың күнделікті тіршілігінде пайдаланатын үй мүлкі ретінде белгілі.

Үлкен үш бірдей киіз үйіміз бірнеше рет көрмеге қатысып, көпшілік назарына ұсыналады. Атап айтсақ, Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойында, Жымпиты ауданының 70 жылдығына арналған мерекеде, 1990 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінде, 1992 жылы Алматы қаласында Сырым бабаға ас беру рәсіміне арналған жиында қойылды. Іші-сырты оюланып, әшкейленіп жасалған киіз үйлер көрермендерден жоғары бағасын алды. Ауданда сахналандырылған Исатай мен Махамбеттің сауыт-сайманын, олардың сарбаздарына сыртқы киім, бас киім, әскери белбеу тігіп дайындаған болатынбыз. Бұл ісіміз де лайықты бағаланды.

Мен бұл жетістікке көп тер төгіп жеттім деп айтар едім. Осыған орай өнердің қай түріне болсын икемі бар інілеріме, сіңлілеріме, қыздарыма, замандастарыма айтарым: өнер қуыңдар, не болса соған өкпелеп жарты жолда қалып қоймаңдар дегенге саяды. Көп ізденістің түбі әйтеуір бір жақсылыққа апарар жол болатынына өнерлі қандастарымды сендіргім келеді.

**Дәмелі Құсайынқызы,
Қолөнер шебері.
«Қазақстан музейлері» журналы**

Алыстағы Ақсайдан келген хат

Соғыстан бұрын өмірге келген ұрпақ - екі ғасыр куәгеріміз. Өткен күндер мен қазіргі өмірді салыстыра отырып, келешекке аз да болса не қалдырамыз деген ой мазалайды. Замандастарым артына бұрылып, қай жерден қате жібердік, қай жағынан озып барамыз деген ой безбеніне салатын жасқа жеттік. Біз бала-ларды өсірдік, тәрбиеледік, олар бақытты өмір сүру үшін қандай өнеге беріп кетеміз деген сұрақ ойландырады. Бойында жақсылықтың шуағы бар адам ұрпағына барын қалдыруы керек деп ойлаймын. Өз басым байлықтың ең биігі - рухани байлық деп есептеймін. Ұлымызды ұяға, қызымызды қияға қондырдық. Десек те өмірлік нендей өнеге көрсеттік?

Қиыншылық уақытта жайбарақат отыра алмай зейнеткерлікке шыққан соң қазіргі заман талабына сай колөнерімізді жаңғыртуға күш салдым. Ою өнері - өте кірпияз өнер, кез келген адамның қолынан келе бермейді. 1990 жылы Мәскеуге халық шаруашылығы көрмесіне қатысып қайтқан едім. 1992 жылы Сырым бабамыздың құрметіне берілген асқа киіз үй тарту еттім.

Білгенімді ортаға салып, ой бөлісіп жүремін. Істегенімнің барлығын бірдей теледидарға түсіріп, жазып қалдыруға мүмкіндігім жоқ. Ұрпақ санасына сөз күйінде құя алмасыма көзім жетіп, төрт киіз үйді қайта жаңғыртып тіктім. Жас кезімде әдеби кітап, газет-журналдарды көп оқығаннан алған рухани байлығым менің өмірлік азығыма, өмірге әкелген он ұл-қызымның білімді, парасатты қоғам мүшелері болуына үлкен әсер етті. Қазір құдайға шүкір, бақытты анамын деп айта аламын.

Заманға қырағы көзбен қарап отыру - үлкендердің парызы. Ұрпағы бар ата-ана олардың болашағына немқұрайды қарауға тиісті емес. Оқып диплом алу да парыз. Қазіргі ақылы заманда диплом алу үшін ғана оқу өткен уақыттың үлесіне қалу керек. Адам өмірден өз орнын табу үшін күреседі. Ал дипломды қабілетті ұрпақ өздері-ақ алады.

Біздің еліміз қазір әлемге әйгілі. Жақсылықты қолымыздан ешкім тартып ала қоймас. Осы күнгі жастарға бір ренішім барын жасырмаймын. Әсіресе, қыз баланың кіндігін ашып,

иығын жалаңаштап отырғаны ұялтады. Шетелге еліктеудің де шегі болу керек-ақ. «Өнердің ғұмыры ұзақ» дейді білетіндер. Жа-сағандарымды әйтеуір бейнетаспаға түсіріп, Астана, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақсай сияқты қалалардың өлкетану мұражайларына жібердім. Қолөнер жөнінде қиналыстарым мен қызықтарым: "Әке", "Мұра", "Өнер өрге өрлетеді" деген үш кітабымда баяндалады. Менің ендігі арманым осы еңбегім халыққа жетіп, ұрпақтың қызықтауын қалар едім.

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,
зейнеткер
Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы.
«Парасат» журналынан.

Әкем соғыс құрбаны

Зарыға күткен қызыңмын.
Артыңда қалған ізіңмін
Жеңіс күні таялды
Көңілім тағы бұзылды.
 Аз болған жоқ арманым,
 Өлгеніңе нанбадым,
 Тірліктегі тұяғың
 Өзің бола жаздадым.

Өзімді көп қайрадым,
Мақсатымнан таймадым,
Жылдар ұзаған сайын
«Жан Әкем» деп сайрадым.
 Тек жатқызбай молаңда,
 Аруағыңды аунаттым.
 Місе тұтпай оған да,
 Жаумен іштей жауластым.

Кетсең дағы сағындым,
Жарты ғасыр алыстап.
Тағдырыма бағындым,
Күшім жетпей алыспақ.
 Күдерімді үздірді,
 Алпыс жылдан асқасын.
 Қазаңды анық білдірді,
 Түсті талай басқа сын.

Қабіріңді іздеуге,
Дауаламай тұр жүрек.
Намысымды үрлеуге,
Денсаулық тұр үлбіреп.
 Қан қысымым жоғары,
 Жолға шығу қиындау.
 Қалай етсем болады?
 Шықпай қойдың миымнан.

Сағынышым дестелі,
Іздемесем кеш мені.
Бір алланың қолында
Тағдырымды шешпегі.
 Міне ұлы Жеңіске,
 Алпыс бес жыл таялды.
 Жоқтауыма келіссең
 Бермейсің бе аянды.

Қуат құйып бойыма,
Елестеші көзіме.
Шабыт беріп ойыма,
Демеу болшы өзіме.
 Батырлардың журнағы
 Әкем соғыс құрбаны.
 Ұрпағымын мен оның
 Тұяғымын тылдағы.

Әке туралы баллада

Отандастар, бәрің де армысыздар!
Сәлем десем алыстан алармысыз,
Көне көздер, қарттарым, бармысыздар,
Көзін көрген әкемнің болармысыз?!
«Госпитальда жатырмын, жаралымын»,
Деген хаты келіпті апасына.
Хатын оқып зарлаған қарағыңның,
Шек болмапты апаның қапасына.
Майдандастар білер де, үмітім зор
Есенбаев Құсайын әкем аты.
Кеудемді әлі тырнайды өкініш сол,
Сақталмапты жолдаған соңғы хаты.
Қыз болсам да әкемнің тұяғымын,
Дәмеленген ұл ма деп, қиялымын.
Қамқорлығы Отанның арқасында,
Білім алған жан-жақты зиялымын.
Мөлдір аспан көгімде төңкерілген,
Таң нұрымен жиегі көмкерілген.
Бейбіт өмір тілеген бір қызыңмын,
Мұңсыз өмір сүретін ертеңіммен.
Қайран әкем армандал ізбасарын,
Дәмелі деп қойыпты есімімді.
Дүниеге келіппін жазға салым
Аш, - деп жылал дүние есігінді.
Қызығымды жан әкем көре алмапты,
Аттаныпты елі үшін хан майданға.
Сол кеткеннен ауылға оралмапты
Сағыныш боп үміттер сарғайғанда.
Өтсе-дағы қанша жыл сағынамын,
Жан әкемнің аялы алақанын.
Кейде жүрек сыздайды неғыламын,
Өзі ұшырар еді ғой балапанын.
Есіме алып кей кезде кетейін де,
Алыстаған аяулы бала шағым.
Менің де жүр бір арман көкейімде,
Ұзартсам деп әкемнің болашағын.
Соқ жүрегім - мәңгілік тоқтамашы,
Еш бір елмен жоқ менің бақталасым.
Бейбіт өмір сүрсінші бар тіршілік!
Еш бір пенде қаруын оқтамасын.



Арманда кеткен ана

Соғыс кезі, шілде айы, күн дегенің, жанып тұр,
Айдалада жалғыз ана қолда таяқ, налып тұр.
Екі көзі батыс жақта, сорлы ана жылайды,
Көз жасы оның бетін жуып, омырауына тамып тұр,
Сол күні ана атқарып жүр, мал бағатын кезегін,
Қасында оның қабы жатыр, тере жүрген тезегін.
Майдандағы қос құлынын сағынып жүр мұңлы ана,
Сағынып жүр қос құлынын, жарып шыққан өзегін.
Соғыс өрті батыс жақта деп еститін мұңлы ана,
Батыс жаққа қарап тұрып күңіренеді толғана.
Ғинат жаным, Ғиззат жаным - қос құлыным сағындым,
Дейді ана, біріңнен де қалмады ғой қолғанат
Зәнзебіл деп аталатын көрші шешем болатын,
Күтуменен өтті байғұс майданнан қос қанатын.
Қасіретке толып кеткен көкірегін сол ана,
Әлсін-әлсін жасын төгіп сәл ортайтып алатын.
Сонда да ана күн-түн демей еңбек етті жатпады,
Қос құлынының суреттерін, қос ұлындай баптады.
Сандықтағы сарғыш тартқан қос құлынының суреті,
Сол анаға серік болды, бар өмірін сақтады.
Ана жүрді өмір бойы қос ұлынан хат алмай,
Үйде оның қарты отырды аяғынан баса алмай.
Ұлы келмей, келін алмай, немере де сүйе алмай,
Өтті сөйтіп бір отаудың шаңырағы жасармай.
Бар ананың зарыққаны - сұм соғыстың зардабы,
Қан майданнан оралмады ананың қос ардағы.
Жылдар жылжып өтті жатты, қос құлынын көре
алмай,
Сол ананың көз жұмғанда іште кетті арманы.

Ескерткіштің түбінде

Оян бабам, бір аунап жат, келді ұрпағың қасыңа,
Илан маған, жалғастырам есімінді, жасыма.
Болат касқаң, сұр шинелің, бес қаруың асынған,
Аңыз болып айтылады ғасырлардан ғасырға.
Тасты қашап, ойып жазған есімдердің тізбегін,
Көзбен тінтіп келген сайын өзіңді, әке, іздедім.
Қиял кештім, қиян кездім, іздеріңді іздедім,
Сен туралы дерек тыңдап, күдерімді үзбедім.
Оян бабам, бір аунап жат, өлген жоқсың тірісің,
Жүрегіңмін соғып тұрған, алып тұрған тынысың.
Отан үшін болдың құрбан, сондығынан ұлысың,
Ұрпақ үшін болдың құрбан, содан мәңгі тірісің.
Оян бабам, бір аунап жат, Жеңіс күні келгенде,
Ескерткішті шыр айналып ұшса торғай ол мен де.
Шымырламай қалмас жүрек ескерткішті көргенде,
Шыр-шыр еткен бозторғайды, сені іздеген ол мен де.
Тоқта ұлан, сәл аялда ескерткішке келгенде,
Жаса тағзым, бұл ескерткіш Отан үшін өлгендер.
Тыңда балам, ешқашанда, соғыс-өртке жол берме,
Ата-бабаң қаруын ал, елге қатер төнгенде.
Жанталасқан жауыздарға ұлтарақтай жер берме,
Жалғыз жауға жер бастырма, кеңірдектен шеңгелде.



Отаным мен сенің арқаң

Қан майданнан оралмаған азаматтың жарысың,
Майдан үшін жөнелтілді сенің тапқан табысың.
Ер адамша киініп ап аққала да қаладың,
Қалмадың сен ешқашанда азаматтан қалысып.
Ер адамша кейініп ап пішенді де тасыдың,
Жылағанда шығарсың-ау, бізден талай жасырып.
Талай түнде сығырайған жайдақ шамды жарық қып,
Қолғап тоқып қан майданға жаттыңыздар асырып.

Талай-талай шымнан ойып баспана да салдыңыз,
Еңбекте де озат болып талай мақтау аддыңыз.
Облыс пен екі ортаға өгіз жегіп ай жүріп,
Бала-шаға, шал-кемпір боп обоз айдап бардыңыз.
Жалғыз-жарым малыңызды соқаға да салдыңыз,
Көрші-көлем бөліп ішіп, жейтін едік барды біз.
Қант орнына сарсу тістеп, нан орнына жуа жеп,
Ұлан-ғайыр Отанымды жаудан қорғап қалдыңыз.
Әйел болып, көйлек киіп жүрген кезің табылмай,
Көп қиналдым сені ойлап ауыр ойдан арылмай.
Қанша сырлар жатыр екен ақтарылып айтылмай,
Сіздер жайлы қанша жырлар жатыр екен жазылмай.
Анашымды есіме алсам елжіреді жүрегім,
Көпке дейін үзбей жүрді-ау әкемнен ол күдерін.
Қан майданнан оралмаған азаматтар күрегін,
Қолына алып еңбек еткен жесірлердің бірі едің,
Бұл дәуренге жеткеніміз арқаларың сендердің,
Күйдірмедің, тоңдырмадың, бақтың бізді теңгердің.
Құсайынның талайлары оралмады майданнан,
Жан анашым, өкінбеші Құсайын боп мен келдім.
Жастай қалдым, жан әкемнің тәрбиесін көрмедім,
Демеші ана «Менің баққан зая кетті еңбегім».
Сенің арқаң, сенің арқаң, Отанымның арқасы,
Кешір ана, кешір Отан, артық кетсем - пендемін.
Ұлы Жеңіс қырық жылы құтты болсын анашым,
Сексен бесте толтырарсың жетпіс бес жас шамасын.
Туған жылың құтты болсын, жүре тұршы әлі де,
Жүре тұршы, жүре тұршы бізге болып қарасын.



Мәңгі жаса

(Абдулла Жұмағалиевке арнап 75 жасында оқылған өлең)

Соғысқа кеткен талайдың жайы беймәлім,
Соғыс жайлы тыңдадық талай қиналып.
Ерлікпен өлген Абдолла ақын ағаның,
Жетпіс бес жасын тойлауға келдік жиналып.
Сәлем сізге, соғыста болған аталар,
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан апалар,

Мына мендей әкесіз өскен құрбылар,
Кезім де жақын көзіме мөлдір жас алар.
Төбіреніспен жас алсам көзге айып па?
Жылап бір алсам көзімнің жасы Жайықтай.
Соғыста өлген боздақты (әкемді де) талай еске алып,
Осындай жерде жылап алғаным лайықтау.
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан бауырлар,
Қабағы қатып, жандары талай ауырған.
Жақсыларына шаттанып, налып жаманға,
Қашанда менің бүйрегім бұрар ауылға.
Азаматтарын зарыға күткен аналар,
Жүректеріңде жазылмай жатқан жара бар.
Ер орнында еңбек еткен Сіздердің,
Еңбектерің соғыспенен пара-пар.
Тауқыметті басқа түскен арқалап
Сағыныштан жүректерін паршалап.
Жесір қалған қайран ана, жеңгелер,
Арамызда бар ма, қазір, қанша бар?
Жиырма бесте алаулаған шағында,
Тап болғаны-ай соғыс сұмдық залымға.
Абдолла аға өлмей тірі оралса,
Отырар еді ақындықтың тағында.
Абдолла аға тірі жүрген күндері,
Өлмес дастан жазып кеткен үлгеріп.
Қатал соғыс аямасын ешкімді,
Болар, сірә, күн ілгері білгені.
Батыр даңқы мәңгілікке өшпегей,
Еске алайық, ерте демей кеш демей.
Ақын аға жүрегінің алауы,
Жанып тұрғай, мәңгі өмірден көшпегей.
Рухыңа бас иетін халқың бар,
Өлмес мұра қалды біраз артыңда.
Ерлікпенен қаза болған, ағатай,
Мәңгі жаса, солай жап-жас қалпыңда.



Әке

Сыр жаздым сөз маржанын өріп тұрып,
Көрсетпей көз жасымды төгіп тұрып.
Сен жайлы талай толғау жаздым, әке,
Бір-бірлеп қабырғамды сөгіп тұрып.
Сен жайлы бұрында жыр толғап едім,
Бұл күнде егеменді болған елім.
Соғыстың құрбаны боп қалып қойдың,
Ол кезде Совет елін қорғап едің.
Білемін ғой тіріліп келмесіңді,
Қиналғанда қол ұшын бермесіңді.
Жиі-жиі өзіңді еске алу,
Айналып тұр әдетке, терге сіңді.
Демеші кіндігімен ұл қалмады,
Қиылған ғұмырыңды қыз жалғады.
Айтылған аңыздардан естіп жүрміз,
Айтпаған сіздер жайлы сыр қалмады.
Әке, сені әрдайым еске аламын,
Әкесі едің бес қыздың - бес баланың.
Өлеңімнен ескерткіш орнатпасам,
Сезесің бе, жан әке, кеш қаламын.
Өсіп-өнді бес қызың, байға барды,
Басқа ошақта қайнатты тай қазанды.
Мен өлген соң, өзіңді кім жоқтайды,
Жан әкем-ау, сүйегің қайда қалды.
Жоғалды қобдидағы құралдарың,
Құралдан өзің жайлы сыр аңғардым.
Есіме өзің талай түскен кезде,
Қолыма ине ұстап жұбанғанмын.
Жан әке, қызың жайлы біліп қойғын,
Іс істеп бар, қайғымды түріп қойдым.
Екеумізді іздейтін ескерткішті,
Тірлікте көз майыммен тігіп қойдым.
Рухың ұлды жоқтап жүрмесін деп,
Ез ұлдарға көзіңді сүзбесін деп.
Есіміңмен өзіңнің жүрмін, әке,
Өлмеген Құсайынды іздесін деп.
Білмеймін менде жұрттың несі кетті,
Жолымды талай пысық кесіп өтті.
Алатын биігіме жақындасам,
Алдымнан тартып алып өшіретті.
Намысым талай рет қамшыланды,
Қайғымды жазған сырым аршып алды.
Жинасам терең тегеш толар ма екен,

Көрінбей көзден аққан тамшыларды.
Ойға алсам толғауымның әр данасын,
Жете алмай сан-шегіне таңғаласың.
Уақыт емші дегенге нансаң, жұртым,
Жаза алмай жүрмін әлі жан жарасын.
Үрлейтұғын үмітті оттығым бар,
Азды-көпті алынған шоқтығым бар.
Алынбаған қамал мен биіктіктер,
Жан әкем-ау, өзіңнің жоқтығыңнан.
Бейіште рухыңа тыным берсін,
Жоқтаушым шыр-шыр еткен қызым дерсің.
Сүйегің қай арада жатса да, әке,
Жырымды қойып жүрген гүлім дерсің.



Әкем жайлы бір дерек күтіп келем

Уақыт емші, жан-жарам бітіп келед
Жазылмай жүр өлеңмен үтіктеп ем.
Елу алты жыл толды жеңіске де
Әкем жайлы бір дерек күтіп келем.
 Ойламадым ұмыту амалдарын
 Сезбей өстім әкедей қамал барын
 Отан үшін, мен үшін құрбан болдың
 Есіміңді өшірмеу, бар арманым
Өсіп-өндік, есейдік, толыстық та,
Өмір сүрдік жоқ-жұтаң тар кезеңде
Жетімектер әкесін соғыс жұтқан,
Алға үмітпен қарадық әр кезеңде.
 Арманым бар жетерлік бір адамға.
 Ала алмаған өмірден сыбағам бар.
 Бәрі сенің жоқтығың деп ойлаймын,
 Көкіректен қыстығып жылағанда
Қиындық бар қай жерде сұрандық біз,
Жұмыс десе білекті сыбандық біз
Соғыс кезі әкені сағынғанда
Бапалап әнге қосып жұбандық біз.

Өкеңменен полктас болдым десе
Бір окопта сан рет қондым десе,
Сол атаны оллһи әке қылам
Өз қолымнан жер қазып көмдім десем.
Хабар күтем бір жерде тірі жүрсең,
Өлі болсаң бақыл бол, қалай ғылам.
Санамаймын өлдіге бұны біл сен
Оралмаған соғыстан талай қыран
Қайғым қалай қайталап оянбайды,
Әкем орнын көңілден жоя алмаймын.
Әкемізден бір дерек табылғанша
Жоқтауыма мен нүкте қоялмаймын.



Ағалар, аман болыңдар!

*(Ихсанғалиев Есімболат ағаның
75 жас мерейтойына арналады)*

Тағдырлар талай тоғысқан,
Канқұйлы тажал соғыстан.
Аман-сау елге оралып
Қажыған елге болысқан.
Ағатайларым ардақты,
Берілсем ойға жан-жақты.
Ұрпақтарыңның алдында,
Мәртебелерің салмақты.
Із аз ба сіздер салмаған,
Батысты жаяу шарлаған.
Соғыстың ардагерлері,
Сіздерден мықты бар ма жан?
Болса да орта қалтамыз,
Мез-мейрам болып баршамыз.
Тойларды тойға жалғасақ,
Ағалар, сіздің арқаңыз.
Отанға бедел әперіп,

Өмірге ұрпақ әкеліп,
Адам қып бәрін өсірдің,
Міндетін өтеп әкелік.
Өсірген ұрпақ бал - құрақ,
Уақыттың бұраң жолында.
Іздері жатқан жарқырап,
Ағалар, аман болыңдар.
Көрмейік қайғы жүзіңнен,
Сарғайған мына күзіңнен.
Ұрпақтарыңның үйінде,
Жалғассын тойлар үзілмей.



Ұзақ жаса, майдангер-қайсарларым

Болмайды әке, толқуға - мына маған,
Жеңіс күні жылым жоқ жыламаған.
Қан қысымым жүр еді көтеріліп,
Келіп тұрмын қалпымда шыдамаған.
Жоқтағанда қыздарың тылда қалған,
Сай-сүйегі талайдың сырқыраған.
Бір аунап жат, жан әке, тыңдап ал да,
Құлыныңның дауысын шырқыраған.
Жанып алып лапылдап, сөну үшін,
Жаратылған адамзат өлу үшін.
Оралмасын өлгеннің түсінсем де,
Келіп тұрмын сіздерді көру үшін.
Арпалысқан ажалмен қайсарларым!
Мүмкін бәрін жеткізіп айта алмадық.
От-жалынға оранған Жер-Анамен,
Көк аспанның көрдіндер шайқалғанын.
Кеудеңдегі отыңды батыл жақтың,
Батыл жақтың, жалынын лапылдаттың.
Щұңқыр қазып пана ғып, құм жастанып,
Жеңіс күнін осылай жақындаттың!
Күнді түнге, түнді күн жалғастырған,

От-жалынға жастығын алмастырған.
Майдангерлер, тойларың тойға ұлассын.
Бейбіт елдің төрінде малдас құрған.
Көп жасаңдар майдангер-қайсарларым!
Ұрпағына ұрпақтар айтар бәрін.
Оққа тосып кеудесін, қанын төгіп,
Өтеуіне, Отанын қайтарғанын.



Күте тұр

(Отағасына арнап шығарылған өлең)

О дүниеден «шақыру» қағаз келіп тұр,
«Алып кетем»- деп ертерек хабар беріп тұр,
Аллаға аян, қысқа да ұзақ жасауым,
Түсіме қырдың ескі жолдары еніп тұр
 Отағасының жанынан орын алдырғам,
 Жатар жерімді қазуды кейін қалдырғам,
 Нұрланым менің, Маңғыстау жақтың ақ тасын
 Поезға тиеп, жіберіп, үйді салдырған.
Еңсесі биік, төбесі ашық ақ үйді
Маңғыстау тасы екенін халық таниды
Балаларыма батамды төгіп отырып,
Отағасымды есіме алып налимын.
 Мазасыз емес еді ғой, өзі жарықтық
 Елу жыл екі ай бауыр басып қалыппын.
 Ойлап отырсам, кербез-тін, өзін күтетін
 Тәрбиесінен өнеге біраз алыппын.
Түсіме еніп, бергендей болад аянын,
Ақбоз ат мініп жақындап маған таяды,
Өзі жоқ, бірақ, сөйлесем Нұрлан әперген
Ұстаған оның көзіндей көріп таяғын.
 Таяғын түнде жаныма қойып жатамын,
 Біраздан кейін ұйқыға қалың батамын,
 Үйткені, оның таяғы маған қарауыл
 Алаңсыз ұйықтап таңдарым нұрлы атады.

Жатса да өліп жанарын маған қадады
Жыл өткен сайын алыстап өзі барады.
Қуатқа-қуат қосқандай маған тірлікте
Өзіңе деген сағынышымның азабы.

Күте тұр әзір, барғым жоқ сенің қасыңа
Дұғамды оқып, барып тұрайын басыңа
Аллаға шүкір әлпештеп-ақ жүр ғой ұл-қызың
Баруға саған несіне сонша асығам.



Әке орны баламен өлшенбейді

(Отағасыма арнап шығарылған толғау)

Сағындым-ау, сүйеніш-қалқанымды,
Жетпіс бесте тауыстың талқаныңды,
Жоқтауымды күпірлік деп ойлаймын
Жоғалтқаным болса да қанша мұңды.

Сағындым-ау сүйеніш-тірегімді,
Жарты ғасыр жаулаған жүрегімді.
Елесіңнен алыстай алмай жүрмін,
Енді өзіңнен үзсем да күдерімді.

Арасында жүріппін саябақтың,
Ойлап көрсем, елу жыл аялапсың.
Бәйтерегім мәуелі құлағанда,
Ұрпақтарға арқамды таямақпын.

Көп сұрақтың астында қалып жүрмін,
Шынымды айтсам, өзіңсіз налып жүрмін.
Ұрпақтарың - қалдырған бағдаршамым,
Кеудемдегі самсаған жарық жұлдыз.

Сусын сұрап бір шұқыр қинамадың,
Өлгеніңе мен қалай иланамын.
Орыныңды тұрғаны ойсыратып,
Жарты ғасыр бостандық сыйлағаның.

Ұрпақтардың қызығын көрсем деймін,
Көңілімді соларға бөлсем деймін.
Көңіліне алмасын ұрпақтары,
Әке орны баламен өлшенбейді.

Орындап жүр ұрпағың талабымды,
Бәрі менің бағады қабағымды.
Елесіңді орныңа отырғызып,
Кейде жалғыз жұтамын тамағымды.

Естілетін дауысың мақпалдай шын,
Риза едің жұбыңды тапқандай шын.
Сенің жатқан орныңа жатпай жүрмін,
Таудай болып орныңда жатқандайсың.
Азаматша аялап, көрікті еттің,
Қолдай жүріп, ісімді өнікті еттің.
Сол жағыңа жантайып жан тапсырып,
Көз алдымда әдемі өліп кеттің.
Саған аян оңаша жылағаным,
Ойлап кетем кейде тік тұра қалып.
Жетпіс бесті тойлатпай кете бардың,
Неге, неге екі айға шыдамадың?
Тауыспадың бір шұқыр су алдырып,
Күндерім көп көңілдің жуған кірін.
Орның жайлы, иманың жолдас болсын,
Бүгін сенің, қымбаттым, туған күнің.
Дос-жаранға білдірдің бағаң барын,
Жасқа толдың, үндемей қала алмадым.
Ұрпақтарға өнеге болсын деген
Өлеңімді осымен тәмамдадым.



Әлемнің тоғызыншы аймағымын

Әлемнің тоғызыншы аймағымын,
Осындай жер шарында орыным бар.
Қонақжай мінезім бар жайдарылы,
Жайылған бұғы-марал қорымым бар.
Көгілдір желбіреген байрағым бар,
Күн арқалап құс қанат жайғаныңда,
Көңілім шалқып ала жөнелгенде,
Шаттықтан кеудем кернеп сайрадымда.
Қанатты қос тұлпар мен шаңырақты,
Елтаңбам да көңілімді жадыратты,
Кеудем де күмбірлеген күйге толы
Күй сазын сазгерлерім жамыратты.

Сан түрлі аттары бар тауларым бар,
Шеқараға көз жетпес аумағым бар
Өзенім, көлдерім көп мақтан етер
Балығы сан құбылып аударылған.
Сан түрлі қазыналы, жерім жұмақ.
Сырым көп айтылмаған менің бірақ
Ұлтта көп мекендеген жерімізді,
Қазақтың салтанатты елін құрап.
Мейірімді, құшағым кең халық болам.
Маңыма шуақ шашып жарық болам.
Әлемде ойып алар орыным бар
Еңселі қазақ деген-Алып болам!
25.04. 2009 жыл.



ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНДЕ

Теңізбен дидарласу

Мен Каспийдің толқынымен достастым,
Кетерімде қайта барып қоштастым.
Каспий - достық теңізі екен Ақтауда,
Мен достыққа үлесімді қоспақпын.
Күнде барып, қызықтадым теңізді,
Сан құбылып, «О, құдірет!» дегізді.
Қара күңгірт, кейде жасыл Каспийге
Басымды идім - қабыл алғын лебізді.
Бұл жағадан аққуларды көрмедім,
Көрсем деген арманым ғой ол менің.
Кешір, Каспий, ортаймасаң болғаны,
Кейде сені теңіз дедім, көл дедім.
Сыр тартқанда Каспий атты теңізден,
Мұнайымен жердің шарын емізген.
Желді күні көбік шашқан толқының
Көрген сәтте «О, ғаламат!» дегізген.
Теңіз беті батырлардың мекені
Екендігін айтсаң, дәлел жетеді.
Желді күні ашуланған теңізге
Сырттай қарап тұрсаң, зәрең кетеді.

Теңіз жайлы біраз аңыз білемін,
Естігенде дір етеді жүрегім.
Талайлардың тағдырымен ойнаған
Мінезі тым қатал көлдің бірі едің.

Ауды құрып, қармақ салып қарманып,
Қорқынышты сұсыңа сан таңғалып,
Қайығымен аударылған жандардың .
Тағдырын да қалғандаймын аңғарып.
Кешір, Каспий, адамы едім құрлықтың,
Куәгері сен ғой талай ұрлықтың.
Талайлардың арқалаған қайғысын,
Себепшісі болған талай сұмдықтың.

Каспий тірі, атыңа сай бағаң бар,
Борыштар-ау саған сансыз адамдар. .
Шақырымдай қашықтапсың жағадан,
Уақыт жетті жағдайыңа алаңдар.
Қанша тағдыр жатыр сенің түбінде,
Кезім болды сырыңа сан үңілген.
Толқыныңнан мен ештеңе ұқпадым,
Сөйлеп жаттың сен теңіздің тілінде.

Мен адаммын, сен теңізсің, соны ұқтым,
Мен сенімен жағалауда жолықтым.
Қайғы емес, адамдардың өзіңнен
Жылдан жылға алатыны молықсын!



Сағынышым кеудемде дестеленген

Кіндігімді өзінде кеспегенмен,
Сағынышым кеудемде дестеленген.
Көкіректің түбінде тербеткенмен,
Таңғалдыра алмадым ештеңеммен.

Өлкесінде Орынбор туылыппын,
Кіндік қаным сол жақта жуылыпты.
Жосалыда туысым қалмағанмен,
Сағынышым демеймін суынып тұр.

Туған жерге өзіңді балап келдім,
Ой-қырыңды қиялмен қарап келдім,
Жас-кәрісін ауылдың шансаңыздар
Тумағанмен туғандай санап келдім.

Жан анамның бейіті сонда жатыр.
Менің басқан іздерім жолда жатыр.
Лайық қыз боп атыңа жүрсем деймін.
Тағдыр мені жіберсе қолдап ақыр.

Ата-бабам зираты «Жаңғазыда»
Тіршілікте кім жеткен арманына,
Ұл боп тусам қалар ем ауылымда,
Қыз көнеді тағдырдың салғанына.

Өскен жердей жер болмас жер бетінде,
Анама ұқсап кетеді келбетіңде.
Ауылыңды аяла демекшімін,
Ауылдасқа төсінде тербетілген.

5.03.2009 ж.

Ол Ақсайдың құрметті азаматы (Қуанышбай Төлебаевқа)

Домбыра ұстап қолына өн салатын,
Қазақы дәстүр десе жан салатын.
Қуанышбай Ақсайда әкім бопты
Көрген жан ілтипатпен қарсы алатын.
Сонау бір ел басқарған жылдарында,
Ойлапты ел қамын да, қыр қамын да.
Қимастықпен еске алар кез жетіпті,
Тарихқа айналатын тұлғаның да.
Ақсай - қала, сәулетті мекен бүгін.
Ол - Ақсайдың құрметті азаматы.
Ел басқару ауыр жүк екендігін,
Күн туыпты ұялмай жаза алатын.
Уақыт деген зулаған қарагердің,
Қатты ұстап жалынан шаба бергін.
Азаматқа 63 ердің жасы
Пайғамбардың жасына жаңа келдің.

Қызығын көр ұл-қыздың, жарыңыздың,
Аяласын жақсылық жаныңызды.
Мұңсыз ғұмыр, денсаулық бізден тілек,
Адал ұлсыз алдында арыңыздың.
Айналасын сан түрлі ұлт саялаған,
Жақсылығын жаттан да аямаған.
Ұзақ жаса көңілін кір шалмаған,
Азамат бол Отаны аялаған.
4.08. 2008



Астанамыз жасампаздар қаласы

Тоғыз жолдың торабына салынған,
Астанамыз Есілмен қақжарылған.
Бәйтерегі Самұрықтың ұясы
Халқымыздың қиялынан алынған.
Алдар көсе, Күнекей мен Мақтақыз,
Аңыздардан біліп өстік жатқа біз.
Мүсіндерің қонақтапты тұғырға
Ал, қанекей, тойды бірге бастаңыз.
Ақ Ордамыз бейбітшілік қаласы,
Есіл, күнмен шағылысып ағасың.
Рухымды асқақтатып паң қала,
Адамзаттың ширатасың санасын.
Көзбен емес көкірекпен қарасаң,
Астанамыз қала болған тамаша.
Қазіргі мен болашақтың ұрпағы
Астанада өмір сүрмек жаңаша.
Ғимараттар салып таңдай қақтырған,
Сан құбылған шамды тегіс жақтырған.
Кездің жауын ала-тұғын гүлдермен
Астананың салтанатын арттырған.
Елеңдеді адамзаттың баласы,
Астанамыз жасампаздар қаласы.
Батпағына орман егіп тастаған,
Сөнге оранған қазір Арқа даласы.

Құрыш қолдар темірді өріп байлаған,
Батпақты елді қала қылды жайнаған.
Қала халқы, тойлап алғын, тойдан соң,
Жалғасады қызу еңбек қайнаған.

Тойларыңыз тойға ұлассын, халайық!
Тойды тойлап, сәл демалып алайық.
Шаттығыңа ортақтасып қол соғып,
Тілекшің боп отыруға жарайық!



Биіктерге самғап бара жатырсың

(Ақын балам Бауыржан Халиоллаға)

Қос домбыра тартып жүрсің түсімде,
Алда жүрсің ақындардың ішінде.
Домбыраның күмбірлеттің біреуін,
Ақ домбыра екен қобыз пішінде.

Алыс-жақын елге бардың жол соғып,
Экраннан қарап саған қол соғып.
Мақтанамыз озғаныңа мез болып,
Отыруға хақымыз жоқ тоң-торыс.

Шабыт беріп қанатыңды қомдайын.

Биіктерге самғау үшін бол дайын.

Ақ тілеулі аналардан бата алып,
Айтыстарда қатарыңнан оз дәйім!

Бәрі қызық басы бүтін пендеге,
Дүлдүліне қол соқпасын ел неге.
Мәз боламын мақтап жатса ел сені,
Қуанатын жалғыз ана мен деме.

Тілеуіңді тілеп жүрген анаңмын.

Сенің әр кез өміріңе алаңмын.

Аяғыңнан шалмаса екен, күншілдер,
Жасамаса екен, саған жамандық.

Алыс-жақын айтыстарға барысып,
Облыстың қорғап жүрсің намысын.
Бірде озып, бірде түсіп ортаға,
Ізденуден жаман емес табысың.

Көңіл бөліп, Ақсайға да келіп кет,
Уақыт бөліп, соғып сәлем беріп кет.
Дарыныңмен көтерілдің биікке,
Жақсы көрдің десең ұлым неліктен.

Талғампаз ғой мына біздің ғасыр тым,
Биіктерге самғап бара жатырсың.
Бойыңдағы дарының мен намысың,
Әрқашанда мәртебеңді асырсын!

Сен озғанда көзге ылғи жас алам.
Тілекшіңмін жүрсем де мен тасада.
Отырамын ақ батамды жаудырып,
Тілегімді қабыл алғай жасаған!

Ананың тұғыры

Тағдыр маған оң көзімен қарады,
Мен өмірге әкелдім он баланы.
Әрбір бала дүниеге келгенде,
Мақтаныштан жарқырайтын жанарым.
Сәбилердің қылығына мәз болып,
Өтті менің бар ғұмырым жаз болып.
Ой-хой менің сарқылмастай шаттығым,
Көрінетін қанағатым аз болып.
Сәбилердің тәтті исі, қылығы,
Ана үшін шексіз бақыт мұны біл
Демекшімін ана атаулыларға,
Ана болу - ананың тақ, тұғыры.
Дей алмаймын ештемеден кем болдым
Шаңырақтың патшасы да мен болдым
Айналғанда он баланың анасы
Лауазымым осал емес Ер болдым.
15.03.2009 ж.



Толқындар

Каспийдің беті жап-жасыл
Түнерген бұлттар жаумайды.
Бірімен-бірі арбасып,
Толқындар ғана аунайды.

Толқынның жету мұраты,
Жағаға көбік қалдырып.
Толқынды күтіп тұрасың,
Қарайсың көзді талдырып,

Жағаға көбік шашқанда,
Теңіздің жал-жал толқыны,
Түнерген бұлтқа аспанда
Қарау да тіптен қорқыныш.

Әр түске еніп құбылған,
Теңіздің бетін қарасаң,
Жағаға жетіп жығылған,
Толқындар жал-жал тамаша.

Түнерген сұсты қара бұлт
Теңізге төніп жаумай тұр
Жап-жақын тіптен аралық
Құлайтын таудан аумай тұр.



Ақ жол

Алтын жайма төсейін
Тұсауыңды кесейін
Қайда барсаң жол болсын
Ер жеткенде есейіп.

Жапырағым, жанарым,
Балапаным базарым.
Қидым ала жібіңді
Құтты болсын қадамың

Балапаным борықтай
Тәй-тәй басшы қорықпай
Ала жіпті қиған соң
Жүріп кетші толықтай
 Қаражаттан тарықпа
 Өнеге бол халыққа
 Аман болсын Ата-анаң
 Ешқашанда қамықпа
Тәй-тәй қадам аттаған
Балапаным-ақ балам
Лауазымың әр қашан
Биік тұрсын ақшадан
 Қайда барсаң жол болсын
 Ыризығың мол болсын
 Ақ тілеулі әжеңнен
 Алар батаң сол болсын!

(немерем Мәдинаның тұсауын кесу)

14 март 2008 ж.

Ананың алғысы

Зәйтунамның қызы, жары, алданышы болыпты,
Бүгін, Гүлім, санап тұрсам он алтыға толыпты.
Оң солыңнан ай-күн тусын-анаңның ақ батасы,
Армандаған алтын балық алдарыңнан жолықсын.
 Сені жасқа толғаныңша «Алтын бас»- деп атадық,
 Сары шашың шындығында алтын деуге жатады.
 Бәріміздің қамқоршымыз «Алтын басым» аман жүр,
 Саған, жаным, беріп жүрмін ағыл-тегіл батаны.
Мен басымнан өткен жылды санап шықсам парақтап,
Тәтті ғұмыр кешіппін-ау, ризамын жаратқан.
Ұл-қыздарым бір-біріне жаны ашитын бауырмал,
Қорға, Алла, жанұямды берекесі жарасқан.
 Ұл-қызымның тірліктері бір-біріне байланған,
 Бір-бірінің жетпестерін бүтіндеуге сайланған.
 Алла, саған ризамын, қолдап-қорғап жүрсің ғой,
 Мен бақытты әже екенмін бәйтерекке айналған.
Ақ батамды Зәйтунама беріп қойғам көп бұрын,
Санап көрсем содан бері біраз жыл мен өтті күн.
Гүліміңнің қызығын көр, қайғы мұңсыз өмір сүр,
Алда жасар ғұмырыңда бақытты боп өт, күнім.

3.03.2009 ж.

Маңғыстау облысының «Құрақ» елді мекенінде «Балабақша» ашылуы салтанатына, осы «Балабақшаны» салуға тер төгіп атсалысқан азамат-азаматшалардың атынан Құттықтауы

Қош келдіңдер, ауыл халқы, жиналған,
Кездерің көп болған шығар қиналған.
Елбасының саясаты сіздерді,
Қиындықтан құтқаруды ұйғарған.

Жас аналар жуу үшін жөргекті,
«Балабақша» ашылуы жөн депті.
Құрақтықтар көптен бері ауылға
«Бала-бақша» салынғанын көрмепті.

Ауыл болды, қаладан сәл жырақта,
Нарық тұсы, түсті талай сынаққа.
«Балабақша» сұранып- ақ тұрғанмен,
Кештеу жетті «Балабақша» Құраққа.

Бұл өңірден талай ұрпақ алмасты,
Ай жылдарға, жыл ғасырға жалғасты.
Тәуелсіздік алып есті жиғалы,
«Балабақша» ашылып тұр алғашқы.

Міне, енді артқа тастап сан жылды,
«Балабақша» ашып елді таңғылды.
Жағдайлары жақсарғанның арқасы,
Халқымыздың сұранысы жаңғырды.

Дүр сілкініп тыныш жатқан даланы,
Жұмыстанбақ ауылдың сан адамы.
Баратұғын «Балабақша» үйіне,
Құтты болсын бүлдіршіндер қадамы.

Құтты болсын «Балабақша» демекпіз!
Қабылдай бер бүлдіршінді кезексіз.
Өмір танып, өздерін де танитын,
Ұрпақтарды баулығайсыз «Ерек» сіз.

Ақын Айтқали Нәріковке!

Журналисті сыйлаушының бірі мен,
Сізден сұхбат алатынын біліп ем.
Журналистің дәкейі сіз, Айтқали,
Құттықтаймын журналистер күнімен.

Бұл жанрға еңбегіңіз сіңгелі,
Қазақ елі елге айналды іргелі.
Бетке ұстар ақынысыз Оралдың
Ақындарды саралап мен білгелі.

Еңбегіңіз жазып жүрген келелі,
Рухани жанға азық береді.
Астананың он жылдығы тойына
Сізді елеусіз қалдырмас деп сенемін!

Ең бастысы, мұңсыз болсын ғұмырың,
Мықты болсын журналистік тұғырың.
Қарт журналист сізден бастап, Айтқали,
Құттықтаймын журналистер ұжымын!



Тәуелсіздік мерекесі жасасын!

Осы мейрам - бақыт күні басы ашық,
Бодандыққа оралмастай тас атып.
Еркіндігін жеңіп алған халқымның,
Тәуелсіздік мерекесі жасасын!

Көкте ұшқан құс қанаты талатын,
Ұланғайыр қазағымның даласын.
Мекендеген сан-алуан халықтың,
Достықтары танытқандай жарасым.

Қыспақ көріп шашыраған әр елге,
Қазақ деген бауырларға сәлем де.
Ақ ниетпен достық құшақ жаятын,
Қазақтардай ел бар ма екен әлемде.

Қазақстан - мақтанышым, кең далам,
Ата-анамдай ыстықсың ғой сен маған.
Менің алтын ақ бесігім тербеткен,
Кендігіңдей пейіліңді бер маған.

Жазбаған адам бақытты

Жанымды таппай қоярға,
Жүретін кейде кезім бар
Шақтарда шабыт оянған,
Жасынға ұқсас сезім бар.
 Шап беріп қағып алмасам,
 Жалт беріп ұшып кетеді.
 Жайымды кейде аңдасам
 Тылсым жай менде жетеді.
Шамама шақтап өзімнің,
Кейбірін ұстап қаламын.
Шегінен шықса төзімнің,
Отыра қалып жазамын.
 Қояйын десем қойғызбай,
 Қолдаушым маза бермейді.
 Қоймайды кейде тойғызбай,
 Қоймастан жаза бер дейді.
Ал жаздым, сонда не жазам,
Өткізіп алдым уақытты.
Маза бер енді, дем алам
Жазбаған адам бақытты.



Кедергіні кесіп өт!

Ол сауапты іс, жан-жағыңа,
Тиер болса пайдаң сан.
Жетер адам арманына,
Керек жанға айналсаң.
 Бұл өмірде жоғың-барың,
 Білінбесе-өкініш.
 Кедергіден жолыңдағы
 Жеңілме өт-өтініш!
Жетемін де мақсатыңа,
Өзіңді оған міндетте.
Ізденудің жақсы аты бар,
Тек жаныңды кірлетпе!

Мықты емес, сенен мақсат,
Қуа білсең жетесің.
Ой мен жігер екі жақтап,
Тапсаң жолдың төтесін.
Байланысты бөрі саған,
Жеңілуің, жеңбеуің.
Ізденуден қалыс адам.
Қаламайды терлеуін.
 Қажамасаң сен өзіңді,
 Ілгерілеу жоқ саған.
 Бола біл тек, сен төзімді,
 Алға жылжы, тоқтама!
Қайраудың да пайдасы бар,
Болуың шарт төзімді.
Ащы еңбектің айнасы бар,
Көрсететін өзіңді.



Дұрыс жолға бастаңыз, кім болсаңда

Ұшқанда құс қанаты талатұғын,
Жеріміз ұлан-байтақ дала тұғын.
Көлік қой ол заманда ат пен арба
Жолаушы айлап жүріп баратұғын.
 Тұяғы мұқалатын құлагердің,
 Жеткенше таусылатын шыдамы ердің.
 Ал көзір темір қанат құсқа мініп,
 Тәулікте барар жерден шыға келдің.
Жайғасты жаһандану санамызға,-
«Деп жүрміз көп тіл үйрен баламызға
Алдыңғы елу елдің қатарына
Қосылмай біз қатардан қаламыз ба».
 Осындай болды кәзір ұранымыз.
 Белгісіз қайдан барып шығарымыз.
 Ойнайды компьютердің құлағында,
 Бесіктен белі шықпай ұланымыз.

Жер асты тереңдігін шақырымдап,
Бұрғылап тесіп жүрміз ақырындап,
Қақ жарып қара жерді түтік тарттық
Мына мен куә болған ғасырымда
Ал халқым, арандамай абайлаңыз.
Ісінді ақылға сап бажайлаңыз,
Дұрыс жолға бастаңыз кім болсаңда,
Абайлап алды, артыңа қарайлаңыз.



Қазақ - менің өз атым

Біз қазақпыз пейілдері жарасқан,
Дала жайлап, көші болған көрікті.
Төбемізден төңкерілген кәрі аспан,
Тарихымды көзіменен көріпті.
Аң мен құстың тілін ұққан халықпыз
Ал әуенге уызынан жарыппыз.
Дала жайлап, көкте күнмен сырласып,
Жымындаған жұлдыздан сыр алыпмыз.
Көш түзеппіз құс жолымен бағыттап
Қазақтардан туған талай алыптар
Танды-таңға ұластырып ән салсақ,
Дауысымыз кетеді екен шарықтап.
Арғымақпен жарысқанда озатын,
Халықпыз біз айға қолды созатын.
Сақ та емес, ғұн да емес, таласам,
Қырғыз емес- нағыз қазақ өз атым.
Мақтанамын, қазақ менің өз атым,
Ұлда тудым ғарышқа қол созатын
Құшағым кең, қонақ жаймын, салтым бар,
Ол жағынан әлемге үлгі болатын.



Адамды адам ететұғын - еңбегі

Бойымдағы бар жақсылық мендегі,
Көп іздендім, оңайлықпен келмеді.
Өмір көріп, араласпаса адаммен,
Тұйықтыққа тірейді көп пендені.
Білмедім деп айта аламын мен нені,
Адам жайы әрқилы ғой жердегі
Білгің келсе, ортаңменен аралас,
Араласпай аша алмайсың пердені.
Көп көргеннен жан шығады зерделі,
Ей адамдар, араласайық, кел бері.
Тіршіліктен менің түйіп, білгенім,
Адамды адам ететұғын – еңбегі
Білгенімнен білмегенім көп екен.
Білмегеннің кеудесі де көр екен.
Бұл өмірден менің алған сабағым,
Адамдардың көп білгені жөн екен.



Дара тұлға Алтыншаш Жағановаға

Бойыңа Алла талант дарытқасын
Тарихқа тұлға болып қалыптасып
Тұлғалы да сымбатты қыз болдыңыз
Анаңыз уызына жарытқасын.
Білгенге байтақ елміз, іргеліміз.
Өмірден көп-ақ түйіп білгеніңіз
Көзге түсіп, әр қашан топты жарып,
Халықтың сөзін сөйлеп жүргеніңіз
Сөйлеймін сөзін әр кез ақылдының
Ұнайды, сіңлім, сенің батылдығың
Жазушылық талантың өз алдына
Журналды шығарасың татымды ғып
Сүйсінемін көз тігіп сымбатыңа
Көкірегің жаралған сырға тұна
Өтінішпен байланыс жасап тұрмын.
Жауап жазып жібергін тілхатшыма

Алыстан хат жолдамақ аса құнды
Хат арқылы таныған апаңызды
Жатса егер тілегім орындалып
Жаудырамыз соңынан батамызды.
Сөз ұйқасы сіз емес, сенге келді
Шебері, ақыны саналдым менде елдің
Бір пұшпағын терінің илеп жүрген
Бір анасы санаңыз іргелі елдің.



Мәңгілік жыр

Егер сізге өлең іздеп келмесе,
Мазалайық Айсұлу боп, мен болып.
Тыңда, қарғам, мен сөйлейін ендеше,
Мұнда сізді жоқтап жүрміз ел болып.
Көпті көрген, отты ой өрген сіз бен мен,
Әрқашанда бола алмаспыз болып тең.
Өлең сізді жүрген болса қозғамай,
Үрлеу сөзім кетер, бәлкім, болып ем.
Ақын атың ерте шыққан жан едің,
Ойыңды оят, босаңсуға берме ерік.
Сұлу едің, кербез едің, паң едің,
Өлең жазбай жүрмін деуің пенделік.
Жасамыстың сөзін айттың жасыңда,
Жыр оқыдың тойда, жиын, асыңда.
Айсұлудың өлеңі деп Тұңғышбай
Жаманқұлов әнді шетел асырған.
Ол тұлға ғой, ірі актер, ойлы адам.
Құрманғазы, хандар болып ойнаған.
«Барып қайт, балам, ауылға туған, барып қайт»
Мәңгілік жыр, еш мазмұнын жоймаған.
Бұл өлеңнің авторы сен болғаның,
Ақын болып тым ертерек толғаның.
Ақындыққа қайта орал, жолға шық
Аралап көр, қайта ойдың орманын.



Алынбаған атақ

Тірлікте мен көрнекі құралдаймын,
Халқымның хас өнерін ұрандаймын.
Шыңғырған шындық күтіп келем өлі,
Жүрген соң жаным жылап, жұбанбаймын.

Атағым «Мәдениет қайраткері»,
Бұл атақ маған шыным, берілмеген.
Көз майым кетті, ақты маңдай терім,
Күндіз-түн іс тігуден ерінбедім.

Басшыны жамандауға барғаным жоқ,
Қоғамдық жұмыстан бір қалғаным жоқ.
Мені емес, менің ізбасарларымды,
Басшылар бағаласа, арманым жоқ.

Елемей қырық жылғы еңбегімді,
Ұрпаққа өнеге-үлгі бергенімді.
Ісімді көріп жүрген ел біледі,

Менімен кездес келсе сенгілерің.

Қайрадым намысымды, қалғымадым,
Оқырман, өзің түсін арғы жағын.

Алмаған атағымды өлгенде алып,
Біліксіз басшыларды таң қыламын.

Жан кетіп, жұмғаннан соң жанарымды,
Жер асты берген кезде хабарымды.

«Мәдениет қайраткері» атағымды,
Сеземін түбінде бір аларымды.

Өзіне өзі атақ берді деме,
Атағын аларына сенді деме.
Шәмші мен Мұқағали ағаларға,
Атақты өлгеннен соң берді неге?



Инемен үй тұрғыздым

Астанадан тіл хаттым халқымызға
Үлес қостым біршама салтымызға,
Құдық қаздым инемен үй тұрғыздым,
Мұра болып қалсын деп артымызға.
Айтуға оңай, іс тігу қиын бірақ,
Бар жасадым, жоқ заттан тиын құрап.
Мені неге басып жүр, қызғаныш па?
Осы араға жетпей жүр миым бірақ
Жасағаным татыды таңдайыма,
Қиындықтың шыдадым қандайына,
Адал құлы Алланың мен болғаным
Туа сала жазылған маңдайыма.



Ертеде

Ләмбок шапан жамылып,
Дарайы белбеу тағынып,
Салт ат мінген қыз-жігіт
Қырға шыққан сабылып.
Салтанаты жарасқан,
Өзілдесіп, таласқан.
Қыр гүліндей қыз жігіт.
Алты қырдан әрі асқан.
Қызыл, жасыл, сары гүл
Ой мен қырдың бәрі гүл
Салтанатқа куәгер
Кәрі жастың бәрі жүр.
Сыр бергеннен таң сәрі,
Мамыр айын қарсы алып.
Бір-бірі мен көріскен,
Мез болысқан барша жұрт.

Қызық қалмай бұлардан
Өріске мал шығарған
Серуенді салған ғой.
Шыққанынша құмардан.
 Қыз қуу ма, көкпар ма,
 Қуып жетпей тоқтар ма.
 Қуып жеткен жігітің
 Қыз сүйеге оңталған.



Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын

Біз әзірше бұл өмірдің қонағы
Тарих ертең бізді іздейтін болады.
Біз өйткені, айналыстық мұрамен
Арамыздан бара жатқан жоғалып.
 Уақытында жасамадық салғырттық.
 Көп іздендік мұраларды жаңғырттық.
 Алдымызға мақсат қойған жан болдық
 Біздерде де болған жастық, албырттық.
Бұл сөзіме нанасың ба досым-ау,
Ұрпақтарға айтар ойда осынау,
Ұрпақтардың жалғасарын ойласақ
Дәмі ащы ізденуден шошымау.
 Сен өлерсің, қолың кетер өзіңмен
 Адал еңбек туындайды төзімнен
 Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын
 Кезің келер мәңгілікке көз ілер.



Ойланыңдар

Басына құс саңғып кеткен секілді,
Шашты бояп, түрлентіп жүр кекілді.
Қара шаштар түрлі түске боялды
Ерсі көрсең, бұл мода деп лепірді.

Бірақ, оған осы түрі мін емес,
Бояу жағы айтпай жүрген жыр емес.
Аты қазақ, заты қазақ болғанмен
Қара шашты қазақ қызы бұл емес.

Елімізде біраз ұлттың қосы бар,
Салтымызды бағалайтын досы бар.
Мынау менің әжем бе деп сұраса
Ұрпағына не дер екен осылар.

Мода қуған қыздарыма таңғалам
Жан айқайға жауап берер барма жан
Қыздарының тәрбиесі ақсаған
Идеяның жемісіне арланам.

Шашы сары, қасы қара, о ғажап
Екі түсті түк шыққандай обал-ақ
Ойланыңдар, мода қуған аналар
Қызың ертең қандай ана болажақ.



Табиғат - ол тіршіліктің анасы

Алдын ойлау адамзаттың парызы,
Алғаныңның қайтару шарт қарызын.
Жер бетінде өмір сүрген адамның,
Табиғатқа арандаудың бар ізі.
Табиғат - ол тіршіліктің анасы,
Жылап жатыр, көріп жүрсіз азасын
Су тасқыны болып жатыр әлемде
Көзден таса алыс-жақын арасы
Су астында елдер қалды шығыста
Жер сілкіну батысқа да ығысқан

Жер шарының біраз жерін өрт шалды,
Айтыңдаршы осы айтқаным дұрыс па?
Жерге тоймай тесіп жүрміз аспанды
Аспанға ұшып талайлар жер жастанды.
Қанағатсыз адамзатқа айналдық,
Табиғатқа жасап жүрміз қастандық.
Әрбір елде өзен, көлдер сарқылды
Үлкен Арал әлдеқашан тартылды.
Әр жыл сайын итбалықтар өлуде
Каспийді де алмаймыз ба марқұм ғып?
Капустин Яр, Семей және Азғырдың
Жерін улап елін ерте аздырды.
Нысаналы бала туды аналар,
Тумағанын бір сәбиге зар қылды.
Көрсетіп жүр Хиросима сынағын,
Қасіреті сан ғасырға тұрады.
Жан түршігер мұндай сынақ жасауды,
Естімесін адамзаттың құлағы.
Жер-анамыз зардап шегіп жатқанда,
Күндіз- түні алау жақты аспанға.
Солтүстікте мұзды мұхит шөггерді,
Алдын ала бұл ескерту тасқанға.
Әлем болып газ, мұнайға кенелдік
Рухани жан азыққа не бердік?
Ынсапсыздық әкеле ме шын бақыт
Қандай-қандай дәлелің бар сенерлік?
Байлық көзі Ақсай-Қарашығанақ
Байыған ел-сән, салтанат құражақ.
Конденсаттың иісінен халқымның
Денсаулығы қалмаса екен тұралап.
Ауа тым лас, тынысымыз тарылды,
Айтудай-ақ айтып жүрміз шағымды,
Ішкеніңнен, жегеніңнен не пайда
Денсаулығың байлап жүрсе бағыңды.
Бара жатыр аңдар, құстар азайып
Байқайсыз ба? Адамзаттан бар айып
Табиғаттай анамызды қорғауды
Әлем болып қолға алайық, халайық!

Елбасының арманы келелі екен

Ағылуда халықтар Астанаға,
Қарық болмақ халқы да баспанаға.
Қиындыққа қайыспай қарсы тұру,
Өр мінезді лайық жасқа ғана.

Астанамыз әдемі, халқы да жас,
Түсті жастар сан түрлі талқыға да.
Қиындыққа шыдады, шынықты да,
Қызығын да көретін халқы ғана.

Тойлап жатыр тұрғындар жас қаласын,
Мақтанышпен сүйеді Астанасын.
Көз тоймайтын көркіне қанықтырып,
Қала халқы өсірмек жас баласын.

Қала халқы дүрлікті, алаңдады,
Көрі, жасы тер төкпей қала алмады.
Сан-ауан әдемі ғимаратты,
Еңбек етіп күндіз-түн тәмамдады.

Экраннан көрсетіп, тамсандырып,
Жарнамалап әлемге жар салдырып.
Астанаға ағылған халықтарды,
Салтымызбен қазақи қарсы алдырып.
Қолымыздан өрелі іс келеді екен,
Еңбек етсең нәтиже береді екен.
Алған ісін жеткізді аяғына,
Елбасының арманы келелі екен.

Орындалды халқының ішкі арманы,
Облыстар шашудан тыс қалмады.
Күн-түн демей орнатты Астананы,
Басшылардың көрінді ысталғаны.
Көп қолдады Елбасын, көңіл толды,
Ұқсап кетті Астана ертегіге.
«Су бұрқаққа», «Көп гүлге» өңір толды,
Мақтанышпен қарайсың ертеңіңе.

Монғолия, Қытайдан атпен келді
Бір ай жүріп араға баппен келді
Шет елдегі қазақтың тектілері
Жүрек жарды сағыныш ап келгені.

Желбіретіп көгілдір жалауларын,
Жағу үшін сағыныш алауларын.
Ат сабылтып келгендер атажұртқа,
Таңдап мінген жылқының жарауларын.
Қазақтарға жар салды әлемдегі,
Азабымен жол жүрген дәлелдеді.
Шашу шашып қарсы алған қандасына,
Көкіректен қыстығып Сөлем деді.
Құлағымнан естідім нанасың ба,
Мыңға жуық тілші бар арасында.
Сегіз жүздей шақырған қонағы бар,
Шет елдік бар, бұрынғы одағы бар.
Мың тірілген, мың өліп, қайран халқым,
Тәуелсіздік тұғырың мықты болсын.
Бақ қонғанда басына сайран салсын,
Ұлық батыр, келінің жүкті болсын!



Білгенің жөн

Қарапайым жан көрініп жүрсем де,
Мен халықтың адамымын білсеңдер.
Аңқылдаған Қожанасыр бола алам,
Күлгің келсе маған күлгін күлсеңдер.
Көңілденсе көкірегін ашатын,
Жан-жағына жан шуағын шашатын.
Мінезім бар бір басыма жететін,
Жан емеспін жақсылықтан қашатын.
Ақын да мен, шебер де мен десем де
Айналдым деп айта алмаймын шешенге.
Тұла бойды бұған дарын көбіне,
Жанды қинап айналады кеселге.
Мықтылығым, осалдығым бұл менің,
Өз-өзіммен арпалысып жүргенім.
Дарындының машақаты жайында,
Есептеймін жөн болар деп білгенің.

Мына мен де дарындыға жатам ба?
Дарындыны танып берер батам бар.
Шын дарынды көріп қалсам үйімнен,
Шамам келсе дәм татқызам қашанда.

Дей алмаймын қолы ашық мырзамын,
Жан-қалтама байланысты бұл жағы.
Мен осындай адам болам халайық,
Қожанасыр десеңіз де ризамын.



Құрылысшылар - құрыш күштің құдайы

Құрылысшылар - құрыш күштің құдайы,
Басымды ием мен сіздерге ұдайы.
Бітер істің бойындағы қаны - сіз,
Атасы сіз еңбектің де шынайы.
Құрылысшы әйелсің бе, ерсің бе?
Ойлап көрсем, батырлармен теңсіздер.
Бағалауға лайық деп ойлаймын,
Киіміңді киіп жүрген тер сіңген.
Көзім түссе, киіміңе күн жеген,
Иесіне ұқсамаймын мүлде мен.
Қуыршаққа ұқсатамын өзімді
Орап қойған үлде менен бүлдеге.
Ащы тердің дәмін тілмен татқанда,
Ауыр затты көтергенде батпандап.
Содан кейін тамақ ішіп тәбетпен,
Не жетеді тәтті ұйқыға батқанға.
Құрылысшы боп кеткім келед мен демде,
Шынымды айтам, қызығамын сендерге.
Салтанатты ғимараттар тұрғызған,
Құрылысшылар дала, қала, елдерге.
Тұрғызылса салтанатты сарайлар,
Сол құрылысқа үлес қосқан талайлар.
Нағыз адал еңбектің ол иесі,
Марапаттан мақұрымдау алайда.
Көпшілікпен аралас жүрген жұлдыздар,
Сендерсіңдер әсем қала тұрғызған.
Алып күштің иелері - толағай,
Мерекеңіз құтты болсын, ұл-қыздар!

Достыққа қылау түспесін!

Сүйсіне қарап жан-жаққа,
Жай басып келем көшеде.
Жаныма шабыт алмаққа,
Туар деп өлең еселеп.
 Көшеде көлік зулайды,
 Машина тым көп, ол анық.
 Шабытсыз өлең тумайды,
 Отырсаң үйде омалып.

Ағуда көлік жөңкіле,
Жайдары жүзді әр адам.
Қаланың тойсам көркіне,
Жаныма мен де нәр алам.
 Тойы еді бүгін халықтың,
 Халықтық мейрам аталған.
 Мейрамды көріп қанықтым,
 Шаттанып қайттым сапардан.

Бірінші мамыр - той күні,
Оранды көкке ой-қырым.
Сахна төрін кернеді
Әр ұлттың салған той жыры.
 Сан ұлттық шаттық мерекем,
 Тойларды тойлар үстесін.
 Мейрамым шаттық сен екен,
 Достыққа қылау түспесін!



Қазынаны ұрпаққа апарайық

Жолға шықтым, алысқа, сапар анық.
Қол өнерін, өлеңді қатар алып,
Оқырманға айтарым: төкпей, шашпай,
«Қазынаны ұрпаққа апарайық»
 Бағамдадым, мақсаттың айқындығын,
 Армандарым, ішімнен айтылды мың.
 Көшіп-қонып жүрсе де өнер құған,
 Мақтан қылдым бабамның бай тірлігін.

Үлкендердің соңы мен екенімді,
Кеш ұғындым отызға жете білдім.
Ащы өнердің қызығын қоюлаттым,
Ауыстырып Ақсайға мекенімді.
Екі қолым жаныма сыймаған соң,
Жұмыссыздық жанымды қинаған соң,
Бас көтермей кірістім деп айтайын
Қос өнерді тәңірім сыйлаған соң.
Керек өнер ұрпаққа сөз өнері,
«Ою-өрнек» қазақтың өз өнері.
Тілін, дінін, өнерін жеткізе алсаң,
Болашағы ұрпақтың көгереді.
Ата-бабам мұрасын қастерлеймін,
Қойғым келіп жүрсе де бас бермейді.
Қолтығымнан демеген қос өнерді
Жалғастыра беруге жас келмей.



Әкем де сен – Ел, Анам да сен – Ел аңсаған

Елім деп келіп, езіліп кетем ішімнен,
Аулымда мені күтпесін ешкім түсінгем.
Анам да кетті, бауырдың бәрі бақилық,
Туған ел барда еңсемді бірақ түсірмен.
Бас тіреп барар үйімді қайдан іздеймін,
Ойланып алам, қай үйге барам, білмеймін.
Қонармын қайда, қаңқылдап келсем еліме,
Қанаты сынған аққумен қазір бірдеймін.
Танитындарың есікті қатты жаппандар,
Төркіннің бәрі төмпешік болып жатқандар.
Қамығып іштей моладан барып іздеймін,
Серпіліп қалам, құлпытастарын тапқанға.
Мен жайлы егер айтылса жылы лебіздер,
«Апа ғой «Әке» кітабын жазған» деп іздер.
Білмегендерің сұрастырыңдар білгеннен
Дәмелі апа Құсайынқызы деңіздер.

Жеңіске ертең алпыс бес жыл толарда,
Еліміз қандай көрсетер құрмет оларға?
Өсіппін сезбей әкенің жылы лебізін
Соғыс қой жұтқан, әкеден адам озар ма?
 Адамдар аз ғой танитын бізді көзкөрген,
 Ұрпақтар өскен, елімнің өңі өзгерген.
 Сағыныш елге аялар асыл сезім ғой,
 Дәлелдеп жату қиындау артық сөздермен.
Сағынам елді, келеді көргім қаншама,
Әкем де сен – Ел, анам да сен – Ел аңсаған.
Сағыныш жүгін көтеріп жүр ғой шырылдап,
Торғайдай жүрек болса да мықты қаншама.



Жазба ақындарға

Өмірге бердік бойда барымызды,
Топқа қоспақ Бауыржан тағы бізді.
Жазба ақындар, қаламды қолға алыңдар,
Тартып алмас отырған тағымызды.
 Бауыржан балам бастап, елім қостап,
 «Айна» деген газетке үлес қоспақ.
 Ақсайдан мен де қолға қалам алдым,
 Сәлем жазу ниетпен «жазба досқа».
Жақсы екен бұл газеттің бастамасы,
Білген соң өз шамаңды жасқанасың.
Суырып салып айту қолдан келмей,
Тартынды талай «жазба қасқабасың».
 Менімен айтысуға кім шығады?
 Келіп тұр өлеңменен шымшылағым.
 Бойында таланты бар біреу шықса,
 Жарыққа шығаруға құлшынамын.
Өмірде ортаймадым, тасымадым,
Кездескен кедергіге жасымадым.
Мейірбанды анамын, сондықтан да
Сәуле шашып тұруға асығамын.

Айтыссам, жеңілермін, жеңілмеспін,
Жеңілсем, тартып алмас жерімді ешкім.
Көңілдің хошы болып, ден сау болса,
Жауап жазып тұруға ерінбеспін.
Жастықтың соңы, алды кәріліктің,
Бұл жасымда өмірдің мәнін ұқтым.
Жеңсем де, жеңілсем де, өкінбеспін,
Болсын тек жазба ақынның бәрі мықты.



«Бөрлі жаршысы» журналистеріне

Ағыл-тегіл ақынға беріпті арман,
Ақындық та бір дерт қой ерікті алған.
Әне-міне дегенше жыл айналып,
Журналистер күні де келіп қалған.
Бұл ұжыммен таныспын көптен бері,
Бірге өтіппін он үш жыл өткелдерін.
Басымды ием, киелі шаңырағым,
Ақын болып жырымды төккен жерім.
Алқаңызды әрқашан құрметтедім.
Кімдер келіп ұжымға кім кетпеді,
Көк жолақты мен үшін ашып қойдың.
Көңілімді ешқашан кірлетпедің.
Лауазымың төртінші билік болсын,
Денсаулығы ұжымның мықты болсын.
Қаламыңыз әрқашан жүйрік болсын,
Журналистер күніңіз құтты болсын.



Майдангердің қызы екем

Қазынам менің басымда,
Сыртына шыққан бөлігі.
Әкемді күттім, расында
Аңсаумен өтті өмірім.

Алпыс жыл күтіп жүріппін
Соңына түсіп үміттің.
Жеңіс күні жеткенде,
Көз жасын талай іріктім.

Кезімде іштей жылаған,
Бермеді хабар бір адам.
Майдангердің қызы екем,
Сағыныш жылын құраған.

Өлді деп хабар естілді,
Алпыс жыл өтіп, кеш білдім.
Күткенім жақсы еді ғой,
Бұл хабар үміт кестірді.



Ірі тұлға

Әулиелер Ақтауда бұрын болған,
Тыңдайтұғын аңызды уақыт берсін,
Әбіш Кекілбаевтай ұлың болған
Бақытты елсің Маңғыстау, бақытты елсің.
Газ-мұнайды айтпайын, байлығыңды,
Бастан кешкен айтпайын қайғы-мұңды,
Айтсам жетер пір Бекет елі екенін.
Адаймыз деп көрсетер айбыныңды.
Әбіш тек Маңғыстауға мақтан емес,
Әлем танып отырған ғұлама ол.
Береді Әбіш жақынға, жатқа кеңес,
Әлемге қазақ атын шығарады ол.

Кітап - жанын емдейді жаралының
Қыр-сыры көп жазушы азабының
Жазушылар жетерлік, ал Әбіштің
Мақтанышпен айтамыз даралығын.

Қазақ «Қырғыз» атанды бұрмаланып,
Жамбыл мен Манас қатар тұрғаны анық,
Әбіштің толғауында баяндалды
Қырғыз жайлы Манастың жырлары анық.

Қалың елге Каспийдің бойындағы,
Тілегімді айтпақпын ойымдағы
Маңғыстаудың өнерін көре келдім,
Атақты жазушының тойындағы.

Әбіш дана қатарын толықтырды,
Бұл жиынға тағдырым жолықтырды,
Даналарды бетпе-бет көріп қалу,
Бақытына риза болып тұрмын.

Ұлы жанды ұрпағым көрсін дедім,
Салтымызға көңілін белсін дедім,
Берері мол деп ойлап осы тойдың
Көрсетуді ұрпаққа көпсінбедім.

Бір басына жететін атағы бар,
Бергені мол тарихтың сапарына.
Ойып алар орны бар ірі тұлға
Абай, Мұхтар, Нұрсұлтан қатарынан.

Жер астынан газ-мұнай сорып жатқан
Келіп тұрмын Оралдың Ақсайынан
Менің де айтарым бар толып жатқан
Өнерді қадірлеген жастайынан

Қазақтың мақтанышы-текті ұлымыз,
Жазуда тоқтамасын екпініңіз,
Сізді сырттай сыйлайтын бір оқырман
Тілекші Дәмелі апай деп біліңіз.

Тойларыңыз Маңғыстау тойға ұлассын,
Тойшы халқың бұл күні бір жасасын
Үлкен тойдың атағы ой-қыр асын,
Жазушымыз атақты жүз жасасын!!!



Рухани байлық қажет адамға

Рухани байлықтардан мақұрым,
Өздерінше білгіш ондай батырың.
Тәрбиеден жұрдай болса өздері
Ұрпағына қалай айтпақ ақылын.

Жегендерін қорытқасын төгеді,
Және сені білгенінше сөгеді,
Өз қылығын тамашалап өздері
Сол қылығын бір дәреже көреді.

Қайтерсіңіз, әркімнің өз білгені,
Ал өсектен алар болса жүлдені
Жан салмайтын алдарына бейпілді
Байқар болсам, алыстатам іргені.

Бірақ, осы қылығыма қынжылам,
Айыптай бер, оқырманым құрбылар.
Бір өлеңім санасына бармаған
Замандасты қалай мақтап жыр қылам.

Рухани байлық қажет адамға
Ал сен онсыз айналасың наданға
Газет, журнал, кітап-досың, сырласың
Осыларға үйір болғын адамдар.

Ұл-қыз сенің ұрпағың бар артыңда,
Көп оқудан сен ешқашан тартынба.
Тәрбиені сен өзіңнен бастасаң
Саған риза, ұрпағың да, халқың да.



Ән болып кеткен Ажар қыз

(Әнші Ажар Сәйітоваға)

Ғарифолла аға тіріліп келіп ән салды,
Ризалықпен көрермен халық қарсы алды.
Домбырасымен ән салып тұрды сол Мұхит,
Әншінің сол сәт дауысын естіп тамсандық.
Отырдым тыңдап Ажардың салған дауысын,
Шырқады Мұхит Ғарифолламен ауысып.
Әншінің даусы сезімді қозғап, толқыдым,
Сал-сері болған бабаларыммен қауышып.
Әншінің даусы жүректің қылын қозғады,
Жалғасса жақсы ұстаздан шәкірт озғаны.
Қос баба бізге қосылып бір кеш ән салса,
Өнерлерінің өміршеңдігі ол дағы.
Ризамыз саған ән болып кеткен Ажар қыз,
Тірлікте мына өлеңсіз өмір ажарсыз.
Шырқай бер, қызым, бабалар жолын ұзартып,
Ашылса бағың ғасырға самғап барарсың.



Оралыңа кері қайт

Жүрген жерде ән шырқатып, талай таңды атырған,
Ақ Жайықты әнмен тербеп келесің сен жасыңнан.
Жайығыңа ән шығарып, композитор атандың,
Жігіт едің Оралыңның мәртебесін асырған.
Жайығыңа келген қонақ Донеділін таниды,
Сенің елден кеткеніңе Жайығың да налиды.
Сені тыңдап, ізің қуған шәкірттерің бар елде,
Дауысыңа тәнті болған жақсылар да бар игі.
Тыңдармандар, әншілерден Донеділді теріп айт,
Әнге қосып Оралыңды, көкке оранған жерін айт.
Оралыңа керек-ақсың, халқың отыр мойындап,
Алматыда қалып қойма, Оралыңа кері қайт.
Қос мекенді екі аққу, қалықтай бер көгімде,
Бақытты өмір сүріңіздер қосақтасып өмірде.
Біздер Сізді әнші, күйші деп таныдық, Гүлнәр қыз,
Хош келдіңіз, төрлетіңіз Ақжайықтай өңірге!

Бата

(Ұзатылар қызға)

Жұптасқан көрдік талай қатарды біз,
Жанұя өнегелі атандыңыз.
Аяп пен Қамажайжан талай үйге
Шақырып үлкендерден бата алдыңыз
 Ләззатжан отыр үйден аттанғалы,
 Тілейік ашылсын деп жастар бағы.
 Бақытты өмір сүрсе жас шаңырақ,
 Тілегі ата-ананың ақталғаны.

Қыз беріп, келін алу төл ісіміз,
Кеңеймек құдаласып өрісіңіз.
Екі жақ туысқандай араласып,
Көргенде шұрқырасып көрісіңіз.
 Қонған соң басқа ұяға есік аттап,
 Қолдасын ақыл, төзім екі жақтап.
 Жеңген жөн ақылменен қиындықты,
 Өмірдің иірімі жеті батпан.

Баянды болсын, қызым, барған жерде,
Құт қонсын қызымызды алған жерге.
Мейрімді, парасатты болсын теңі,
Қызымның қамын ойлар қалған жерге.

Қайырмасы:

Жиналған халық осында,
Қалмаңдар бірің қосылмай.
Алақан жайып бет сыйпап,
Берелік бата осындай!



Көрінбейтін дерт

Қоятұғын жер таппаған бір жан-ай,
Сап-сау жүріп ауырамын бұл қалай,
Өнер дерті, маза берші өтінем,
Бір жанымның тыныштығын ұрламай.

Айта алмаймын ауруымды тап басып,
Айқайлаймын әбден жанға батқасын,
Көрінбейтін дерт дегенің білдірмей,
Тағдырыңмен жатады екен астасып.



Өнер қайраткері

Дәмелі апайды жетпістен асты деп айту қиын, «Алтын алқа» иегері екенін естігенде, тіпті таңғаласыз. Өңгімесі жүйелі. Қырық жылдық өнер жолы жөніндегі мұрағатты да мұқият жинаған Бөрлі ауданының қоғамдық істерінен де сырт қалмайды. Белсенді. Ширақ.

Ісмер апайдың Ақсай қаласында тұрып жатқан екі бөлмелі пәтері кірсе шыққысыз. Жетінші қабаттағы жайлы пәтер емес, жайлаудағы ақ боз үйге келгендей боласыз. Құрақ көрпе. Тұскиіз. Қазақы ою. Қанық түстер. Домбыра.

Дәмелі апайдың атақ-даңқы киіз үйдің іші-сыртын қазақы ою-өрнекпен әдіптеген әсем туындыларымен шыққан. Осы өнері арқасында Мәскеу мен Алматыны да көріп, талай-талай танымал тұлғалармен табақтас, дастархандас болғанын мақтаныш етеді. Бірақ бұл өнердің қаншалықты қиын екенін екінің бірі біле бермейді. Мысалы, алты қанат үйдің іші-сыртын қаптайтын оюлы жабдықты тігіп шығу үшін кемінде бір-екі жыл уақыт керек екен. Бұған кететін мата, әдіп, жіп секілді материалды қоспағанда, төгілген тер, кеміген көз майының есебін апайдың өзі ғана біледі.

- Бұл істің азабы қаншалық ауыр екенін өз басымнан өткізген соң, қыздарымның бірін де бұл кәсіптің соңына түсуге үгіттеген жоқпын, - деп ағынан жарылады Дәмелі апа. - Мен туралы естіп, үйренуге келген бірен-саран қыз-келіншек болған еді, олар да көпке шыдамай, кетіп қалды...

Аты да, табиғаты да түрлі бояуға тұнып тұрған Жосалы өңірінде өсіп-өнген апай ұзақ жыл Аралтөбе ауылындағы орта мектепте еңбек сабағының қолөнер үйірмесін жүргізген. Қырық жылғы серігі - көнетоз тігін машинасын қайда барса да, қасынан тастамапты.

Қолөнермен айналысқан адамның ойы жүйрік болатыны ақиқат. Апайдың оңашада мазалаған ойларын шумақ-шумақ жыр, әдемі әңгіме етіп жазып тастауға құмарлығы да осыдан шығар. «Ою ойғанда матадан қалдық қалмауы тиіс. Оюдың екі бөлегі де қадеге асады. Қалдық қалдырған тігінші - нағыз ісмер емес» деген қағиданы ұстанатын Дәмелі апай жазған дүниелерін де жинақтап, өмірбаяндық естеліктермен қосып, әп-әдемі үш кітап шығарыпты. Таралымы өте аз (бар-жоғы 500


данадан) болса да, түрлі-түсті суреттермен, тарихи құжаттармен, естелік деректермен толықтырылған дүниенің баспаханалық сапасы да өте жоғары екен.

- Бұл кітаптарды өзімнің қолөнеріммен тапқан қаражатқа шығардым. Ресейдің Орынбор қаласында тұратын Қадиша Керейқызы көп көмектесті, - дейді апай ризашылықпен. Дәмелі апайдың «Менің қолөнер шеберлігім туралы көп айтылып, жазылып жүр ғой. Сондықтан осы ақындығым, сөз өнеріне жақындығым туралы айтыңқырасаңыз екен» деген өтінішін орындап, төменде бір өлеңін қоса жариялап отырмыз.

Апайдың қоғамдық істерге де белсене қатысып жүргенін жоғарыда айттық. Наурыз сайын қазақы үй тігіп, іші-сыртын жабдықтайды. Апайдың қолынан шыққан өлмес мұралардың, ол туралы бейнебаян, деректердің Астанадағы президенттік Мәдениет орталығына, басқа да мұражайларға қабылданғаны туралы құжаттар апайдың сандығында сақтаулы. «Менің мақсатым - халқымыздың өнері іс-түзсіз жоғалып кетпесе екен, кейінгі ұрпаққа мұра болып қалса екен» дейді Дәмелі апа.

**Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
Бөрлі ауданы
«Орал өңірі» газетінен.**

Қазақстан әйелдері», ақпан, 2009 ж.



Ақсай қаламы - 2008 жыл


Бәрі аударып бергенімді,
Бәріс Қазақстан қызығымды
қолыма алдырғансың.

Хас өнердің шебері - ардақты әжесі Дәмелі



Дәмелі
Құсайынқызы

Шөқыру



Ардақты аял, ол баалауым ойм тор-
бәлеп өсіріп, өзінің де ата-ана, тұтан ел
алдындағы шарызып қатты сезініп, өмір-
ге асқақ жауапкершілігіне қарағанда Дәмелі
Құсайынқызы мен біраз жылдан
сырттай естіп жүрем. Ол өз ортасына
шапалық шапшаңдығы келетін ақын-жауап
адам.

Санауым ғұмырын ұстаздасқа арнай
жүріп ұатымыздың ұмыт болған ою өрсе-
гін, көксірек кестесімен қайта жаңа дес-
тіртсе жаалауды армандайды. Бар дегені
ормандай бермейтін, аума өйелінің қызын
тірлей арасылап, өміне ұяқат табыды.

Бойында қалақ өйелінің қайраты мен
намасы бар өнер сүйген, осы кісіге ер-
қорамын үшін ұяқен ілуіңізбен қарап,
маған тілсізсіз болып жүрем.

Әйелі атауым ауылда өне ұстауды ұмыт-
қан кезде, ісмерлік мектеп қылаштырау
ды, ұяқен жігерді қиямет етеді. Бұл өмісде
бір кезде ұмытқаны, оял де қалыңға кел-
метен қиял үй озы мен өйелінің жанары
да қажет ширға, өте құптармақ іс. Заттық
құндылықтың матызын, ор қалақ өйелі
осы Дәмелі Құсайынқызы сияқты сезінсе
ғой деп ойлайсың кейде.

Жігері жанға арқашан жақсымақ
тілсізсіз.

Ақшын БАСЫМБЕКҚЫЗЫ,
Қазақстан жауапшар Ойының мүдесі, ақын

Шөқыру

Сізді батыр ана, ақын
сазгер, қолөнер
ісінің шебері

Дәмелі Құсайынқызы

Бәрі ауданы Ақсай
қалаалық мәдениет үйінде

11-сәуір күні
сағат 16.00 өтегін
"Хас өнердің шебері,
ардақты әжесі Дәмелі"
атты шығармашылық
кешіне шақырамыз

Ұйымдастыру алқасы

Көңіліңде сыр тұтқи,
Жыршы жүрек туайдым,
Қырағадая құлағырып,
Жайқалды жыр шұрайлы.

Жауқамындай жырды,
Үйдек-түйдек төресін
Жанамыңа бүтінгі,
Жаршы болып келесін.

Жыр өлемнің көңіде,
Қалағыңды қалағып
Ұрпақ жайған өмірге,
Жаны жайсаң аласың,

Нәзіктігі анық,
Жырның да жұтыпты.
Жырты аяғың талбын
Хаақы құптан ұмыпты.

Әр шумақта тоғил,
Жатқанай бір сыр салыпты.
Сөтті ойларға шығалып
Шаттыда бер жыр жазып

Асқар Суатанов



"Қазақстан әйелдері", қаңтар, 2010



«Туған жерден айналам» әнін орындап отырмын. «70 жас»



*Сырым елінен Шынар лебіз хатты оқып тұр қасындағылар
Бекет Жолдығали Аралтөбеден*



Айсұлу Кадырбаева мен кездесу кешіне

Құттықтаулар мен алғыс хат

Құрметті Дәмені Құсайынқызы!

Сізді 70-жылдық мерейтойыңызбен ашы жүректен құттықтаймыз!

Дәмені Құсайынқызы Сіз әміріміздің самалы жылдарында зұланыңыздың алдында келерлі қалыңтарыңізді ар-сынамын танытып жүрген ақын Ана, сонмен қатар тарихи мәдени мұрасымызға қосқан ұзақ қалың еңбектеріңіз мәмлестік сіздені мұра сағдарларымыз арасында негізгі зор асарымызға бөлінген жанымыз.

Елбасты ұл-қыз өсірген берекелі, сақтығы мыңрақ несі бақыр Анасымыз!

Осынау тамаша күні Сізге ақ шөптен бор денсаулық, ұзақ өмір, көңілге тұрақты денсаулық сізге отырып, ұл-қыздарыңыздың тек қана қызыңа қара беріңіз дегіміз келеді!

Бергі ОҚБ ұжымы.

Құрметті

Дәмені Құсайынқызы!

Сізді қоғамның ағашық лебімен келген Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз мерекесімен ашы жүректен құттықтаймыз!

Жапы аздық, жүрегі жемірт Ана мен арқары ерекше сезімге бөлейтін бұл мереке Сіздің жеміртке шұғыл, көңіліңізге нұр сыйласын.

Бүгінгі жарқын мереке күні Сізге ауданымыздың әлемдік-этнографиялық және мәдени бағарына қосқан зор үлесіңізге деген терең ризашылық сезімді білдірдік келеді.

Сіздің деңізіңізге саулық, өміріңізге бақыт, шапырақ шаттығымын, сабын шатты үйін тілеймін. Ақшыл алақанңызды, ақ тілсіңізден, асыл жүрегіңізден адамзат шұғыл алысын.

Жүрегіңізді кірбің шайласын. Тәрбиелен отырған ұл-қыздарыңызға Сізге қуаныш пен шаттық сыйласын. Қара шапырақтарыңыздан күт кетпесін!

Ізгі шөптен,
Бергі ауданымыз ағылы

Б. ШАКИМОВ

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Сізді Аралтөбе ауылдық округі әкімшілігі мен Аралтөбе орта мектебі әкімшілігі, мерейтойыңыз - 70 жасқа тоғу құрбымен шың жүрекпен құттықтайды!

Сіз ұзақ жылдар бойы Аралтөбе ауылында тұрып, ет ұяны, жас ұрпақтың болашағы үшін ескі әрік ешпініз Дәмелі аяулы! Өз біліміңіз бен тәжірибеніңізді Аралтөбе ауылының қаламдық-мәдени өмірінің жаңаруына, заман талабына сай өркендеуге жұмысқандыңыз. Халқымыздың мәтәриәлілік және рухани мәдениетінің сап-саласы тұрғын асқалаң ұрпаққа, олардың жан-жақты дамуына бағытталп қаламның үлес қостыңыз. Сізге тәрбиенің ретінде, ақылшы-ұстаз ретінде, ақын-ата ретіндегі еңбесіңіз үшін шексіз Алғыме білдіреміз.

Сізге мырты денсаулық, шығармалылық табыс, отбасы бақыттыл тілейміз.

Мерейтойыңыз құтты болсын!

Аралтөбе ауылдық округі әкісі:

(Нурпейсов.Б.)

Аралтөбе орта мектебі директоры:

(Кабасов.Б.)

11 сәуір 2008 жыл

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Сізге мұржай өміріне белсене араласып, халқымыздың асыл мұрасы, ұлттымыздың тілі мен өнерін жас ұрпаққа насихаттауға қосқан есімсіз үлесіңіз үшін алғысмызды білдіреміз.

Деніңізге саулық, аяуыріңізге бақыт, шаттық құмыр, шығармалылық табыс тілейміз.

Ақулы алақаншықтанды, ақ тілгеңізден, асыл жүрегіңден адамзат шұақ алып, тәрбиелел отырған ұл-қыздарыңыз Сізге қуаныш пен шаттық сыйласын!

Құрметпен,
Боры ақметану
мұражайының директоры: Р.С. З. Абдуқалимова

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Сізгі 79 жасқа толған мерей тойыңызбен құттықтаймыз!
Құрметті Жасқа тойыңызды түпкі ұлқан отанды (белгісіз) бағалайтын жергілікті елшілікпен, оқ жарақшаны белгісізден, негізсіз мейірімдермен жеткізіңіз.

Сіздің бақылық шағыңыз ел басшыларының сәлемі құрметімен, жергілікті елшілікпен бірге.

Сіздің, отандық жасқа тойыңызды құрметтесіңіз!
Сіздің жергілікті ұлқан отандық елшілікпен бірге.

Ерми есейіл еңбекке араластыңыз! Қызықтық еңбекпен келіңіз бағзы.

Сіз де жергілікті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Ақи-қабатар ретіне сәлеметсіздерсіз! Қызықтық еңбекпен бірге.

Біздің мені Мәдениет қорғанымын қала ұлқанын бірге қайта ақталуға «Отандық елшілікпен бірге» келіңіздерсіз.

Жер-жерден жеткізілген отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Жер елше қалай еңбекпен ұлқаныңызды «Ауыр» жеткізіңіздерсіз.

Бүгінде отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Оз отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Ардақты Дәмелі Құсайынқызы!
«Қызықтық еңбекпен бірге, отандық елшілікпен бірге» ұлқанын бірге, отандық елшілікпен бірге.

Ізгі ниетпен
Сұғрым ардақты елшілікпен бірге
Е.Нұсиповтың

Сәуір 2008 жыл
Жаңышта

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Дүние жүзіндегі бұлақтың бұйырғы бұлақ қалай екенін білмейсіздерсіз! Елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Қалам жаламын асыл құрметті елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Ізгі ниетпен,
«Бірлігі жергілікті» - Бұлақтың елшілікпен бірге,
елшілікпен бірге, отандық елшілікпен бірге.

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Сіз 70 жас мерейтойыңызбен шыны жүректен құттықтаймыз!

Сіз – бағыр ана, аман ана, ісімір ана, халық алдасы аталығы не болған жансыз. Бойыңыздағы асыл қасиеттеріңіз бен өміріңіз арқылы Бөрлі ауданы жұртшылығына танымалсыз.

Сіз қазақ халқына шыны берлі өміріңіз тол өмірге қосқан үлесіңіз арқылы, яғни, көп үй тігудегі шеберлігіңіз бен ерекшелігіңізді ауданы, облыс, республика көлемінде танытып, тан қалдырған ісіңізбен дәлелдейсіз.

Жас ұрпаққа тәлім-тәрбиесі мол қара ақжаның шемсіні жауып, ақылдақ қырыңабын де араланасыз.

Дәмелі Құсайынқызы, сіз көп бақылы ана ретінде қоғамға үлес қосы отырып, қазақтың бар баласын тәрбиелеуге де көңіл бөлідіңіз. Ақсай қаласындағы білім ошақтарымызды тығыз қарым-қатынаста болып, ұлттық үмітіңіз ұнаттылауымызға көз ұшып бердіңіз.


Көктемнің шуақты күніндегі жаныңыз жадырып, әрқашан бақыт көмесінде жүзе беріңіз. Жүзге келсеңіз де жүдігіңізді күміс, жүргеніңізді өтп кетпесін. Еліміз еркін еңбегіңізді бағалап, Дәмелі Құсайынқызындай бағыр, шебер, ақын ағамыз мақтаны берсін!

Ақсай қаласындағы
№ 4 ЖББМ жемісшілігі,
мектеп ұжымы

Ақсай - 2008



70 ЖАС



Өнерімен өнеге

Дәмелі Құсайынова «Жымпиты» совхозындағы Аралтөбе орта мектебінде көп жылдардан ұстаз-тәрбиеші, көп балалы ардақты ана. Ол мектепте жас шәкірттерді зергер, іскерлікке үйрететін ұлағатты да, өнерлі ұстаз.

«Талпынған жетер мұратқа» дегендей Дәмелі оң саусағынан өнері төгілген шебер. Бірде үлкен ой үстінде отырғанда оның есіне ұлы орыс жазушысы А.П. Чеховтың «Бармағыңнан бал тамған шебер болғың келсе, бармақтайыңнан машықтан» деген зиялы сөзі түсті. Міне, бүгін оған көптен бері ойластырып жүрсе де сырмақтың жаңа түрін жасаудың реті енді келгендей болды.

Бірақ жіптері бірден өз орнын таппай оюлар үйлесімі бұзыла бергені оның ойын мазасыздандырды. Зергерге сол сәтте асыл анасының «Егер шын шебер болғың келсе, өрнектің ұлттық нақыштарынан ауытқымауға тырыс, өнерге ерекше өзіндік төзім керек» деген көрегендік сөзі есіне оралды.

Дәмелі бірде «Лениншіл жас» газетін оқып отырғанда «Республикамызда жаңа қол өнер музейі ашылды, соған халық арасынан қолөнері бұйымдарын жинаймыз» деген мақалаға көзі түсті. Ол бұл мақаланы оқып шыққан соң бар мақсатын халық өнерін дамытуға арнады, бұл іске құлшына кірісті. Он саусағынан өнері төгілген іскер Қазақстанның Россияға қосылуына 250 жылдығы салтанатында аудан орталығындағы мерекелік шеруге Махамбеттің киімдерін, ат-тұрманын тігіп, тамаша өнер шебері екенін аудан тұрғындарына көрсете білді. Міне, содан бері, көптеген жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп қолөнер кәсібімен шұғылданып, неше түрлі ою-өрнекті әсем бұйымдар тігіп, тоқып әртүрлі дәрежедегі көптеген көрмелерге қатысып жүлделі орындарға ие болып келеді.

Ол көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына және Қазақ ССР-інің 50 жылдық торқалы тойына арнап екі киіз текеметті ұлттық ою-өрнектерімен әшекейлеп басып шығарды. Ол бұл екі киіз текеметке «Жымпиты» совхозының атын жазды. Бұл текеметтерді республикамыздың жаңа ашылған халық өнері музейіне тарту етті. Дәмелі Құсайынқызы совхоз өкімшілігі, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымда-

рының сұрауы бойынша Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуының 250 жыл толу мерекесіне қазақ халқының батырлары Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовке және оның жасақшыларына арнап екі батырлар киетін сауыт-сайман, әскери жасақшыларға 18 пар сыртқы киім, 20 бас киім, 20 әскери белбеу жасап берді.

Мұның өзі Жымпиты совхозының көркемөнерпаздар ұжымы аудан орталығындағы мерекелік шеруде жүлделі орынға жеткізді. Совхоз партия ұйымының, секретары С. Сәрсенғалиев совхоз тұрғындары мен мектеп оқушыларынан 10-15 қолөнерімен айналысатын коллектив ұйымдастырып, оның жетекшісі етіп Дәмеліні тағайындады. Дәмелі жетекшілік ететін өнерлі ұжым 1980 жылы Қазақ ССР-інің 60 жылдық салтанатты мерекесіне арнап совхоздың көркемөнерпаздарына қазақтың ұлттық киімдерін тікті.

Ол ауданда, облыс орталығында өткен халық өнерінің Бүкілодақтық творчестволық II фестиваліне шеберліктің биік тұғырынан көрінді. Дәмелі тіккен қазақтың ұлттық киім-кешектері, сырмақ, тұс киіздер көрмеге келушілерден жоғары баға алды.

1989 жылы республика жұртшылығы «Наурыз» мейрамын тамашалады. Дәмелі халқымыздың салтанатты бұл мейрамына арнап қазақтың ұлттық киіз үйін тікті.

Әсемдеп ою-өрнегімен жабдықталған қазақтың «Киіз үйін» аудандық ұйымдастыру комитеті жоғары бағалап оған диплом тапсырады.

1989 жылдың жазында Орал қаласының орталығындағы Ленин атындағы проспекті бойындағы облыстық тарихи өлкетану музейінің жанында ақ шағаладай тігілген қазақтың ұлттық «киіз үйі» «Наурыз мерекесін» тойлауға жан-жақты келген қонақтармен қала халқын әсемдігімен таңдандырмай қоймады. Бұл ақ жұмыртқадай ақ отаудың маңдайшасынан «Жымпиты» совхозы деген жазуды алыстан көресің. Мұның өзі ұлы істің ұлы күніне Аралтөбе орта мектебінің мұғалімі Дәмелі Құсайынованың сый-тартуы болатын. Ол жасаған ұлттық киім-кешектер көрмеге қатысушыларды қатты сүйсіндірді. Он саусағынан өнер төгілген шебер киім пішу, тымақ, сырмақ тігу, түрлі ою-өрнек сызу әшекейлеп киім-кешек шетін әдептеу, ұлттық комзол, сәукеле, бешпетті әсемдеп тігуде алдына жан салмайтын зергер өнер иесі екенін танытты. Сондықтанда

өнерлі апаның қол өнерін кеңінен насихаттау бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі. Халық арасындағы таланттарды іздестіріп тауып, оларды жарыққа шығаруды жергілікті партия, совет және кәсіподақ ұйымдары бас болып қамқорлық жасауда. Осындай игі дәстүр Жымпиты ауданында да жақсы жалғасын табуда. Аудандық партия комитеті бұл бағытта көптеген игілікті жұмыстар жүргізіп, іскерлік танытты. Орал қаласының 375 жылдығы мерекесі құрметіне арналған облыстық ақындар айтысы кезінде Жымпиты ауданының өнерпаздары да өздерін өнер сайысының биік тұғырынан көрсете білді, көпшілік көрермендердің арнайы сый-құрметіне бөленді.

Өнер иесі Дәмелінің тағы да бір үлкен таланты бар. Ол әншілік, ақындық және композиторлық өнері.

Ақындық талантын сынап, республикамыздағы «Қазақстан әйелдері». «Мәдениет және тұрмыс» журналдарына, аудандық «Қызыл ту» және облыстық «Орал өңірі» газеттеріне жіберіп тұрды. Ақынның көптеген өлеңдері газет-журнал беттерінде жарияланды да.

Дәмелінің мына бір өлеңдерінен бірер шумақтар мысал келтірейін.

«Ескерткіш түбінде»

**— Оян бабам, бір аунап жат, өлген жоқсың, тірісің.
Жүрегімнің соғып тұрған, алып тұрған тынысың.
Отан үшін болдың құрбан, сондығыңнан ұлысың,
Ұрпақ үшін болдың құрбан, содан мәңгі тірісің,
Оян, бабам, бір аунап жат, Жеңіс күні келгенде,
Ескерткішті шыр айналып ұшса торғай ол мен де.
Шымырламай қалмас жүрек ескерткішті көргенде,
Шыр-шыр еткен боз торғайды, сені іздеген, ол мен де»,** — деген өлеңінде, ақын Ұлы Отан соғысында құрбан болған совет жауынгерлері туралы, оларға қойылған ескерткішті көргенде қадірменді әкесін есіне алады.

Ақынның қай өлеңдерін алсаңда мазмұнды, мағыналы, елін, Отанын, ата-ана, өткен сұрапыл Ұлы Отан соғысындағы ел азаматтарының ерлігі, неміс басқыншыларының елге істеген ылақы жырланады. Дәмелі тек қана өлең жазумен шектелмейді. Оның композиторлық өнері бар. Ол өзінің көптеген өлеңдеріне өзі музыка шығарады және көбіне домбырамен өзі... шебер орындайды.

Атап айтсақ, мына өлеңдерге «Арманда кеткен ана», «Ескерткіш түбінде», «Ана жүрегі», «Әке туралы баллада», «Мен Совет адамы», «Сағыныш сазы», «Ақ тілек», «Ант» және «Болмасын соғыс» музыкасын өзі шығарды. Осы өлеңдерінен кездесу, мереке кездерінде өзі нышанына келтіріп, шебер орындап та береді.

Дәмелінің ақындық шығармашылығы талант сапасы мен танылатыны айқын. Ол үздік озып жүлде алмағанмен, ақындар сапында, лирикалық жанрдан қалыс қалмай, өз шабысымен, өзіндік шабытымен қарыштап келеді.

Қорыта келгенде Дәмелі Құсайынованың жан-жақты өнер-талантын бағалап оны сегіз сырлы десек орынды. Дәмелінің он саусағы өнері, жүрегі толған ән мен жыр, суырып салма жыршы-толғаушы, әрі композитор. Өнердің қай саласында да қабілеті мол, дарынды жан. Дәмелі үлкен өнер мен талант иесі. Ол еліне өнерімен өнеге. Мұндай өнер мен талант иесіне халқының, туған елінің айтар алғысы көп жаса өмірде өнерің үстеп, Отан ел, халық қамқорың еттерісі бола бермек.

БҮРКІТ ЛҰҚПАНОВ.

Сырым елі – астанамыз Алматыда

Сырым батырдың туғанына 250 жыл толуына арналған мерейтойы астанамыз Алматыда басталып та кетті. Республика Ғылым Академиясында осы тақырыпқа арналған ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді. Астанадағы драма театры алдындағы біздің Жымпиты халық театрының артистері Ғабит Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» атты пьесасының қойылымынан көріністер берді. Айтқандай, осы әсем ғимарат алдында Жымпиты совхозының тұрғыны Дәмелі Құсайынова жасақтаған әдемі киіз үй тігілді. Бұл тойдың басталу сәтіне Жымпиты ауданынан көп адам барды. Бұл топты аудан әкімінің орынбасары Сәлімгереева басшылық етті. Құрамында мына адамдар болды: Рәш Зейнуллин - Жетікөл совхозының жылқышысы, Мақсат Көлбаев - Жетікөл ауылдық Кеңесінің төрағасы. Байыр Жонысов - КОКП XXII съезі атындағы совхоздың директоры, Ғаділ Рамазанов аудандық халыққа білім беру бөлімінің қызметкері Ғ. Мүсіреповтің

«Болашаққа аманат» пьесасындағы Сырым ролінде ойнаушы, әуесқой артист. Теміржан Хасанов – аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Лұқпан Жұмағалиев – Жымпиты аудандық халық театрының режиссері. Барып келгендердің айтуынша, Жымпиты ауданынан астанаға барған топтың көңіл күйі жақсы болған.

Бұл тойдың басталуына Орал қаласынан және басқа аудандардан да адамдар барған. Атырау, Маңғыстау облыстары да өз өкілдерін жіберген. Олар да өз киіз үйлерін тіккен. Бір қуаныштысы - Жымпиты ауданы атынан апарылған киіз үй әсемдігімен көзге түскен. Енді осы барған топтан ақын, әрі қолөнер иесі Дәмелі Құсайынова өз әсерлерін ортаға салады.



Бұдан екі жарым ғасыр бұрын өмір сүрген бабамыз Сырым Датұлына астанамыз Алматыда ас берілетін болып, соған Батыс Қазақстаннан біздің ауданның «Жымпиты» совхозынан өрнектеліп тігілген киіз үйін апару ұйғарылды. Осыған қалай қарайсыз деп совхоз басшылары өтініш білдіргенде баруға тиісті екенімді, мұның үлкен жауапкершілік жүктейтінін іштей түсініп, келісім бердім. 1990 жылы Москваға барғанда азды-көпті түйгендерім бар ғой. Оның үстіне бұл жолы көрмеге емес, үлкен міндет атқаруға, Сырым бабамызға ас беруге бармақпыз. Демек, біз қонақ болуға емес, қонақ атқаруға бардық.

Облыстан әкіміміз, ақынымыз, әріптестеріміз, шаруашылық басшыларынан Сырым ұрпағы Байыр Жонысұлы болып отыздан астам адам астанамыз Алматыға әуе жолымен бардық. Үйден қырық қадам шыққан адамды мүсәпір деп бабамыз бастан кешкесін айтқан ғой. Тер де төгілді, шөл де болды, ерін де кезерді, ұйқы да қашты. Солай бола тұрса да Сырым бабамызға ас беріп, астанаға жиналған халқымыздың батасын алып қайтқанымызға ризамыз. Басқа ұлттар секілді қазақ халқы да елім деп еңіреген ұл-қызын ғасырлар бойы

мақтан етіп жырлап келген халық. Сырым бабамыздың батырлығын, шешендігін, тапқырлығын, даналығын қастерлей білген қазақ халқы ауыздан ауызға аңыз қылып жеткізген. Қазақстан жерінің қойны қанша бай, жері сонша кең болса, оны осындай бабаларымыздың бізге қалдырған мұрасы деп сезінеміз.

Сөз жоқ, Сырым Датұлы тек батыстың емес, барлық қазақ халқының мақтанышы деп ұғынып мойындаған жөн. Маусым айының 24-іне қараған таңғы төрттер шамасында апарған заттарымызды киіз үйлерімізді орналастырып, «Жетісу» қонақ үйіне қалжырап жеттік. Облыстан облыс әкімінің орынбасары Б. Тұманов, облыстық мәдениет бөлімінің басшысы М. Омарғалиев, «Орал сазы» ансамблі ауданымыздан әкімнің орынбасары Г. Сәлімгереева, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Т. Хасанов, Сырымның туған жері «Жетікөл» совхозынан М. Көлбаев, Р. Зейнуллин, Сырымның шешендік сөзін әзірлеген Ғ. Рамазанов. Л. Жұмағалиев және киіз үйдің өрнегінің авторы болып мен бардым.

Бізді астанамызда бір топ демеуші азаматтар қарсылап алып орналастырды. Піл жоғалса таба алмайтын астанада осындай адамдар қарсылап алмаса, біз бағытбағдарды қайдан білуші едік. Олардың төккен тері, еткен еңбектері айтарлықтай болды. Бұл азаматтар «Тәлім» бірлестігінің президенті С. Баймағамбетов, бас директор Амангелді Дәулетұлы Сариев, София Сағындыққызы, Өтеген Қилыбаев Бақыт Махметқызы (Көкшетау), Сансызбай Зұлқарнайұлы, Орын Атшыбаев. Міне, осы кісілер астанадағы біздің жанашырларымыз болды. М. Әуезов атындағы драма театрының алдындағы алаңда Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы, Орал қалаларынан 5 киіз үй тігілді. Осы бес киіз үйде бабамызға ас берілді.

Бұл тарихи жиынға облыстан бастап барған облыстық мәдениет қызметкерлері М. Омарғалиев, А. Қуатова, Н. Саинова, сынды замандас іні-сіңлілеріме аса ризашылық білдіремін. Сондай-ақ облыстан профессор М. Тілеужанов, Ж. Ақбаев сынды ағалар да барып ортамызда болды. Біздің киіз үйіміздің маңдайшасына «Сырым елі» деген жазу ілінді. Сырым ұрпақтарының бір киіз үйін астанамыз Алматыда тұратын Хамит Лұқпанов бастаған бір топ туысқандар тігіп, көп жұмыс жасады. Ауыз толтырып айтарлықтай көмек көрсетті. Біздің Жымпитыға келсе төрде отыратын келісі бар ағай Әнуар

Құсайынов пен сұлу жеңгіміз Орынгүлге шексіз алғыс айтамыз.

26 маусым күні ертеңгілік салтанатты жиын ашылды. Қазақ драма театрының актері Сырым бейнесін саңқылдаған үнімен сомдап көрсете білді. Қазақ драма театрының циркі, қуыршақ театры қатысқан тойды жалғастырып ақын қызымыз Д. Мұштанова жыр оқыса, ақын ініміз С. Сәрсенғалиев қоштап ала жөнелді. Сырым бабамыздың шешендік сөздерін астанаға алып барған өнерпаздар Ғ. Рамазанов пен Л. Жұмағалиев әрі қарай жалғастырды. Қазақтық ұлттық ойындарын жүргізуге жетекшілік ету. Жымпиты ауданы өкілдеріне берілді. Қыз қуу, көкпар, бұқа тартыс, жілік сындыру, асық ойыны, палуандар күресі ұйымдастырылды. Палуандар күресінің бас жүлдегері атыраулық жігітке аудан әкімінің орынбасары Г. Сәлімгереева Сырымның туған жері «Жетікөлден» әкелген кілемді сыйлады. Оралдық палуандар II—III орынды иемденді. (Мирас пен Кенжеғали). Оларға Сырымның астанада тұратын ұрпағы Хамит Лұкпанов шапан мен ақшалай сыйлық берді. Ас беру рәсімі де басталып кетті. Сырым елі тіккен өрнектелген киіз үйімізде жазушы К. Мұқамбетқалиев, театр жұлдыздары Каукен Кенжетәев, Сабира Майқанова ақын жерлестеріміз Ақұштап Бақтыгереева, Қадыр Мырзалиев, Хамит Ерғалиев, актер Құман Тастанбеков, марқұм Берқайыр Аманшин ағамыздың үйіндегі жеңгіміз, Германиядан келген қазақ бауырымыз жанұясымен қонақ болды.

Екі үш дүркін ауысқан қонақтарға елден алып барған қазақтың ұлттық тағамдары тартылды. Жердің шалғайлығы, заттың қымбаттығына қарамастан астанаға барып бабамызға арнап құран оқыту біз үшін бір абыройлы іс болды. Әсіресе Сырымның астанадағы ұрпағы Хамит Лұкпанов сүйріктей сәйгүлікті театрдың алдына алып келіп, қылмындатып ұстап тұрғаны, Саймасай молдадан бата алғаны сәнді көрініс берді. Сырым елінен келген музей мұралары киіз үйдің сәнін келтіріп тұрды. Сіңлілерім музей қызметкерлері С. Танабаева мен Гүлсім қызыма көрген қиындықтарға қарамастан қабақ шытпай қызмет көрсеткені үшін алғысым шексіз. Сырым бабамыз туралы деректер жинап, үлкен жиында - ғылыми конференцияда баяндама жасаған Б. Тұманов ініміздің баяндамасының жақсы шыққанын астаналық жерлесіміз, профессор Чапай Мусиннің өз аузынан естіп, оған да риза болып қалдық.

Екі тілді толық меңгергенге не жетсін. Астан кейін театрда концерт болды. Қоштасарда астанада қарсылап алған Сырым ұрпақтары жігіттер мен сіңлілерім әуежайға келіп шығарып салды. Суретшілер Дияс Сейтахметов, Идият Сүлейменов, Әнуар Хұсайынов деген ұрпақтары ас беруге түгел қатысқандығын, осы идеяны қозғап, қолдап, демеушінің сонау Атырау, Маңғыстауға дейін барғандығын айтты. "Жерлестеріміз Сейдахметов Диясқа жұбайы Хамияға, "Сырым бабамыздың асында қызмет көрсеткен Сырым бабаның ұрпақтарына шексіз алғыс айтамын.

Киіз үй Москвада тігілді

Жақында ССРО Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде «Кәсіптік-техникалық училищелер-90» деп аталатын Бүкілодақтық көрме болып өтті. Бұл көрмеге кәсіптік-техникалық училищелер шығарған өнімдер қойылды. Бұған Қазақстанның да кәсіптік-техникалық училищелері қатысып, өздері шығарған өнімдерін көпшілік назарына ұсынды,

Көрменің басты ұраны «Халық тұтынатын товарлар және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету болды. Болашақ жұмысшы кадрларының қолынан шыққан халық тұтынатын товарлардың сан түрі көрме павильонын жайнатып жіберді.

«Кәсіптік-техникалық училище - 90» көрмесі тек шығарған өнімдерді көрсету ғана емес, осы өнімдердің болашақта халық игілігіне қажеттігі және оның өміршеңдігін байқау еді.

Осы көрмеге қатысқан Қазақстан жастарының қолтума өнеріне москвалықтар қатты таңданды.

Біз төменде осы көрмеге қатысып өзінің біртуар талантымен өзгелердің назарын аударған Аралтөбе орта мектебі еңбек пәнінің мұғалімі Дәмелі Құсайынованың естелік әңгімесін ұсынып отырмыз.

Мамыр айының ішінде Орал қаласында облысымыздың көптеген аудандары мен қаладағы кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларының, училище мен мектептерде еңбекке баулу пәнінен сабақ беретін оқытушы, мұғалімдердің еңбектерін байқау конкурсында жақсы бағаға ие болған бұйымдар Отанымыздың астанасы Москвадағы ССРО Халық шаруа-

шылығы жетістіктерінің көрмесінде маусымның аяқ шенінде көрсетілуге тиісті болып жолдама алған болатын.

Аралтөбе орта мектебінің мұғалімі ретінде менің қолымнан өрнектеліп шыққан «Жымпиты» совхозының киіз үйі жүк машинасына тиеліп Москваға сапар шекті. Іші сырты түгел жабдықталған әдемі киіз үй 2-3 маусым күні Москва көрмесінде «Қазақстан» күніне қойылды. Бұл күндері қатар тігілген төрт киіз үйдің бірі — біздің киіз үй болатын. Сәнділігімен ерекше көзге түскен біздің киіз үй облысымыздың абройын асырды. Біздің киіз үйде шетелдік қонақтар – Москвадан және Алматыдан келген қонақтар бас сұғып, дәм татып қонақ болды. Біз кәдімгі қазақтарша қонақжайлық танытып, ұлттық тағамдарымызды тегін ұсындық. Қонақжайлылығымызға, үйіміздің әсемдігіне ризашылықтарын білдірген, қонақтар көрмені армансыз тамашалады.

Москвада тұратын қазақ қызы Клара Зейненқызы Құмарғалиева ССРО Ғылым академиясының, физика институтында лаборатория меңгерушісі болып жұмыс істейді екен. Клара сіңліміз көрмеге келген қонақтарға қазақтың киіз үйі, ұлттық тағамдары туралы шет ел тілінде таныстырса керек.

Біздің киіз үйді жапондықтар видеофильмге түсіріпті. Алматыдан әдейі жіберілген тілші А. Кукушкин суретке түсіріп, көрме туралы мағлұматтар алып кетті. Москвалықтардың ішінде де журналға жазамыз деген әңгімелерді құлағымыз шалып қалды. Біздің киіз үйге келіп қонақ болған Клараның мамасы Мұлқамма апай өнерді құрмет тұтатын адам екен. Шақырумен үйіне қонаққа барғанымызда ол кісінің өзі тоқыған кілемдерін көрдік. Өнер адамы болғасын ба, апай екеуіміз осы сала туралы көп әңгімелесіп, қимастықпен қоштастық.

15 адамды бастап барған облыстық халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Нәйла Ғалиқызы Қайырболдиева ұйымдастырушылық қабілет танытты. Сапарлас жолдастарымыз кәсіптік-техникалық училищелердің жасаған бұйымдарын сатып, қызықтаушыларды риза етіп, көңілді отырды. Көрмеге облыс бойынша көптеген заттар апарылған екен, олардың еңбектері 3-4 медальға соның ішінде біздің киіз үй де медальға ие болды деп естідік. Еңбегіміз жанғанына қуандық.

Мен елуден асқанда өнерім бағаланып Москваға барамын деп ойлағаным жоқ еді. Әсіресе, мавзолейдегі көсеміміз

В.И. Ленинді көруім өмірімдегі ең бір мәнді арманымның орындалуы болды.

Осы жетістікке көп тер төгіп жеттім деп айтар едім. Осыған орай өнердің қай түріне болмасын икемі бар інілеріме, сіңлі-қыздарыма, құрбыларыма айтарым өнер қуыңдар, не болса соған өкпелеп жарты жолда қалып қоймаңдар. Көп ізденістің түбі әйтеуір бір жақсылыққа апарар жол боларына сіздердің көміл сендіргім келеді.

Сонымен қатар киіз үйді құруды үйреніп алған соның нәтижесінде Москваға бірге барып киіз үйді құрысқан Бисекен Бектілеуов ініме ризашылығымды білдіремін.

Бару-келуі төрт күнге созылған жол сапарын өткізген автомобиль жүргізушілер Тілекбай, Низами інілерім, сіздерге де көп рахметімді айтқым келеді.

Ауданымыздағы еңбек пәнінен сабақ беретін менің еңбегім көрінсін деп осы киіз үйді совхоздан сұрап алып жүрген аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі Марат Кадыров ініме де алғысым шексіз. Осы киіз үйді тігуде қолдау жасап, совхозға әдемі киіз үй тіктірген «Жымпиты» совхозының директоры Өтебалиев Ғаділшеге алғысым зор. Бәрін айт та бірін айт осы киіз үйді Москваға апару керектігін көкірегімен кім сезінсе сол кісілерге шексіз алғысымды айтамын.

Дәмелі ҚҰСАЙЫНОВА,
«Жымпиты» совхозы.

Талант көзін аша білсек

Қазақ халқы ықылым заманнан бері жырға әуес. Екі сөздің басын құрастырып, өлең шығармайтын қазақты кездестірмеуіңіз қиын. Ал, өнерді мұра тұтып, оған жан тәнімен берілген жандар елге танымал, құрметті адамдар болды. Ақан сері мен Біржанды, Мұхит пен Естайды, Махамбет пен Шерниязды қазір кім білмейді. Олар өздерінің асқақ үнді, өр дауысымен тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, қазақ даласын әнге бөледі емес пе? Міне сол бабадан атаға, атадан балаға мұра болған өнеріміз қазіргі заманда екінші тыныспен дем алып, жаңадан жаңғыра түсті.

Халық арасындағы таланттарды іздестіріп тауып, оларды жарыққа шығаруда жергілікті партия ұйымдары бас болып,

қамқорлық көрсетуде. Осы игі дәстүр біздің ауданымызда жақсы жалғасын тауып келеді. Бұған халық қуанады, қол соғады, құптайды.

Жақында «Жымпиты» совхозының орталығы Аралтөбе селосының тұрғындары үлкен қуанышты жағдайды басынан кешірді. Бұл күні селолық клубтың алды мерекедегідей безендіріліп, көңілді музыка әуені шалқыды. Клубқа келген халықтың жүздері жарқын, бірімен-бірі шат-көңілде амандасып, өзара әңгіме-дүкен құруда. Бәрінің ой-ниеті бүгінгі басталатын салтанатқа ауған.

Бүгін мұнда аудандық партия комитетінің идеология бөлімі мен аудандық әдеби бірлестіктің ұйымдастыруымен совхоз партия комитетінің қолдауымен «Жымпиты» совхозының қызметкерлері, аудан ақыны Дәмелі Құсайынова мен Абай атындағы совхоздың автоклуб меңгерушісі, термеші Ермек Жәркемалиевтің шығармашылық есеп беруі өткізілмек.

Шығармашылық кешті аудандық партия комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі О. Қарекенов жолдас кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Ауданда өткізіліп отырған мұндай мәдени шаралардың еңбекшілерді эстетикалық рухта тәрбиелеуде маңызы бар. «Талант көзі - халықта» дегендей ауданда әуесқой ақын, жыраулар, композитор, биші, әншілер көптеп саналады. Әңгіме тек соларды іздеп тауып, халыққа таныта білуде.

Аудандық партия комитеті бұл бағытта көптеген жұмыстар жүргізіліп, іскерлік танытып келеді. Орал қаласының 375 жылдығы, облыстық ақындар айтысы кезінде біздің ауданның өнерпаздары өздерін жақсы жағынан көрсетіп, халықтың шынайы сый-құрметіне бөленді. Жоғары партия, совет органдарының ілтипатына ие бола білді.

Біз осы жақсы ісімізді одан әрі жалғастыра бермекпіз. Өнерліге әрқашанда өріс - кең, жол - ашық, - дейді ол салтанатты аша отырып.

Шығармашылық кешті Аралтөбе орта мектебінің мұғалімі Жолдығали Өтеев шеберлікпен жүргізе білді. Ол өзі бұл кешке арнайы сценарий жазып, оны Д. Құсайынованың өлеңдерінен, үзінділермен кірістіріп, ұтымды жүргізді.

Аудан ақыны Дәмелі Құсайынова жерлестеріне өзінің көкірегінен жарып шыққан тұнба бұлақтай өлеңдерін оқыды. Оның, әсіресе, «Әке туралы баллада», «Заманымды жыр-

лаймын», «Туған жер толғауы», Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, механизатор Айғаным Себековаға арнаған «Капитан келіншек» атты туындылары көрермендердің жылы ықыласына ие болды.

«Талпынған жетер мұратқа» дегендей Дәмелі он саусағынан өнері төгілген шебер. Қазақстанның Россияға қосылуының 250 жылдығы салтанатында аудан орталығындағы мерекелік шеруде Махамбеттің киімдерін, ертұрманын тігіп тамаша зергер екенін аудан тұрғындарына дәлелдесе. Содан бері тынымсыз еңбек етіп қолөнер кәсібімен шұғылданып, неше түрлі ою-өрнекті әсем бұйымдар тігіп, тоқып әртүрлі дәрежедегі бірнеше көрмелерге қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Клубтың фойесіне оның қойған бұйымдары көрмесін көрермендер ықыластана көріп хас шебердің тамаша өнеріне таңдай қағысты.

Абайлық термеші Ермек Жәркемалиевтің есімі аудан еңбеккерлеріне бірталайдан таныс. Ол биыл үлкен-үлкен мәдени көпшілік шараларға қатысып, аудан абыройын көтеруде елеулі еңбек сіңірді. Оның әуелете шырқаған халық әндері, әсіресе Мұхиттың әндері, белгілі жыраулардың термелері жоғары орындаушылық шеберлігімен көзге түсіп, көрермендерден ұдайы жоғары бағасын алып келді. Ермектің орындаушылығында өзіндік қолтаңба бар. Ол әрбір әнді орындаған да ешкімге ұқсамауға тырысады, өзіндік мәнер іздейді. Халықтық нұсқанын бұзбауға тырысады. Біз жас әншінің, орындаушының өзіндік үні, қолтаңба қалыптастыру талпынысына риза болдық.

Ермектің орындаған Мұхиттың «Паң көйлек», «Айнамақ», «Ақтанберді жыраудың термелері, композиторлар И. Жақановтың «Еділ-Жайық», Ә. Бейсеуовтің «Ағаларым», әуесқой композиторлар Д. Қажымовтың «Ақ Жайық – ару мекенім» көңіліне қонып, әуелете шырқалды.

Көрермен ризашылығы — ду қол шапалақтау. Бүгінгі күні екі әуесқой талант иелеріне лық толы залдағы көрермендер әлсін-әлі ду қол шапалақтап үлкен ризашылық сезім білдірді. Екі сағатқа жуық созылған кештің қалай тез біткені аңғарылмай қалды.

Осы кеште тоғызыншы класс оқушылары Г. Тәттіғалиева, А. Тастұровалар Дәмелі Құсайынованың өлеңдерін оқып беріп, өздерінің ақынға деген үлкен ризашылықтарын білдірді.

Осы кеште совхоздағы «Жас қанат» домбыра оркестрінің мүшелері Құрманғазы, Дина, Тәттімбеттің күйлерін ойнап, салтанат әрін аша түсті.

Осы кеште арнайы келген қонақтар облыс ақыны Асқар Сұлтанов, аудан ақындары Кәкім Самихов, Қама Хабиева, Гүлбақша Нахуова және басқалары Д. Құсайынова мен Е. Жәркемалиевтерге арналған өлеңдерін оқып, құттықтады. Шығармашылық есептің соңында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ж. Өтегенов екі өнерпазға Құрмет грамотасын табыс етіп құттықтады.

Совхоз партия комитетінің хатшысы С. Сәрсенғалиев өзінің сөзінде мұндай кештердің мәнінің өте зор екенін, оны алдағы уақытта жиі өткізіп тұру қажет екендігін айтын, совхоз, партия, совет, кәсіподақ, комсомол комитеттері мен әкімшілігі атынан қызу құттықтап, Құрмет грамоталарын табыс етті.

Көрермендер риза болды. Салтанат ресми түрде жабылғанмен жиналған халық залдан кетпей Ермек Жәркемалиевке сұрау бойынша бірнеше ән айтқызды. Гүл шоқтары табыс етілді. Ду қол шапалақтау үні көпке дейін басылмады.

«Осындай шаралар жиі болса, көңіліміз көтеріліп, ойымыз сергір еді. Өнерпаздар ортамызда екен ғой. Рахмет, осы кешті ұйымдастырушыларға» деп тарасты көрермендер ризашылық сезіммен.

Жергілікті ақындардың оқырмандармен кездесуі

Жақында аудан орталығындағы «Самал» кинотеатрында А. Жұмағалиев атындағы әдеби бірлестіктің басқосуы болды. Бірлестік мүшелері негізінен айтыс ақындары. Бұл бас қосуда ақындар сахнада кезек-кезек өнер көрсетті.

Бірлестіктің бас қосуын жергілікті талапкер ақын, аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі Ораз Қарекенов өз өлеңін оқып бастады. Одан кейін облыстық айтыстардың бірнеше рет жүлдегері болған Жаңыл Жұрмағам-етова бұдан бірнеше жыл бұрын 60 жасқа толуына байланысты өзінің жұмыстас жолдастары арасында аудандық тұтынушылар одағы ұжымында толғаған өлеңін домбыраға қосып айтып берді. Талапкер ақын, аудандық комитетінің жауапты қызметкері Есен Баймұхамбетов пен «Қызыл Ту» колхозынан келген облыс ақыны Асқар Сұлтанов нағашы-жиен болып айтысып, жүргізушілерді тұшындырып риза етті.

Жетікөлдiк ақын қыз Дариға Сұлтанғалиева «Ана тілі», «Армиядағы ініме» атты өлеңдерін оқыды. Тәп-тәуір, жып-жинақы, айтары бар өлеңдер. Бәрінен де ақын қарындастын биязылығы көрермендерге ұнады. Қособалық Ғ. Ысқақов «Анаға» атты толғауын домбырамен әндетіп айтты. Жас ақынның өзіндік ізденісі байқалады. Дауысы да тартымды.

Одан кейін Абай атындағы совхоздан келген өнерпаз жігіт Е. Жәркемалиев ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ана махаббаты» атты өлеңін әндетіп айтып берді. Жас өнерпаздың арқалы жырау болғандай ыңғайы бар. Өз бойындағы қабілетін баптай білсе, Ермектің тыңдаушылардың сүйіспеншілігіне бөленері кәміл.

Өнер жарысын ат бәйгесімен салыстырсақ, әр сәйгүліктің өз бапкері болатынын ұмытпаған абзал. «Бақ шаппайды, бап ша-бады» дейтін халқымыздың нақыл сөзі бәйгеге қосар жан-күйеріңді баптамасаң, әлдебір бақытқа сенудің дұрыс емес екендігін аңғартады. «Мені ешкім баптап жатқан жоқ» деп өкпелеудің де қажеті болмас. Өнердің бапкері - өнерпаздың

өзі. Тиісті орындар оған жағдай жасаса, ол да артық болмайды.

Аудан орталығында тұратын ақын Қама Хабиева өзінің өлеңдерін оқып, көпшілік ілтипатына ие болды.

«Жымпиты» совхозынан келген ақын Дәмелі Құсайынованың өз өлеңдерін сахнада домбырамен ән сазымен айтуы тыңдаушыларды серпілтіп жіберді.

Дәмелі Құсайынова — Махамбет батырдың сауытын жасап, облыстық байқауға қатысқан белгілі өрнекші ісмер. Интернатта тәрбиеші. Он баланың анасы. Ақын ана балалары жайлы толғанбай ма? Ол «Балаларыма» атты өлеңін әнмен айтқандағы әсер тіптен ерекше. Әр тарапта жүрген балаларын ойлап, ақын ана жүрегі мазасыз. Өлеңге ән сазын шығарған да өзі. Балаларын сипаттап айтып-айтып келіп, «Қарақтарым не ғып жүр, Сол мазамды-ау алып жүр» - деп келетін өлең қайырмасы аялық тебіреніске толы. Тыңдаушысын да бірге толғантады. Кездесудің соңғы жағында орындалған Дәмелі Құсайынованың Ұлы Отан соғысынан оралмаған әкесіне шығарған толғауы да әсерлі.

Ақын Жаңыл Жұрмағамбетованың кызы Меңдігүл Есенғалиева да әкесіне арнаған өлеңдерін оқып берді. Кейбіреуін домбыраға қосып әнмен айтты.

Ораз Қарекеновтің баянға қосылып ән айтқаны тыңдаушыларын әбден риза қылды.

Талапкер ақын, «Кызыл Ту» газетінің қызметкері Махмет Қажиахметовтың оқыған өлеңдері көркемдік толығымен, айтар ойының молығымен қуантады. Баспасөзде көрініп жүрген ақынның оқыған сықақтары да жинақылығымен, өткірлігімен оқырмандарына ұнап жүр.

Бірлестік жетекшісі, облыс ақыны Бақтығали Тілегенов те бірнеше өлең оқыды. Сауатты ақын бүгінгі маңызды проблемаларды толғамақ болған. Онысы әнебір сәтсіз де емес.

Халық депутаттары аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Ұзақбай Ермұханбетовтың бас қосу соңында сөз сөйлеуі шет емес. Ақындарға алғыс айтуы да орынды. Тек жергілікті үкімет тарапынан талапкер ақындарға қандай жағдай жасалып жүр, немесе жасалмақ жайларды айтса жұртшылық көңілінен әбден шығар еді.

Бұл кездесу әдеби бірлестіктің жұртшылықпен жылы дидарласуы болды. Дегенмен, кездесуге келер алдында әдеби

бірлестіктің шын мәніндегі мәжілісін өткізіп, кімнің кандай өнер көрсететінін жүйелеп алса уақытты үнемді пайдалануға әсері болады демекпіз.

Сәт сапар, жергілікті өнерпаз ақындар!

Б. ОЙШЫБАЕВ,
Жымпиты селосы.

ОҚЫРМАН ХАТЫ

Өлең мен өнерді қатар өрдім

2009 жылы қырық жылғы шығармашылық еңбегімнің қорытындысы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналының қаңтар-ақпан айларындағы екі санында жарияланды. Сол жылы «Астана» радиосының хабарына қатыстым. Менің қолөнерім шығармашылығым туралы сюжет «Ғафу-студия» шығарған Қазақстан туралы «Әлемнің тоғызыншы аумағы» атты көп сериялы деректі фильмге түсірілді.

Бұған дейін Орынбор қаласының баспасынан «Әке» (2003), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрлетеді» (2007) атты өлеңдерім мен мақалаларым, қолөнер, ісмерлік жайлы толғаныстарым жинақталып, жарық көрді, 2008 жылы облыстық мәдениет басқармасы мен Бөрлі ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен 70 жасқа толу мерейтойыма орай «Хас өнердің шебері - ардақты әже Дәмелі» атты шығармашылық кешім өтті. Бұл шараға бұрын өзім көп жыл еңбек еткен Сырым ауданының бұрынғы-қазіргі әкімдері Марат Оңғарбеков, Серік Сүлейменов (қазір облыс әкімінің орынбасары), Ерлан Беркінұлы, Жолды Өтегенов сияқты ел азаматтары белсене араласты.

Менің облысқа әлі таныстырылмаған киіз үйімді Орал қаласындағы Атоян атындағы стадионға құрғызып көріп, бағалап, байғазысын беріп, қанаттандырған облысымыздың басшысы Бақтықожа Салахаддинұлы Ізмұхамбетовтың азаматтық ықыласын атап өткім келеді.

Облысымызға жаңадан келген басшы өнер адамдарын құрметтейтін, оларға қамқорлық жасап отыратын білікті азамат екен. Ол кісінің облысымыздың шалғай аудандарына газ өткізіп, халықтың ризашылығын алып жатқан еңбегі өз алдына

бір төбе. Сол әкімге бір кіріп, қабылдауында болғанымда үйсіз-күйсіз жүрген соғыс ардагері мен Мұхит әншінің ұрпағына қамқорлық жасауды өтініп, жанашырлық пікірімді айтқанмын, кейіннен Бөрлі ауданының басшыларына сол шаруаны міндеттеп, қазір екеуінің де баспаналы болғанын естіп қуанып отырмын. Қарапайым 70-тен асқан кейуанының сөзін жерге тастамай құлақ асқанының өзі басшының парасаттылығы деп білемін.

Осының бәрі біраз жасқа келген адамға оңай емес. Дегенмен менің шығармашылық қызметіме әркез қолдау көрсетіп, үнемі демеп отырған ел азаматтарына, мәдениет саласының қызметкерлеріне, журналистерге шынайы ризашылығымды білдіргім келеді. Олардың арасында Бөрлі ауданын басқарған әкімдер Қуанышбай Төлебаев, Ғұмар Дүйсембаев, Сағидолла Еркебаев, Қайырғали Имашев. Сағынбек Мұташев, ауданның қазіргі әкімі Болат Шәкімов, әкімнің орынбасарлары болған Талғат Нығметов, Сапарғали Сиражев, мәдениет қызметкерлері Мирас Бақтығұлов, Жаңыл Шүгірова, облыстық телерадио комитетінің төрағасы Асланбек Ғұбашев, марқұм ақын-тележурналист Ботагөз Баймұқанқызы, бөрлілік журналистер Елена Менжанова, Қуанышқали Ғұсманов, Айгүл Ахметова сияқты абзал азаматтар болды.

Менің жасандырып тіккен киіз үйлерім кезінде Мәскеуде халықшаруашылығы жетістіктері көрмесінде, Сырым бабамыздың 250 жылдық тойында, Алматыда Наурыз мейрамында тігілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа арнап оюлап тіккен киіз үйімді Астана қаласындағы Президенттік мәдениет орталығына тапсырдым.

1998 жылы «Ақсайгазсервис» акционерлік қоғамы алған киіз үйді мекеме басшысы Анатолы Тегісбаев, өнерді қатты құрметтейтін марқұм Айжамал Әжікова он жыл насихаттап, біраз пайдаланды.

Ерім марқұм Шапай Қажығалиев екеуміз Сырым ауданында 40 жылдан астам уақыт білім беру саласында еңбек еттік, он баланы өсіріп, ардақты ата-әже атандық. Қазір сол балала-рымның, немерелерімнің қызығын көріп отырмын.

Ендігі арманым биыл Ұлы Жеңістің 65-жылдық мерекесіне орай, майдан даласында опат болған әкем Құсайын Есенбаевтың рухына арнап, шығарған дастаным мен өлеңдерімді кітап етіп бастырсам ба деген ойым бар.

Әкем 1943 жыды Орел облысының Колпянск ауданында, Остров селосында жерленгені туралы хабарды біз 2004 жылы шыққан «Боздақтар» кітабынан білдік. Әкем майданға аттанғанда мен 4 жастағы бала екенмін. Анам Бәтiш бес қызды қанаттыға қақтырмай, жалғыз өзі көп бейнетпен өсіріпті. Сондықтан да ата-ана рухына тағзым ретінде сол еңбегімді іс қылып шығаруға ниеттеніп отырмын.

Бүгінде тәуелсіз еліміз — Қазақстанның күннен күнге өсіп-өркендеп келе жатқанын көріп, мерейіміз өсіп отыр. Қазіргі жас құрақтай өсіп келе жатқан бақытты ұрпақтың тілегін тілеп, «Мәдени мұра» бағдарламасына өз халімше үлесімді қосып отырған жайым бар.

**Дәмелі Құсайынқызы,
ардақты ана, қолөнер шебері.
«Ел» газеті.
16 ақпан 2010 жыл №6 (238).**

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Сілтеме

Тарихи тұлғаларды білгеніміз жөн. Мырзатай Жолдасбекұлы, Қойшығара Салғараұлы, Ақселеу Сейдімбек - біз өмір сүрген замандағы атақты жазушылар, профессорлар, тарихты зерттеушілер. Ақсай қаласының орталық кітапханасынан Мырзатай Жолдасбекұлының кітабын табатыныма күмәнданғаным жоқ. Совет көшесіндегі орталық кітапханадан Мырзатай Жолдасбековтың жоғарыдағы адамдармен бірігіп жазған «Елтұтқа» деген кітабы кездестіргеніме шексіз қуанышты едім. Кітапта жыл санаудан 570-520 сыншы жылдардан басталатын азаматтық үшін, білектің күшімен найзаның ұшымен кеңбайтақ жерімізді қорғап, бізге мұраға қалдырған тарихи тұлғаларды ерінбей-жалықпай жинап, әрбір тарихи тұлғалардың қай ғасырда, қай жылы туып, қай жылы өлгеніне дейін және олардың тарихымызда кім болғанын бар мүмкіндігінше осы «Елтұтқа» кітабына кіргізген екен. Бұл біздің бүгінгі, ертеңгі, болашақтағы рухани қаныамызға айналатын аса құнды мөлімет екенін өмір көрген ғасырға жуық жасаған біз секілді ақсақалдар, ақ жаулықты әжелер кәзіргі ұрпағымыздың санасына сіңіруіміз өте-мөте қажет. Өйткені біз өмір сүрген заманда осы кітаптағы тарихи тұлғалардың бар болғаны оншақтысы ғана атүсті оқыдық. Ал бұл кітаптағы барлық тұлғалар мынау ұлан байтақ «Қазақстан» деп аталатын астыүсті бай мемлекетімізді бізге яғни ұрпағына ат үстінде жүріп қорғап қалған екен ғой. Қазірде әлем көз тігіп отырған «Қазақ елі» білімді табиғаттан оқыған дала данышпандары екен. Олар оқымаған надан емес, керісінше табиғат пен бетпе-бет келіп сырласып, тіпті дала құстарының үнін, дала жануарларының тілін ұғынған дала оқымыстылары десекте болады. Осыған орай, мен осыншама байлығымызды уысымыздан шығармай Отанымызды өз ата-анамыздай қорғауды ұрпағымызға ұғындырып тіпті міндеттеуіміз қажет. Кітап, газет, журнал оқырмандарына, әсіресе мектептегі тарих, әдебиет пәндерінің мұғалімдері бұл кітапты қолдан қолға ауыстырып танысып, осы кітаптың ішіндегі тарихи тұлғаларды оқушыларға сабақтан тыс уақытында оқып танысып, біліп отыруын міндет деп отырса,

біздің ұрпағымыз сөзсіз Отанын сүйгіш патриот, рухани бай адам болып өсетініне мен кәміл сенемін.

Әрбір тарихи тұлғаға бір, жарты, бір жарымнан ғана бет арналған жазушылар мен профессорларға шексіз алғыс білдіре отырып біздің ендігі ұрпақтарымыз солардай ізденімпаз болса біз ұтылмас едік. «Елтұтқа» кітабын халыққа жарнамалау әркімнің-ақ міндеті дер едім.

«Ел тұтқа» кітабы

Отан тарихын білгісі келетін көпшілік қауымға, студенттер мен оқушыларға, ата-баба рухын ардақтай білетін әрбір ұлтжанды оқырманға арналған.

Әр кез-кезеңде елдің ел болуына ұйтқы болған көсемдер мен батырлар, хандар мен билер, абыздар мен жыраулар, ғалымдар мен әнер өрендері және Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ақбоз ат үстінде азаттық символы ретінде бейнеленген.

«Елтұтқа» кітабы қазақ тарихының алтын қазығы, ұйтқысы ұлы тарихи тұлғаларға арналған.

«Елтұтқа» кітабы ата-баба рухымен табысуға дәнекер болатын, әр жүрекке ұлтжандылық ұрығын ұялататын, ержеткен ұлдың еншісі ететін, бойжеткен қыздың жасауына қосатын, әркімнің төрінде тұрар бойтұмардай қастерлі мұра.

«Елтұтқа» кітабында 150-ге тарта әйгілі тұлғалар бейнеленген.

Мырзатай Жолдасбекұлы

Қойшығара Салғараұлы

Ақселеу Сейдімбек

«Елтұтқа»

Қымбатты оқырман!

Менің мақсатым кітаптан көшіріп, кітаптың бетін көбейту емес, олай ету тіпті ұрлыққа саналған болар еді.

Әр тұлға жайлы екі-үш ауыз сөйлеммен оқырманға мәлімет беріп ол кітапты міндетті түрде оқу, қай жерден алатындығы туралы ескерте отырып, бар болғаны республика бойынша 2000 дана етіп шығарылған кітаптың іздеген адамдарға, іздеп барған күннің өзінде де, қолға тие бермейтіндігін білгендіктен әр тұлғаның аты-жөнін, кім болғанын, қайжылы туып, қашан өлгенін, қай ғасырдың адамы екендігін біле отырып, осыдан түйін шығарып қазақтардың шығу тегі, мемлекет болғанға дейінгі өмірлері, одан кейінгі өмірлері, талай көбейіп, талай басқыншылардың кесірінен құрып кетіп отырды, қазіргі мәліметтер бойынша олардың әлемге тарап кетуі, олардың оралман аталып, еліміз тәуелсіздік алғалы өз Отаны «Қазақстанға» қайта оралуы, айналып келгенде, Отанның оттан ыстық екендігін бүгінгі, келер ұрпақтардың білуі міндеттігі, өз Отанын анасындай қорғау керек екендігін мойындаулары керектігін түсіндіру. Рухтарын байытып отыру үшін «Елтұтқа», «Тарихи тұлғалар» кітабын оқу керектігін аңдату еді.

«Елтұтқа» кітабындағы тарихи тұлғалар

1. Тұмар ханша (570-520)

Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж. 570-520)-күнгей түркі сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі.

2. Түмән ұлы Мүде қаған (ж.ж. 228-174)

Мүде қаған шығысты теңдесі жоқ далалық империяға айналдырған, 35 жыл ел билеген.

3. Мыңзықұлы Еділ (Ашилла)

қалған (410-453) батыстағы Ғұн империясының аты аңызға айналған әйгілі билеушісі.

4. Туұлы Бумын қаған (?-522)

Желдей еркін көшпелі тайпалардың алғаш басын қосқан ұлы тұлға Бумын қаған (Елтеріс қаған) еді. Бірінші Шығыс түркі қағанатының негізін қалаушы.

5. Қарашаулы Бәйдібек (VI-VII)

Қарашаулы Бәйдібек (VI-VII)- Жетісу алабындағы көшпелі тайпалар көсемі.

6. Домалақ ана

(Шайхы Мизамбекқызы Нүрилә)- (VI-VII ғ.ғ.)

Көрегендік қасиетімен, аңызға айналған ана Домалақ ананың мазарына халық тәу етеді. Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Бәйдібек батырдың үшінші әйелі Болжампаз.

7. Тоныкөк (646-741)

Тоныкөк (646-741 ж.ж.)- Екінші Шығыс Түркі қағанатының негізін қалаушының бірі, артына өшпес даңқ қалдырған. Елдің ерлігі мен елдігін тасқа жыр ғып қашап, мәңгілік мұра қалдырған.

8. Құтылықұлы Күл-Тегін. (684-731)

Құтылықұлы Күл-тегін (684-731 ж.ж.) - Екінші Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы. «Көк түркінің көк семсері» атанған атақты батыры. Құтылықтың үлкен ұлы Білге қағаны ел басқарған, кішісі Күл-тегін қол бастаған.

9. Қорқыт (VIII-IX ғ.ғ.)

Оғыз қыпшақ тайпаларының ұлы ойшылы, батагөй абызы, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел, дана. Сыр бойында ғұмыр кешкен.

10. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950)

Әбу Насыр әл-Фараби (970-950). Дүние жүзі білімі мен мәдениетінің Аристотельден кейінгі ұстазы данышпан, энциклопедист, ғалым. Оның мұсылманша аты Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Үзлағ Тархани. Туған жері Сырдария бойындағы Отырар қаласы. Арабтар Отырарды «Фараб» деп атаған. Қай жерден шыққанын білдіру үшін аты-жөніне туған жерінің атауын тіркеген.

11. Әбілкәрім Сатұқ Қарахан (?-960)

Әбілкәрім Сатұқ Қарахан (?-960) - орта Азияда Қарахандар мемлекетінің негізін қалаушы. Шыққан тегі мұсылман түркі әулетінен.

12. Айша бибі (XI-XII)

Айша-бибі Қараханиттер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, ою-өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіштің иесі, атақты Зеңгі бабаның қызы деседі.

13. Қарабура (XI-XII)

Қарабура-оғыз қыпшақ заманының әйгілі тұлғасы, Тама руынан, қайраткер. Топырақ бұйырған жері Созақ елді мекені Шу маңы.

14. Махмуд Қашқари (XI ғ.)

Махмуд Қашқара-түркі ғалымы. Туған жері Ыстықкөл жағасындағы Барсхан қаласы.

15. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн (1020-?)

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн (1020-?) Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері-Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы.

16. Қожа Ахмет Яссауи (?-1166)

Қожа Ахмет Яссауи - ұлы ақын. Иасы қаласы туған жері.

17. Майқыби (XII- XШ)

Майқы би әділ билігімен, тапқыр шешендігімен белгілі Шыңғыс ханнан аздап үлкен болуы мүмкін. Ел қамын ойлаған ойшыл адам.

18. Шыңғысұлы Жошыхан (1187-1227)

Шыңғысұлы Жошыхан Шыңғысханның Бөрте бәйбішесінен туған үлкені, аса ірі әскери басшы. Жезқазған қаласынан 45 шақырымдай жерде Кеңгір өзенінің сол жағасында Жошының мазары тұр.

19. Жамақаұлы Байбарыс сұлтан (1223-1277)

Бейбарыс-түркі әулеті Баһриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны, Шыққан тегі - қыпшақ. Әкесі Жамақ, шешесі Әйек. Каир қаласында «Бейбарыс мешіті» бар «Байбарыс» ескерткіші Атырауда.

20. Тілеуқабылұлы Өтейбойдақ (1388-1478)

Тілеуқабылұлы Өтейбойдақ - қазақтың әйгілі шипагер ғалымы. Жәнібекхан, Жиренше шешен сияқты тарихи тұлғаларымен бастас болған, қоғам қайраткері.

21. Сәбитұлы Асанқайғы (XIV-XV)

С. Асанқайғы - Еділ бойында дүниеге келген. Майқы биді Асанқайғының арғы атасы дейді. Ханға сөзін өткізетін билердің бірі болған. Асанқайғы халық қамын ойлаған ақылгөй, дәулескер күйші «Ел айрылған», «Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты күйлері бізге жеткен.

22. Сүйінішұлы Қазтуған (XV)

Өз заманының әрі батыры, әрі ақыны, әрі күйші, әрі биі, әрі шешені.

23. Жиренше шешен (XV)

Ақыл парасатымен, тапқырлығымен аты аңызға айналған ділмар шешені, өз-Жәнібек тұсы.

24. Болатұлы Керейхан (?-1473)

Қазақ хандығының негізін қалаушы, Көк орданың ханы Өрістің (орыстың) шөбересі. Әбілхайырханнан кейінгі Қазақ хандығын басқарған. Іргелі ел еткен.

25. Барақұлы Жәнібек хан (?-1480)

Қазақ хандығының шаңырағын көтерушілердің бірі оның ішінде-Әбусаид. Керей ханнан кейін жеті жылдай Қазақ хандығының ханы болған.

26. Тоқтарбайұлы Қобыланды (XV)

Аты аңызға айналған халық батыры. Тегі-қыпшақ. Әбілхайырханның тұсында өмір сүрген.

27. Жәнібекұлы Қасым хан (1445-1518)

Қазақтың ұлы хандарының бірі - Жәнібек ханның ортаншы баласы. Бурындық ханның атты әскерін басқарған. Саясаткер, шешен. Қасым ханның бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болған. Қасым хандықты нығайтып, жерін кеңейтіп «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен халықтың жадында сақталған.

28. Дулат Хусаинұлы Мұхаммед Хайдар.

Тарихшы, әдебиетші «тарихи Рашиди»- «Жаһаннама» кітабының авторы (1499-1551)

29. Жалайыр Қосымұлы Қадырғали (1530-1605) - қазақтың ғұлама ғалымы

30. Сейтқұлұлы Жалақтас (1576-1656)

Қазақтың әйгілі батыры, қолбасшы, Самарханның әмірі. Тегі кіші жүздің төртқара рухынан. Әйтеке бидің үлкен атасы.

31. Шығайұлы Есімхан (1628-1645)

Қазақ хандығының ханы, Шығай ханның баласы, Тәуекел ханның туған інісі. Халық «Еңсегей бойлы ер Есім» деп ардақтаған.

32. Алтынайұлы Қарасай (1589-1671)

Қазақтың қаһарман батыры, тарихи тұлға Н.Ә. Назарбаевтың арғы аталары. Қарасайдан Көшек, одан Айдар одан Мырзатай, одан Кенбаба, одан Еділ, одан Сапақай, одан Назарбай, одан Әбіш, одан Нұрсұлтан. 1652 жылғы соғыста Қарасай батыр жалпы қазақ әскерлері қолбасшыларының бірі ретінде ақыл-парасатымен, тапқырлығымен танылған.

33. Жәңгірұлы Тәукехан (1626-1718)

Қазақ хандығының ханы Салқам Жәңгірханның баласы Қасымхан ұлы бабасы, ақылды реформатор, көреген басшы. Тарихта «Жеті жарғы» деп аталатын Тәуке ханның заңдары бізге жеткен.

34. Әлімбекұлы Төле би (1663-1756)

Аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері Төле би кезінде оқыған, ірі сауатты, әділ, шешен, тапқыр. Төле би Россияға ниетін білдірген жан. Қаз дауысты. Қазыбек Төле би өлгенде «Төле би өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші»- деп қайғырған.

35. Байбекұлы Әйтеке би (1644-1700)

Мемлекет және қоғам қайраткері. Әйтеке би «Жеті жарғы» заңын шығаруға атсалысқан. Атасы Ақша хан ағасы Жалақтөс батыр.

36. Келдібекұлы Қазыбек би (1665-1765)

Мемлекет және қоғам қайраткері. Билер кеңесінің мүшесі. Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төккен. Ақылмен қатарынан озған дана би.

37. Көтібарұлы Есет (1667-1749)

Есет әйгілі батырлардың бірі. Аңырақай шайқасында көзге түскен, Кіші жүз құрамының туын көтерген көзсіз батыр.

38. Қалқаманұлы Бұқар жырау (1668-1781)

Қазақтың ұлы жырауы, Абылайханның ақылшысы заманындағы сыншылар оны «Көмекей әулие» - деген халқының әулие данасы, дауагөй бітімшісі, көреген болжаушысы. Оны Қорқытпен, Сыпыра жыраумен де салыстыруға болады.

39. Сарыұлы Ақтанберді (1668-1762)

Атақты жырау, қолбасшы батыр, қоғам қайраткері. Балуандық, батырлық даңқы қатар жүрген «Түйе мойнын түз кесер», «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Жылқыдан асқан мал бар ма?» деген әйгілі толғаулары бар. Оның жырлары жұртшылықты ата жаумен айқасқа шақырады.

40. Ақшаұлы Бөгенбай (1678-1775)

Атақты батыр, ұлы қолбасшы, бітімші мәмлегер. Ерлік, әскербасылық, ұйымдастырушылығын халық бағалаған. Бөгенбай батыр «Қанжығалы қарт Бөгенбай» атанған. Жерленген жері Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи күмбезінде.

41. Сырымбетұлы Қангелді (1688-1763)

Атақты батыр. Ол өмірге келгенде қан шеңгелдеп туғандықтан, оған «Қангелді» деп ат қойыпты. Аңырақай соғысына қатысқан, білікті мәмлегер. Абылайды жоңғар тұтқынынан құтқарысқан.

42. Жанкелдіұлы Ескелді (1692-1780)

Қазақтың көрнекті биі, батыры Төле бидің Ұлбике деген қызы Ескелдінің анасы. Ескелді артына «Текіден тексіз озар, бірақ ұзаққа бармас, темір құрсақ үзілер, темір кісен шешілер.

Ұрпағым осы жерде өседі де өнеді. Оған мына Ескелді жарқырап тұрған күндей сенеді» - деген көріпкелдігі ХХІ ғасырда дәл келіп жүр емес пе? Халық тағдырына бел шеше араласқан батырдың дулығасы бізге жеткен.

43. Тауасарұлы Қазыбек (1692-1776)

Діни, ғылыми білім алған оқымысты, қол бастаған батыр. Бізге Қазыбек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» - деген еңбегі жеткен. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар бастаған шайқаста қырық жеріне жаза тиіп, ақыры сол жарақаттан қайтыс болды.

44. Тоқтыбайұлы Саңырақ (1692-?)

Атақты батырлардың бірі, мерген «Саңырақтың сарнауығы» аталатын бас қаруы садағы. Аппадан медет сұрап ап, жол бастаған Саңырақ, Қарсы келген жауына қырғын салған Саңырақ, Анталаға қалмаққа сүрген салған Саңырақ, Тайлақ батыр екеуі серік болған Саңырақ деген жырлар халық аузында қалған.

45. Әскен (Әжі) ұлы Әбілқайырхан (1693-1748)

Қазақтың Кіші жүзінің ханы, Аңырақай шайқасындағы қазақ қолының бас сардары, қазақ сұлтандарының кіші буыны - Үсектің ұрпағы. Әбілқайыр бас қолбасшы.

Аңырақай шайқасында жеңіске жетеді. Жауларымен талай жеңіліске ұшыраған Әбірқайыр 1730 жылы Ресей қол астына кіруге өтініш білдіреді. Өзінің күшімен, айласымен, шабуылды ұйымдастыра білушілігімен даңқы шығып, хандыққа қол жеткізген, батырлығы мен өркөкіректігі, ақылдылығымен билік құмарлығы, бірбеткейлігі астасқан қайшылығы мол тарихи тұлға.

46. Шақшақұлы Жәнібек (?-1751)

Ел тәуелсіздігі үшін күрескен атақты батыр. Ауыздыға сөз бермеген, қиянатқа жол бермеген, әділ би, діни сауаты мол молда кісі болған. Еліне елеулі қызмет еткен тарихта орны бөлек ерен тұлға.

47. Өмірұлы Жасыбай (XIII ғ.)

Әйгілі батыр, халық аузында «Ер Жасыбай» жыр-дастаны, ол жөнінде біраз мағлұмат береді. Жауырыншы, мерген, «Жасыбай асуы», «Жасыбай келі» оның құрметімен аталған.

48. Өтегүлұлы Өтеген (1699-1773)

XIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батыры. Өтеген Сүйінбай, Жамбыл дастандарына арқау болған. Оны елі «Қос мүйізі бар киелі» деп атаған. Бұхара медресесін бітірген ғұлама ғазірет атанған. Өтеген, Райымбек батырлар жауға бірге шапқан. Батырдың кезінде тұтынған біраз мүлкі сақталған. Абылайханның Өтегенге сыйлаған жез теңгесі әлі бар.

49. Бердәулетұлы Жәнібек (XVIII ғ.)

Жоңғар шайқасында аты шыққан батыр, «Керей Жәнібек» деп атап кеткен. Ол Қаз дауысты Қазыбектің тәрбиесін көрген. Қол басқарсаң, жолың киелі болсын!, Ел басқарсаң сөзің жүйесі болсын деп батасын берген Қазыбек.

50. Сартұлы Қойгелді (1702-1795)

Жоңғар басшылығында жол бастаған батыр, он жыл медреседе білім алған, діни сауаты мол, ел ішінде хазірет атанған. Жаугершілік заман сәлдесін тастап, сауыт киіп найза ұстауға мәжбүрлеген.

Денесі Түркістанда қалған.

51. Қожағұлұлы Қабанбай (1703-1781)

Қалық қаһарманы, ел азаттығы жолындағы күрескер. Халқы оны «Қаракерей» деп ардақтаған. Оны Нұра бойында жерлеп, сәулетті күмбез тұрғызған.

52. Наймантайұлы Байғозы (1705-1803)

Иісі қазаққа даңқы жайылған батырлардың бірі. Туған жері Арқа маңы жатқан жері Қарағанды аймағы «Батыр басы» деген жерде. Абылайханның ту ұстаушы батырларының бірі филология ғылымдарының докторы Ақселеу Сейдімбек жазушы оның алтыншы ұрпағы.

53. Хангелдіұлы Райымбек (1705-?)

Жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батырларының бірі. Ұйымдастыру қабілеті жоғары, қиыннан жол тбатын ерліктері ел аузында Райымбекті көріпкелдігімен «Әулие» деп кеткен. Оның мазары Алматы қаласында тұр.

54. Құттымбетұлы Наурызбай (1706-1781)

Атақты батыр, белгілі қолбасшы. Мекені Алматы маңы. Аңырақай шайқасына қатысқан. Ғұмыры жоңғарларға қарсы күреспен өтеді.

55. Талдыбайұлы Олжабай (1709-1783)

Атақты батырлығы, тапқырлығы, меңгерлігі туралы өлең-жыр, дастандар ел аузында қалған, есімі он сан орта жүзге ұран болған. Олжабайлап жауға шапқанның жеңбейтіні болмаған. Оның әкесі Толыбай «Ақтабан шұбырындыда» босқан елді қорғауда қаза табады.

56. Уәлиұлы Абылайхан (1711-1781)

Қазақ халқының әйгілі ханы. Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы. Абылайдың аты (Әбілмәнсүр). Ен далада еркін өскен қазақ халқын аман сақтауды мақсат еткен. Қырық жалдан астам билік құрды. Заманындағы хандардың бәрінен басым түскен парасатты, көреген адам.

57. Датұлы Сырым (1712-1802)

Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен көрнекті басшы, атақты батыр, әйгілі шешен. Жеңіске ұшыраған Сырым Хиуа хандығының жеріне өтіп кетеді, Ол жақта оған у беріп өлтіреді. Сырым елі Батыс Қазақстан Орал облысы, кәзіргі Сырым елі.

58. Қырбасұлы Жауғаш (1738-1787)

Аблайханның оң қолы, атақты батыр, қолбасшы, қайраткер Жамбыл облысының жерін мекендеген. Ол 49 жасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде.

59. Мырзағұлұлы Бекет (1750-1813)

Қазақтың әйгілі батыры, ағартушы-сәулетші. Маңғыстауда туып-өскен. Елге ақылымен, қайратымен басшы болған.

Тауды үңгіп мешіттер жасаған. Ішін араб, парсы жазуларымен безендірген. Оғландыда, Бейнеуде, Жем бойында, Баялыда мешіттері бар. Сауат аштыратын мешіттерде балаларды оқытқан. Оғланды мешіті үш бөлме, таудың ішінде Бекет атаның, немересі Мұрынның сүйегі сол жерде. Халық ол жерге тәу етуге үздіксіз ағылып барып тұрады.

60. Әлменұлы Бөлтірік (1771-1854)

Көрнекті шешен, би, батыр. Топырақ бұйырған жері Жамбыл облысы Талас ауданы, Жәдік ауылы. Ақынұлы Шөнені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт деген аңыз бар.

61. Нұрмұхаммедұлы Жанқожа (1771-1860)

Ел азаттығы жолында арыстандай алысқан батырлардың бірі. Атасы Киікбай Әбілхайырханның батыры әрі биі болған. Әжесі Тәжі қалмақпен де, орыспен де соғысқан Есет батырдың қызы. Елін, жерін азат ету жолында бар өмірін сарп еткен.

62. Әлібекұлы Сыпатай (1782-1867)

Қоқан басқыншыларына қарсы күрескен батыр, ер, шешен, әділ әкесі Әлібек етікші, момын адам болған. Қуғынға ұшыраған Сыпатай қырғызға паналап үстіне үй тігіп, алдына мал салған. Қырғыз манабы Қанай Сыпатайдың екінші әкесіндей болған. Ол сөзге де шешен, тапқыр болған.

63. Әбілғазизұлы Арынғазы (1785-1833)

Елдің тұтастығы, жердің бүтіндегі үшін күрескен батыр, мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, дәулескер күйші. Ел ішінде тынышттық орнатқаны үшін халық оны «Тыным хан» деп атаған. Ел билеген хан болғаны осыдан көрінеді. «Арынғазы» күйі бізге жеткен.

64. Тайманұлы Исатай (1791-1839)

Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшы, халық батыры. Көтеріліске Исатай мен Махамбет басшылық жасайды. Ресей отаршылдарының қазақтың құнарлы жерін тартып алуына төзбейді. Орыстың отты қаруы көтерілісті басып отырады. Талай шайқастың бірінде қаза болады.

65. Бөкейұлы Жәңгірхан (1801-1845)

Бөкей ордасының соңғы ханы. Әбілхайырдың шөбересі, Нұралыханның немересі. Шын аты Жиһангер. Еуропалық білім алған, орысша тәрбие алған. Бөкейдің үш баласының үлкені. Еділ, Жайық бойына мал жайып, Каспийден балық аулауға орыс отаршыларының тыйым салуы Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайман бастаған шаруалар көтерілісінің тууына соқтырады. Жәңгір хан жақсылығы мен жамандығы қатар өрілген күрделі тұлға. Мектеп ашып балаларды оқытады.

66. Қасымұлы Кенесары (1802-1847)

Қазақтың соңғы ханы Төре тұқымы. Арғы атасы Шыңғысханның Жошы деген ұлынан тарайды. Анасы Тоныш деген қалмақ қызы. Аса дарынды қолбасшы. Қазақ жерін Ресей отаршылдарынан қорғауда ерен еңбек етуімен тарихта қалған, қарымды саясаткер, көреген стратег.

67. Қоңырбайұлы Ағыбай

Тәуелсіздің үшін күрескен әйгілі батыр Қарағанды аймағынан. Топырағы Ағадыр елді мекені Шұнақ тауларының алқабы. Ерлігі, тапқырлығы, әскери тактикаға шеберлігімен көзге түскен.

68. Өтемісұлы Махамбет (1804-1846)

Әйгілі ақын, күйші-композитор, Исатай Тайманов бастаған көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі, жалынды жаршысы. Туып өскен жері Бекетай өңірі. Орал облысының Жәнібек ауданына қарайтын жер. Көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам. Махамбет әрі батыр, әрі көсем, әрі жырау, әрі күйші. Азаттық үшін күрес Махамбет өмірінің мазмұны. Ол поэзияда, күй өнерінде дара тұлға. Баймағамбет сұлтанның баскесерлері оның басын кесіп, Сұлтанның алдына апарғанда, Сұлтан өз қателігін мойындаған. Батырдың зираты Атырау облысының Махамбет ауданында. Ескерткіші Атырау облысының орталығында Исатай екеуі екі аттың үстінде тұр.

69. Шығайұлы Дәулеткерей (1814-1887)

Әйгілі күйші-композитор. Батыс Қазақстан Орда ауданы, Қарамола деген жерде дүниеге келген, сол жерде топырағы бұйырған. Ата-бабасы Өрыс (Орыс) ханнан бері хандық

биліктен қол үзбеген. Бөкейхан өлгесін Дәулеткерейдің әкесі Шығай сегіз жылдай Бөкей ордасына хандық билігін жүргізген. Оның Құрманғазымен кездесуі, оған еліктеуі, бір-біріне күй арнады, олардың достығын білдіреді. «Ақжелең», «Қосалқа», «Ысқырма», «Желдірме», «Қоңыр», «Құдаша» күйлері жеңіл сазды. Хан тұқымы болғанына қарамастан өмірді түсінген күйші «Тартыс», «Шолтақ», «Топан», «Жігер» өзі өмір сүрген заманды күйлері арқылы суреттеген. «Жігер» күйі қазақ күйлерінің асқар белі. Ол халқын домбырамен жұбатқан күйші.

70. Қазанғапұлы Тәттімбет (1815-1860)

Әйгілі күйші-композитор. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Мыржық аулы, Қызылжал қыстауы. Жерлеген жері Балбалы мен Арқалық тауларының ортасындағы алқап маңына жерленген. Талай додалы күй айтыстарына қатысып, домбырада қалыс, шалыс, теріс, қосақ бұраулар қолданған. «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Бестөре», «Көкейкесті», «Қосбасар» қазақ күйлерінің мұрасына кірген.

71. Аронұлы Сүйінбай (1815-1898)

Әйгілі ақын, айтыс өнерінің майталман жүйрігі. Туып өскен жері Алматы маңы, Жамбыл ауданына қарасты Қарақыстақ елді мекені. Арғы атасы Күсеп дәулескер қобызшы болған. Жамбылдың менің пірім Сүйінбай деуі оның дара, үздік ақын екенін дәлелдейді. «Манас», «Көрұғылы», «Рустем дастан», «Тотынама» секілді шығармалары айғақ. Мұхтар Әуезов «Сүйінбай Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп нық сеніммен айтуы жарқын айғақ.

72. Сағырбайұлы Құрманғазы (1823-1896)

Қазақтың ұлы күйші композиторы. Туып өскен жері Бөкей хандығы, Орал облысы, Жаңақала ауданы Жиделі жері. Топырақ бұйырған жері Астрахань (Ресей) облысының «Құрманғазытөбе» кіші жүз Байұлынан өрбіген сұлтан сияқты «Қызыл құрт» бұтағы жетінші атасы Ерші от тілді, орақ ауызды, сөз дарыған адам. Нағашы жұрты - Беріш руы. Оның «Қызыл қайық», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» күйлері бар. Құрманғазының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес, бір тұтас ұлтының рухани болмысы «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Боз қаңғыр», «Пәбескі», «Терезеден, есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Аман бол, шешем, аман бол», «Не кричи, не шуми», «Арба соққан» күйлері замана добалаңының куәсі.

73. Қожағұлұлы Біржан (1825-1897)

Әйгілі әнші композитор, ақын. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы, Жаңа жол ауылында туған. Топырақ бұйырған жері Ақмола облысы Еңбекшілер ауданы Қожағұл бұркеуі деген жер Біржан сал екі жылдық орыс мектебін бітірген де, медресеге оқуға түседі. Біржан сал мектептен діни ғибадатқа қоса, ән-күй өнерін, ақындық-жыршылықты, қол өнерінің алуан түрлерін, атбегілікті, аңшылық саятшылықты үйренген. Ол Қызылжар медресесінде араб, парсы, шағатай тілін меңгерген. Өмірінде төрт рет некелі болып он бір ұл сүйген адам. Бірінші әйелі Балқаштан Ақыл, Алтынбек, Әділбек, Мақұлбек, екінші әйелі Ләйләдан Ахметжан, Ахметбек, үшінші әйелі Айтбайдан Ахметқали, Айтжан, Айтмұхаммед, төртінші әйелі Әпіштен Теміртас, Қалкен есімді ұлдар болған. Теміртастан ғана ұрпақ жалғасты. Одан Мұхамметқали туған.

74. Ханкелдіқызы Ұлбике (1825-1849)

Ақын, майталман айтыскер, жезтаңдай әнші, дәулескер домбырашы. Қызылорда туып өскен жері. Топырақ бұйырған жері Жамбыл облысына қарасты Талас өзенінің бойы Ұлбике сұлу болған, күйеуі қызғаншақ Байтанның қолынан мезгілсіз мерт болған.

75. Уәлиханов Шоқан (1835-1865)

Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы демократ. Шын аты Мұхаммедханафия, әжесі Шоқан атап кеткен. Туған жері Қостанай облысы, Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы қазақтың ұлы ханы Абылай, Шоқан оның шөбересі. Уәли де хан болған. Шоқан араб, шағатай тілін біледі. Омбы кадет корпусын бітіреді. Шоқан Қашқарияға ғалымдық, ағартушылық сапармен барған. Шоқан Тезек төренің ауылында қайтыс болған. Шоқан суретші болған. 150-дей сурет қалған.

76. Байжанұлы Жаяу Муса (1835-1920)

Әйгілі әнші-композитор, ақын. Туған жері Павлодардағы Ақшоқы. Топырағы Дамбы тауының Ақшоқа аумағында. Алғаш молдадан сауат ашып, кейін Омбыдағы орыс мектебінде оқып, қала өнерпаздарымен араласып домбыра, сырнай, скрипка тартып үйренді. Жасы ұлғайған шағында саятшылықпен айналысады.

77. Алтынсарин Ыбырай (1841-1889)

Ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы. Қостанай облысы, Аққарағайда туған, осы өңірде топырағы бұйырған. Мектеп, интернат салғызып, балаларды оқытады. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазады. Қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады.

78. Қорамсаұлы Ақан-сері (1843-1913)

Әнші-композитор, ақын. Туып өскен жері Солтүстік Қазақстан облысының Атырау қаласындағы Үлкен Қоскөл маңы. Топырақ бұйырған жері Айыртау ауданындағы Бұлақ басы, Құлагер құдығы. «Құлагер», «Балқадидша», «Маңмаңгер», «Көк-женделі», «Екі торы ат», «Алай көк», «Тер қатқан», «Ақан сері» операсы оның бейнесін тұлғалайды.

79. Дүкенұлы Ықылас (1843-1916)

Күйші, қобызшы. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында туған. Топырағы Жамбыл облысының, Сарысу ауданы, Қуарал да қалған Ықыластың әкесі Дүкен де оның әкесі Алтын да қобызшы болған «Кертолғау», «Ерден», «Жалғыз аяқ», «Жарым патша», «Жез киік», «Қамбар-Назым», «Айрауық», «Қазан» деген күйлері бар.

80. Құнанбайұлы Абай (1845-1904)

Қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және алғашқы классигі. Шын аты – Ибрагим. Туған жері Қарқаралы ауданына қарасты Шыңғыс тауының баурайы. Өлең шығаруды бала кезінен бастаған. Абай өлеңдері лирикадан құралады. Абай халықтың өмір шындығын, көрген-білгенінің бәрін шығармаларына түсіріп отырады. Жастарды өнер-білімге шақырады. Надандықтан құтылудың амалы оқу екендігін мойындайды. Ақынның сүйегі Жидебай мекенінде. Абай мен Шәкәрімнің мазары қатар тұр.

81. Жамбыл Жабаев (1846-1945)

Өлең сөздің дүл-дүлі, жырау, жыршы, әйгілі тұлға Жамбыл облысы Жамбыл тауының етегінде туған. Алматы облысы Ұзынағаш елді мекенінде жерленген. Жамбыл әрі эпик, әрі айтыс ақыны, жауынгер жыршысы. Ол жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

ауылына көшіріп алған Тұрысбек қажы оны бай баласы Жиенқұлға атастырады, ол жаратылысынан кеміс туған еді. Сараның бағы ашылуына оның Біржан салмен шаршы топта айтысуы болады. Оның халық алдында беделі артады, атағы шар тарапқа жайылады. Оның дарынын байқаған қажылар басына бостандық береді. Сара дарынының арқасында өз теңі Алтынбекұлы Бекбайға тұрмысқа шығады. Көп ұзамай ауруға шалдығып, ерте көз жұмады. Сараның айтыстан басқа «Жүрек», «Ашындым», «Арсалаң аға алдында», «Жүрек сыры», «Жайлауда», «Әбіштің аруағына» (Абайдың баласы), «Хош бол, елім» секілді көптеген өлеңдері мен «Тұзақ» атты дастаны бар.

91. Досмұхамедұлы Халел (1883-1937)

Қазақ зиялыларының бірі, мамандығы дәрігер, қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, насихатшы, аудармашы, туған жері – Атырау облысының Қызылқоға ауданы. Ол «Табиғаттану», «Оқушылардың денсаулығын сақтау», «Адамның тән тірлігі», «Сүйектілер туралы» еңбек жазды. Қуғын көрді, соңынан ақталды.

92. Әзірбаев Кенен (1884-1976)

Әйгілі халық ақыны, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Туып өскен жері Жамбыл облысы Қордай ауданы, Мәтібұлақ өңірі. Ол халық тағдырына түбегейлі араласқан ақын. Әнші, ақын, күйші, өзі өмір сүрген заманының жанды шежірешісі. Екі жүздей лирикалық, дидактикалық толғаулар мен арнаулардың авторы, халықтың рухани ұйтқысы болған тұлға. «Бозторғай», «Көкшолақ», «Ой, бұл-бұл», «Он алтыншы жыл» әндері ел аузында.

93. Дулат Міржақып (1885-1935)

Ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, көсем сөз шебері. Туған жері Торғай жері Торғай уезінің Сарқопа болысының үшінші ауылы. Әкесі Дулат-шебер, ер-тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі Дәмеш ойын, тойдың базары, әнші кісі болған. Мыржақып жасынан жетім қалып, ағасы Асқардың тәрбиесінде болған. Асқар оны оқытып, «ауыл мұғалімі» атанған зерделі жас сезілген еліне ес болуға жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған. «Көзіңді аш, он қазақ, көтер басты» оның басты ұраны «Өткізбей қараңғыда бекер басты» дейді дұрыс-

ақ. Жалынды сөзімен, тындырымды ісімен, жеке басының жүріс-тұрысымен де өнеге болады. Ертеңі үшін жанын қиған Жақаңның арманы ішінде.

94. Шоқайұлы Мұстафа (1886-1941)

Отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы жүргізілген қоғамдық қозғалыс көсемдерінің бірі. Түркістан халықтарының арасында саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Ақмешіт (Қазіргі Қызылорда). Шоқай ауылы. Мұстафа Шоқай өз халқының тәуелсіз болашағы үшін білек сыбанып, ымырасыз күреске түскен адам. Оның өмірі туралы жары Мария Яковлевна жеткізген. Сүйегі Берлин қаласындағы мұсылмандар бейітінде жерленген. Берлиндегі «Виктория» ауруханасында құпия қайтыс болған.

95. Қашаубаев Әміре (1888-1934)

Әнші. Туған жері Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданы, Дегелең тауының алабы. Топырақ Алматы қаласынан бұйырған. Парижде, Москвада, Германияда өн салған. Өмірінің соңына дейін театрда әнші артист болған. Қазақтың «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Қос барабан», «Қызыл бидай», «Смет», «Жалғыз арша» сияқты өз орындаушысын тауып жалғасып Ж.Карменов, Қ.Байбосынов, Б. Тілеухановтар қайталады.

96. Аймауытов Жүсіпбек (1889-1931)

Көрнекті жазушы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Туып-өскен жері - Павлодар облысы Баянауыл ауданы, «Қызыл ту» кәзіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Бес томдық жазбалары жарық көрген. «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансап-қорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, балаларға арналған ертегілері, мұғалімдерге арналған «психология» оқулығы бар. Семейде «Абай» журналын шығарып М. Әуезов, Қ. Сәтпаевпен танысады. Шымкент педтехникалық директоры. 1931 жылы сырттай ату жазасына үкім болған.

97. Жұмабаев Мағжан (1893-1938)

Жазушы, ақын. Туған жері Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы. Ауыл мұғалімінен дәріс алып кейін медреседе оқыған. Уфаға барып «Медресе Ғалияға» оқуға түседі. Қазан

қаласында «Шолпан» атты жинағы шығады. Орысша жақсы біледі. Москвада оқып «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» газеті редакциясында қызмет етеді. Қызыл империя соңына түсіп әуелі он жылға сотталады. Кейін «Халық жауы» деп ату жазасына кесілді. 1929 жылдан бастап қуғын-сүргінге түседі. Ол дүниені философиялық тұрғыдан тани білген адам. Ол саяси репрессияның құрбаны болды.

98. Сейфуллин Сәкен (1894-1938)

Көрнекті жазушы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Туып-өскен жері Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қарашылық қыстағы. Саяси репрессия құрбаны. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған. Ақмола Совдеп мүшесі, Ақмола атқарушы комитетінің төрағасының орынбасары. Президиум мүшесі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы. Ғылым орталығының төрағасы т.т. қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры. Көрнекті ақынның поэзиялары «Кел жігіттер», «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге», «Жолдастар» сияқты лирикалық өлеңдері, «Көкшетау», «Альбатрос», «Социалистан», «Қызыл ат» поэмалары, проза саласында «Жер қазғандар», «Айша», «Біздің тұрмыс» повестері, «Тар жол, тайғақ кешу» романы жарық көрді. Оның «Қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбегінің мәні зор. Ол сыйға лайық бір туар тұлға.

99. Майлин Бейімбет (1894-1938)

Көрнекті жазушы. Туып өскен жері Қостанай облысы, Таран ауданы. Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы «Медресе Ғалия» да оқыған. Бейімбет поэзия, проза, драма саласындағы қаламгер. «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде өлеңдер жариялап отырған. «Байдың қызы», «Рәзия қыз», «Қашқын келіншек», «Зәйкүл», «Маржан» т.т. шығармалары бар. Ол ұлы суреткер. Он беске тарта повесть, «Азат Азаматович» атты роман жазған. Ірілі ұсақты 25 пьеса авторы. Ол «Социалистік Қазақстан» көзіргі «Егемен Қазақстан» бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор болды. Саяси репрессияның құрбаны болды.

100. Жансүгіров Ильяс (1894-1938)

Көрнекті жазушы. Туып өскен жері Алматы облысының Ақсу ауданы. Жәдетше сауат ашып, екі жылдық мұғалімдік курс бітірген ол өз ауылында мұғалім болды. Тілші газетінде істеп, Верныйдағы қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады. «Еңбекші қазақ» газетінде қызметке алынады. Орталық атқару комитетінің мүшесі. Саяси репрессия құрбаны. «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэмалары бар. Драма саласында «Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет» сияқты туындыларды жазған. Аудармашы. Халық тағдыры - шығармасының арқауы.

101. Рысқұлұлы Тұрар (1894-1938)

Мемлекет және қоғам қайраткері. Ұлт азаттық көтерілісін ұйымдастырушысы және басшы. 1904 жылы әкесін патша үкіметіне қарсы шыққаны үшін он жылға сотталып, итжеккенге жер аударылған. Тұрар түрмеде әкесін әкеткенше бірге болады. Әділетсіздің нәбір сорақы түрін көзімен көреді. Сонда оқымай болмайтынына көзі жетеді. Ол оқымай болмайтынына көзі жетеді. Ол Қырғызбаев деген фамилиямен орысша бастауыш мектепке оқуға түседі. Пішпектегі ауылшаруашылық мектебін бітіріп, Ташкенттегі мұғалімдер институтына түседі. Патшаның «Июнь жарлығына» қарсы бас көтергеніне қатысқаны үшін Тұрарды тұтқынға алады. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ жастарын революциялық жолға жұмылдырады. Кеңес үкіметі орнағасын әуелі жай қызметкер, алқа мүшесі, кейін халкомның екінші орынбасары болады. «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы болады. РСФСР Халық Комиссариаты Кеңесі төрағасының орынбасары болады. Халқының бақыты үшін аянбай тер төккен асыл азаматты өз халқына жау етіп көрсетеді және мерт етеді.

102. Әуезов Мұхтар (1897-1961)

Омарханұлы қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор. ҚСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Туған жері Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы. Ол «Абай жолы» романын он бес жылға жуық жазады. «Абай» және «Абай жолы» романдарын жазу оның сүйікті ісіне айналады. М. Әуезов КСРО Мемлекеттік сыйлығы мен Лениндік сыйлықтың иелері.

103. Сәтбаев Қаныш (1899-1964)

Имантайұлы көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері. Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Қазақстандық металлогияның негізін қалаушы. Туған жері Павлодар облысы Баянауыл ауданы. Тау-кен факультетін бітірген. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін т.т. көптеген кен орындарын игеруге зор еңбек сіңірген. КСРО және Қазақ КСР жоғары кеңесінің депутаты, СОКП делегаты. Ол төрт рет Ленин орденімен, II дәрежедегі Отан соғысы орденімен марапатталған көптеген сыйлықтардың иегері. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар.

104. Мұқанов Сәбит (1900-1973)

Әйгілі жазушы қоғам қайраткері, ҚСР ғылым академиясының академигі. Туған жері Солтүстік Қазақстан, Жаманшұбар ауданы. Сәбит мұғалім - алдын көріп жүйелі білім ала алмайды. Омск қаласына 18-ге толғанда мұғалімдер курсына түсуге мүмкіндік алады. Рабфакты бітіреді. Ол Совет үкіметі тұсындағы көрнекті жазушы. «Ботагөз», «Жұмбақ жалау» романдарын жазды. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері бар.

105. Мүсірепов Ғабит (1902-1985)

Жазушы. Қоғам қайраткері, Қазақ КСР ғылым академиясының академигі. Социалистік Еңбек Ері. Туған жері Солтүстік Қазақстан, Жамбыл ауданы. «Қазақ солдаты» романын жазған «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы республикалық сыйлық алған. «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасын берген, «Амангелді», «Ақан сері - Ақтоқты» пьесасын жазған. Бірнеше мәрте Қазақ КСР жоғары кеңесінің, бір рет КСРО Жоғары кеңесінің депутаты Қазақ ҚСР Жоғары төрағасы болып сайланды. Екі мәрте Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту орденін алған.

106. Мұстафин Ғабиден (1902-1985)

Жазушы, қоғам қайраткері, Қазақ ҚСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі. Туған жері Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жауыр тауының етегі. Ғ. Мұстафин өндіріс тақырыбына, ауылшаруашылық тақырыбына кітап жаз-

ған. «Қарағанды», «Шығанақ», «Миллионер» романдарын жазған, «Дауылдан кейін», «Көз көрген» өз дәуірінің шежіресі. Бірнеше рет КСРО депутаты, Екі Ленин, екі Еңбек Қызыл Ту және екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендері, көптеген сыйлықтар, Абай, Жамбыл аттарындағы республикалық сыйлықтар иеленді.

107. Марғұлан Әлкей (1904-1985)

Қақанұлы Бүкілодақтық Географиялық қоғамының толық мүшесі, филология ғылымдарының докторы, академик, қоғам қайраткері, профессор. Туған жері Павлодар облысы Баянауыл ауданы. Тарих, археология ғылымдарын зерттей отырып «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты кітап жазды. Шоқан Уәлихановтың әдеби мұраларын жинап, бес том кітап жазуға басшылық етті. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталады.

108. Қастеев Әбілхан (1904-1973)

Кескіндемеші, график суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туған жері Алматы облысы, Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері - Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі «Жамбылдың портреті», «Ескі және жаңа тұрмыс», «Амангелді сарбаздары», «Биік таулы мұз айдын», «Гүлашқан алма», «Менің Отаным», «Қапшағай- ГЭС-1» секілді полотнолар салынған.

109. Жұбанов Ахмет (1906-1968)

Музыка зерттеуші, көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық артисі, доктор, профессор. Туып өскен жері Ақтөбе облысы Темір ауданы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Жұбановтың мұрындық болуымен Қазақстанның түкпір-түкпірінен 10 мыңдай ән-күй нұсқаларын жинаған. Ахмет Жұбанов қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп-тануда, жорып түсіндіруде, жүйелеп насихаттауда сапалы биіктен көрінген тұлға, кемел білім иесі. Қазақтың халық аспаптары оркестрі, филармония, консерваториясы, халық аспаптары кафедрасы, музыка туралы оқу құралдары, осының бәрінің ұйтқысы болған көрнекті тұлға.

110. Момышұлы Бауыржан (1910-1982)

Екінші дүние жүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, жазушы. Туған жері Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Колбастау мекені. Соғыс кезіндегі қаһармандық ерлігі ерекше көзге түскен. Жоғары әскери академиясын бітірген. «Волоколамское шоссе»ні орыс жазушы А. Бек Бауыржанның ерлігі жөнінде жазған. Оның қазақша - орысша жазған роман-повестері қалық оқырманының іздеп жүріп оқитын кітаптары. Халық қаһарманы атағын Н.Ә. Назарбаев берді.

111. Қонаев Дінмұхамед (1912-1993)

Мемлекет және қоғам қайраткерлері үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, ғылым докторы, КСРО, шетел ордендері мен медальдарының иегері. Верный (кәзіргі Алматы) қаласында өмірге келген. Республика партия ұйымын ширек ғасыр басқарған ол заманының ұлы саясаткері, экономист, әлеуметтік, ғылым саласына атаулы еңбек сіңірген ірі тұлға. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті.

112. Байсейітова Күләш (1912-1957)

Жасынқызы әйгілі әнші, қоғам қайраткері КСРО халық артисі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Туып өскен жері Қарағанды облысы, Шет ауданы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Бірнеше пьесаларда көрнекті рольдерде ойнаған актер.

113. Төлебаев Мұқан (1913-1960)

Композитор, қоғам қайраткері, КСРО халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Өнұранының авторының бірі. Туған жері Алматы облысы, Бөрлітөбе ауданы, Қарашыған ауылы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Жүзден астам музыкалық шығармалар жазды. «Біржан-Сара» операсын жазды. Қазақстан композиторлар одағы басқармасының төрағасы, мүшесі. Москва консерваториясын бітірген. Оның атасы Тәжібала, нағашысы Апырбай ақын, әнші, күйші болған.

114. Айманов Шәкен (1914-1970)

Әйгілі актер, режиссер. Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО Халық артисі, Туып өскен жері Павлодар облысы Баянауыл ауданы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Көптеген киноға түсірен ірі тұлға. Ол туралы көп айтуға болады.

115. Тілендіұлы Нұрғиса (1925-1998)

Күйші, композитор, дирижер, домбырашы. Туып өскен жері Алматы облысы Іле ауданы, Шилікемер ауылы. Топырақ бұйырған жері Жамбыл кесенесінің іргесі. Ол сал-серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Қазақстанның халық артисі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО Халық артисі, «Халық қаһарманы» Ол 500-ден астам музыкалық туындылар авторы.

116. Мұқатаев Мұқағали (1931-1976)

Сүлейменұлы әйгілі ақын. Туған жері Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Шалкөде ауылы. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Әкесі соғыстан оралмаған Мұқағалидың анасы үш баланы өсіріп өндірген. Жастайынан еңбекке араласқан Мұқағали өлең жазып көбіне бастағасын газеттерге қызметке шақырылады. «Социалистік Қазақстан» (Егеменді Қазақстан) «Мәдениет және тұрмыс» журналында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарады. Мұқағалидың жырлары халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

Күлтегін жазбалары

Біресе ілгері шаптық,
Біресе кейін шаптық
Барған жерінде не игілік шаптық
Қаның судай ақты,
Сүйегің таудай жатты,
Бек ұлдарың құл болды,
Сұлу қыздарың күң болды,
Білмегендігің үшін, жамандығың үшін
(Күлтегін)

117. Назарбаев Нұрсұлтан (1940)

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті. Туып өскен жері Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шомалған ауылы. Кеңес Одағы Жоғары партия мектебін бітірген. Днепродзержинск техучилишесін бітіріп, Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орнын бітірген. Экономика ғылымының докторы, академик. Еңбек жолын Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастаған. Президент болып сайланғанша дүркін-дүркін жоғары қызметтерге көтеріліп отырған. 1991 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті лауазымымен қызметке кірісті. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғары Басқолбасшы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының Төрағасы, Қазақтардың дүние жүзі қауымдастығының төрағасы. Көптеген шет елдердің жоғары ордендері мен медальдарымен марапатталған. Әлемнің аса ірі басшылары мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғашқы басшысы.

Қымбатты оқырмандар, оқушылар, студенттер, ұстаздар мен тек осы «Елтұтқа» және Алматы кітап «Тарихи тұлғалар» деген кітаптарды іздеп жүріп оқу керектігін, республика бойынша болғаны 2 мың, 3 мың дана болып басылып шыққан кітаптың бар екендігін жарнамалау мақсатында ғана әр тұлға жайлы бес-алты сөйлеммен ғана мәлімет бере отырып сол кітаптан өздеріңіз толық оқысын деген сілтеменді ғана кітапқа түсіріп отырмын. Кітап қолына түскен жандардың аз да болса осы кітаптар туралы, кітаптағы тұлғалар туралы аз да болса хабары бола жүрсін толық мәліметті білгілері келсе, кітапханалардан сұрастырып, іздеп жүріп толық мәлімет алса екен деген ниет.

Қайталап айтам «Елтұтқа» авторлары Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғарин, Ақселеу Сейдімбек. Осы үш тұлғаның еңбектері өз алдына бір төбе, олардың еңбектерін тауып оқу оқырманды соларға еліктеуге жетелейтіндігіне күмәнім жоқ. Уақытты жіберіп алмаңыздар. Оқырманға кешірім сұрай отырып, мен бұл тарихи деректі (сілтемені) қазақша оқып жүрген немере, жиендерім үшін көшіруге мәжбүрмін. Осыны кітапқа түсіру парызымыз.

08.08. 2009 жыл.

МАЗМҰНЫ

Тегін адам дарынды болмайды.....	4
Автордан.....	5
Әкенің рухымен сырласу.....	7
Бұла өнердің өрісті жолы.....	11
«Сөз өнерді дертпен тең».....	15
Тілектер.....	16-21
Арандама, алдыңды ойла, ағайын!	21
Бұл не абай, қоқай ма?.....	22
Жүн мен тері – байлықтың көзі.....	24
Жылмен қоштасу.....	26
Президенттің баламасы «Хан» емес пе?.....	29
Ел намысын қорғаған ерді елі де қолдайды.....	31
Кітап оқып, пікірімді білдіремін.....	32
Елім деген ердің аяғынан шалмайық!.....	33
«Әй» дейтін әже бар ма, осы?.....	36
Мәңгілік мекеніміз Ақсайда.....	37
2006 жыл.....	39
Өлең менен өнерді қатар өрген.....	40
Хаттар.....	42-51
Ана жүргінің көгершін жырлары.....	52
Өнер өрге апарады.....	53
Алыстағы Ақсайдан келген хат.....	55
Өлеңдер.....	57-102
Өнер қайраткері	103
Өнерімен өнеге.....	119
Сырым елі – астанамыз Алматыда.....	122
Киіз үй Москвада тігілді.....	126
Талант көзін аша білсек.....	128
Жергілікті ақындардың оқырмандармен кездесуі.....	132
Өлең мен өнерді қатар өрдім.....	134
Тарихи тұлғалар.....	137-163

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

13 (След)

**Мұқабаны безендірген суретші
Нұрбек Жәрдемов.**

Басуға 2010 жылы наурыздың 16 жұлдызында қол қойылды.
Пішімі 23x17. Таралымы 200 дана. Тапсырыс №31.
ГКП «Газета «Бөрлі жаршысы – Бурлинские вести» редакциясы.

00001550361



00001550361
00001550361

